SEIFULLIN UNIVERSITY

«СЕЙФУЛЛИН ОҚУЛАРЫ-18: «ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ – БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «СЕЙФУЛЛИНСКИЕ ЧТЕНИЯ – 18: «МОЛОДЁЖЬ И НАУКА – ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ»

II том, I часть

Нұр-Сұлтан 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «КАЗАХСКИЙ АГРОТЕХНИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. С.СЕЙФУЛЛИНА»

**«СЕЙФУЛЛИН ОҚУЛАРЫ-18: «ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ – БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ**

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

**МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«СЕЙФУЛЛИНСКИЕ ЧТЕНИЯ – 18:
«МОЛОДЁЖЬ И НАУКА – ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ»**

II том, I бөлім

Нұр-Сұлтан 2022

УДК: 631.58:631.544:502.521, 631.52:633/635, 338.436.33:338.439.222:003.292.3,
664:612.39:630*83, 619:001.2, 60:636/639,
ББК: 41.416:40.38:44 (045), 41.31:28.046 (045), 65.32:32.816:4 (045),
65.305.73:30.606:51.287(045), : 48: 72. 4 (045), 46: 45.318: 72. 5В

(12 апреля 2022 года): Сб. материал. Международ. науч. - практич..конф. - Нур-Султан, 2022. - 200 с.

ISBN: 978-601-257-225-4

В сборнике помещены материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения - 18».

Том 2, часть 1 Секции: Актуальные вопросы совершенствования систем земледелия, защиты растений и агроэкологический потенциал почв; Генофонд и селекция сельскохозяйственных культур

ББК: 41.416:40.38:44 (045), 41.31:28.046 (045), 65.32:32.816:4 (045),
65.305.73:30.606:51.287(045), : 48: 72. 4 (045), 46: 45.318: 72. 5В

ISBN: 978-601-257-225-4

© Казахский агротехнический
университет имени С. Сейфуллина, 2022

Секция

ЕГІНШІЛІК ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ, ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚТЫҢ АГРОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИСТЕМ ЗЕМЛЕДЕЛИЯ, ЗАЩИТЫ РАСТЕНИЙ И АГРОЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ПОЧВ

ӘОЖ: 633.31

ЖОҢЫШҚАНЫ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ БОЛАШАҒЫ

Антайбекова А.М., студент
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспарының Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадамның» 61-інде ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту керектігі айтылған. Ет өндірісінде қазақстандық әлеует жоғары, өйткені мал шаруашылығын дамытуға еліміздің табиғи климаттық жағдайлары мол мүмкіндік береді. Яғни, табиғи мүмкіншілік болып табылатын ауқымды мал жайылымы ғана емес, географиялық тұрғыда қолайлы орналасуының арқасында Қазақстан ет экспортында айқын басымдыққа ие бола алады. Осыған байланысты қазіргі уақытта мал азығын өндіруде ішкі нарықты толық қамту мәселелерін шешуде жоғары өнімді дақылдар мен көпжылдық мал азықтық шөптерді кеңінен пайдалану қажет [1].

Қазақстан Республикасында көптеген ауылшаруашылық кәсіпорындарының астық дақылдарымен қоса, мал шаруашылығымен айналысуына байланысты толыққанды мал азықтық базасы қалыптастырылуда. Мұнда мал азығының сапасын, әсіресе, протеин, қант және каротин мөлшерін жоғарылату көзделуді. Көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер пішен, пішендеме, дәрменді шөп ұны және жазғы уақытта жасыл балауса алу үшін өсіріледі. Олар құрамындағы сіңімді протеиннің жоғары мөлшерімен сипатталады. Бұл дақылдар тобының мал азығын өндіруде қуат көзі ретінде ғана емес, мал рационын белокпен және алмастырылмайтын аминқышқылдармен толықтыру үшін де маңызы зор. Бұлардың қатарында республикамызда жоңышқа, эспарцет және түйежоңышқа өсіріледі. Ал Ақмола облысы жағдайында арзан белокты көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптерден, жоңышқа мүмкіншілігі зор дақыл болып есептелінеді.

Біздің республикамызда ғасырлар бойы Жетісу халқымен таңдап алынған және Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында өсірілетін жоңышқа популяциясы алғаш рет 1934 жылы Жетісу жергілікті деп аталатын сорт ретінде рәсімделіп, аудандастырылған болатын. Содан бері халық таңдауының бұл түрі біздің елде, Ресей Федерациясында, Қырғызстанда, Моңғолияда және Өзбекстанда өзінің жалғасын тапты. Жоңышқа (Medicago L. туысы, Leguminosae Iuss.) пөсірушілер арасында француз Ду Пуйден кейін, 1 миллион гектардан астам егіс алқабын алып жатқан дақыл ретінде танымал болды [2].

Көпжылдық шөптерден пішендемеге, сүрлемге брикет және гранул даярлауға болады, сонымен қатар олар жайылымдық дақылдар. Сонымен қатар көпжылдық шөптердің көк балаусасы және пішені жоғары сапалы мал азықтық қасиеттерімен ерекшеленеді.

Көпжылдық шөптер топырақтың су және жел эрозияларын болдырмаудың қуатты құралы. Эрозияға бейім жерлерде, ауыспалы егістіктің 50 % көпжылдық шөптер үлесіне тиеді және көпжылдық шөптер қоректік заттардың тамыр орналасқан қабатынан шайылып кетпеуіне көмектеседі. Тағы бір маңызды артықшылығы көпжылдық шөптер топырақта қарашіріктің жиналуына жағдай жасайды. Қарашірік топырақ қасиеттерін жақсартады. Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер топырақты азотпен байытады. Республикамызда мал азықтық көпжылдық шөптер 2006 жылғы деректер бойынша 23,80 мың гектарды алып жатыр. Соның ішіндегі, кең тараған жоңышқа, эспарцет, түйежоңышқа, еркекшөп, қылтықсыз арпабас және тағы басқалары. Көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер: түйежоңышқа, эспарцет және жоңышқа пішен, пішендеме, дәрменді шөп ұнтағын дайындауға және малға жас күйінде беруге пайдаланылады.

Қазіргі таңда бұл дақылдың ауыл шаруашылығында алатын орнына қарамастан майда және орташа фермерлік шаруашылықтардағы жағдайына байланысты соңғы жылдары ғалымдардың жасалған ауыспалы егістіктеріне қарамастан жоңышқаның егістік алқабы жыл сайын азаюда. Мұндай кері үдеріске ылғал-ресурс үнемдеуіш технологиялардың нашар болуы, материалды-техникалық базаның төмен деңгейі және қаржының жетіспеуі әсер етіп, жасалған ауыспалы егістітер шаруашылықтарға ендіріледі немесе игеруі өте баяу қарқында жүреді. Сондықтан жоңышқа өсірудің рентабельділігін арттыруда материалды-техникалық шығындарды азайту мәселелін зерттеу және өніріске жаңа интенсивті сорттарды енгізу қажеттілігі туындады. Осыған орай Қазақстанның көптеген өңірлерінің топырақ – климаттық жағдайларын ескеретін жоңышқа өсіру агротехникасын жетілдіру өзекті мәселелерінің бірі болып табылады[3,4].

Ғылыми жетекшісі: Дүйсебаева Э.Н., қауымдастырылған профессор, PhD.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 https://adilet.zan.kz

2 Мейірман Ғ.Т. Люцерна / Алматы: «Асыл кітап». – 2012. – 416 с.

3 Гребенников, В.Г. Многолетние травы как фактор сохранения и повышения плодородия каштановых почв /В.Г. Гребенников, Е.Д. Кущ, И.А. Шипилов //Кормопроизводство, 2011. -№2. - С. 16-17.

4 Tanweer K. Progress of Genetic Improvement in Alfalfa (Medicago sativa L.) // Czech J. Genet. Plant Breed. Vol. 54(2), 2018.- P. 41–51.

ӘОЖ: 635.64:632.35(574.51)

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ЖЫЛЫЖАЙДА ӨСІРІЛЕТІН ҚЫЗАНАҚ АУРУЛАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Аскарова Ж.А., студент,
С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Шымкент қаласында жылыжай көлемі жыл сайын артып келеді. Қазірдің өзінде 6 гектарға таман жылыжай кешені іске асырылып, қала жерлерінде жабық кешендердің жалпы аумағы 200 га жетіп отыр. Жоспарда жыл соңына дейін 15 гектар аралығында өнеркәсіптік жылыжай кешенін қосу болып табылады. Осыған байланысты құрылыс кешені қызу жұмыс атқарып жұр [1].

Шаруалар Шымкент қаласының тұрғындарын жыл он екі ай көкөніспен қамтуды жоспарлап жатыр. Алдынғы жылы Шымкент қаласындағы жылыжайлардан 7200 тонна

өнім жинап алынып, одан түскен қаржы көлемі 2,4 млрд теңгеге шықса, осы жылы өнім көлемін 10 мың тоннадан асыруға мақсат қойды.

Шымкент қаласындағы ашық және жабық топырақта өсірілген қызанақ өсімдігі бірнеше жылыжайларда өсіріледі. Қызанақ өндірісі үлкен кешендерден тұрады. Олар: ЖСШ "Sanali Treide", "ЖК Калмуратова", " Арман Агро" ЖСШ, ЖК Казимов К", " Трейд Агро Инвест", " Асар жылыжай өнімдері". Соңғы үлгіде жабдықталған әлеуетті өндірістерге жататын жылыжайларға "Кх Шарипов", "Казагроном", "Кх Ифтихари", "Кх Агро-әлем", "SMG Greenhouse Profit", "Агропарк", "КХ Нуршатемир", "КХ Зауре", "ИП Шындаулетов" жатады.

Соның біріне тоқталсақ, ТОО "SMG Greenhouse Profit" жылыжай комплексі. Ол Шымкент қаласы, Қаратау ауданында орналасқан. Жалпы аумағы 4,25 га құрайды. Оның 2 гектары Түрік технологиясы жылыжайы. Ал 2 гектары Голландиялық технология жылыжайы. Жалпы осы жылыжайдың құрылу мерзімі 2012 басталып, 2016-да аяқталған. Бір жыл ішінде екі рет көкөніс дақылын өсіріп үлгереді. 2020 жылы бұл жылыжай екі рет айналым жасаған. Көктемгі өнім жинағанда Түркиялық жылыжай технологиясы 500 тонна қызанақ алынған. Оны 1 м² есептесек 12,5 кг қызанақ алынды. Голландиялық жылыжайдан 640 тонна қияр шығарылды. Оны 1 м² есептесек 16 кг қияр жиналған. Қызанақтың жалпы ұзындығы 5-6 метрді құраған. Шыққан қызанақ өнімдері Россия мен Қырғызстан елдеріне экспортталған. Қазіргі таңда осы 4,25 га тек қана қызанақ өсіріліп жатыр. 400 тонна Түрік жылыжайынан және 400 тонна Голландиялық жылыжайынан қызанақ өнімі алынады деп жоспарлап отыр.

Қызанақ өсімдігін өсіру кезінде ең бірінші оның сорттарына басты назар аударылуы тиіс. Қызанақ сорттарын таңдағанда ең бірінші оның өнімділігіне, ауруға төзімділігіне, вегетация кезеңіне, морфологиялық ерекшеліктеріне, тасымалдануға ыңғайлығына қараймыз. Оңтүстікте көбінесе умагна, аттия, вернал, рондо, комада, леденза, каланалея, ждалила сынды таңдалынып алынған сорттар өсіріледі.

Умагна сорты - Қазақстанның Оңтүстік аудандарында ашық жерлерде және жылыжайларда көптеп өсіріледі. Ауру қоздығыштарға өте төзімді келеді. Жапырақтары орташа, түсі қою жасыл. Жемістері жалпақ дөңгелек типті, ірі, тығыз болып келеді. Ұяларының саны 4-тен 6-дар аралығында. Жемісінің салмағы 180 грамм. Ашық алқаптағы өнімділігі 4,4 кг/м.ш алады.

Аттия сорты - тамаша дәмі мен тасымалдану барысында керемет төзімділігімен ерекшеленеді. Вегетация кезеңі 105 күн. Төменгі температураға төзімді, жоғары өнімді өсімдік болып есептеледі. Аттия сорты өте төзімді, биіктігі 200-250 см аралығында, түйін аралықтары өте қысқа. Жемісінің түсі ашық қызыл, жылтыр. Құрамында қанттың жоғары болуына байланысты дәмі тәтті. Вертецилезді солу, қызанақ мозайкасы, қола вирусы, фузариозды солу, сұр шірік ауруларға өте төзімді.

Қызанақ дақылын себу кезінде сау, залалданбаған қызанақ өсімдіктерден жиналған тұқымдарды пайдалану міндетті. Қызанақтың 2-3 жылдық сақталған тұқымдарды пайдаланған дұрыс.

Аралас әдістерді қолданып тұқым материалын аурудан залалсыздандыру белгілі бір шаралар тізбегінен тұрады: суға малынған фильтр қағазында тұқымдарды механикалық іріктеу; 70°С температурада 3 тәулік бойы тұқымдарды термиялық өңдеу; тұқымдарды үшнатрийфосфаты (Na3PO4x12H20) немесе калий перманганатымен (KMnCO4) залалсыздандыру; тұқымдарды калий перманганатымен өңдеу.

Қызанақ тұқымын себуден 1-15 күн бұрын, фузариозды солудың алдын алу мақсатында, фундазолмен, 50%, с.п. 1 кг тұқымға 5-6 грамм препарат мөлшерінде міндетті түрде дәрілейді. Жұмыс сұйықтығының шығыны 1-1,5 л/кг. Жас өсімдіктердің өсуі мен дамуы кезінде бұл препараттар фитофторозды, тамыр шірігін, бактериялық, қатерлі ісікі, сабақтың өңезінің некрозын, ақ және сұр шіріктерді басады. 1-3 нақты жапырақ кезеңінен бастап, көшеттерді фитолавиннің, 300 схп, 0,2%-дық жұмыс ерітіндісімен бактериялық солудан өңдейді.

Көшеттерді тұрақты жерге отырғызудан 5 күн бұрын саңырауқұлақ және бактериялық қоздырғыштарға қарсы профилактикалық өңдеуін 0,5% абига-пика вс. 40% ерітіндісімен, немесе 0.4%-дық ХОМа, 86%, с.п. ерітіндісімен өңдеу. Маңызды мәселелердің бірі - инфекцияның жылыжай көшеттеріне енуіне жол бермейтін алдын-алу әдістерінің жүйесін сақтау жатады. Жылыжай көшеттерінде кез-келген аномалияға қарсы өсімдіктерді үнемі іріктеп отыру керек. Қолғаптар мен пышақтар мезгіл-мезгіл 5% NAЗPO4 ерітіндісінде немесе калий перманганатының (KMnO4) ерітіндісінде өңделуі тиіс [2].

Гүлдену кезеңінде-жеміс түзілуінің басталуында, әдетте, саңырауқұлақ және бактериялық аурулардың жаппай көрінісі байқалады, альтернариоз, фитофтороз, қара бактериялық дақ және ақ ұнтақ, сондықтан жүйелі фунгицидтермен өңдеу ұсынылады: квадрис, 25% ск (0,4-0,6 л/га) немесе Сокром, 25% кэ (0,3-0,5 л/га), кейіннен контактілі препараттармен өңдеу (абига-пик, купроксат, манкоцеб, пеникоцеб). Жемістерді салу жане пісіп-жетілу кезеңінде қорғау іс-шараларынада алирин-Б, гамаир типті биологиялық фунгицидтерді норма бойынша 40-60 г/га пайдалану көзделеді. Ауру өсімдіктердің саны 1-2% дан аспайтын қызанақ өсірудің алғашқы кезеңінде ауру өсімдіктерді міндетті түрде іріктеу. Егін жинағаннан кейін өсімдік қалдықтарын мұқият жою, оларды кем дегенде 30 см тереңдікке жырту [3].

Жылыжайда немесе ашық грунттарда өсірілетін қызанақта саңырауқұлақтар, бактериялар және вирустар қоздыратын біраз аурулар таралған. Олардың негізгілеріне мыналар жатады: макроспориоз, фитофтороз, бактериозды теңбіл және вирус қоздыратын стрик жатады және тағыда басқа. Егістік жағдайда макроспориоз аурулары кең таралған болса, жылыжайда өсірілетін қызанақтарда - кладоспориоз, ақ шірік бен альтернариоз жиі кездеседі екен. Бұл дақыл антракноз, ақұнтак, септориоз, филлостиктоз, фомоз сияқты ауруларға да шалдығады екен, бірақ олар көп кездесе бермиді. Бактериялы ісік немесе обыр аурулары карантинді нысанға жатады [4].

Шымкент қаласында ашық және жабық топырақта егілген қызанақ, тәтті бұрыш және баялды алқаптарында қызанақтың қола түсті тоспавирусы және қызанақтың сақиналы теңбелдігінің неповирусы, қызанақтың қоңыр қатпарлы вирусы және пепиноның теңбіл вирусы аурулардың таралуы монироинг жұмыстары 30.09.2021 жылыбасталған болатын

Қызанақ жемісінің вирусына мониторинг зерттеу жұмыстары 02 ақпан күні басталып 30 қыркүйек күні аяқталды. Жоспарланған 80 гектар жердің 79,0 га жылыжайда және 1,0 га ашық егіс алқаптарында, барлығы 80 гектар. Алматы аймақтық карантиндік зерханасына жыл басынан 7 дана сынама жіберілді нәтижесінде вирустық аурулар анықталмады (кесте 1).

Кесте 1 - Шымкент қаласы бойынша қызанақ вирустық аурулардың таралуына арналған 08.09.2021 жылғы қорытынды мәліметі

№	Аудан (қала) атауы	Зерттеу мерзімі		Жоспар	Залалданғаны							
		басталуы	аяқталуы		Қызанақ жемісіні қоңыр қаптарлы вирусы		Қызанақ қола түсті тоспо вирусы		Пепинонның теңбіл вирусы		Қызанақтың сақиналы теңбілдігінің непо вирусы	
					Ашық егіс	Жабық егіс	Ашық егіс	Жабық егіс	Ашық егіс	Жабық егіс	Ашық егіс	Жабық егіс
1	Шымкент қаласы бойынша	02.02.2021	30.09.2021	80	-	-	-	-	-	-	-	-

Демек, зерттеуге алған жылыжай аумағында аталған вирустардың ешбір түрі кездеспеді.

Сонымен қатар Шымкент қаласында кездесетін бірнеше жылыжайларда мониторинг жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Мониторинг нәтижелерінде бірнеше саңырауқұлақ тудыратын аурулар, вирустық аурулар анықталған болатын.

Мониторнг жұмыстары «SMG Green house» жылыжай кешенінде жүргізілген болатын. Жалпа аумағы 2 га құрайды. Умагна сортын өсірілген болатын. Мониториг нәтижесінше бірнеше аурулардің түрлері табылған болатын (2 кесте).

Кесте 2 - Қызанақ ауруларының жылыжайда таралуы

Аурудың атауы	Аурудың анықталған мерзімі	Залалданған мүшесі	Залалдануы индексі	Аурудың таралуы,%
TILCV	25.08.2021	Өсу нүктесі	2 балл	1%
Фитофтороз	25.09.2021	Жемісі	2 балл	3%
Сұр шірік	20.09.2021	Жемісі, сабағы	1 балл	1%
Альтернариоз	1.11.2021	Жапырағы	1 балл	4%

Демек, бұл жылыжай кешенінде TILCV, фитофтороз, сұр шірік, альтернариоз аурулары анықталды.

Ауруларды анықтаған сәттен бірден кешенді күресу шаралары жүргізілуі тиіс. Жылыжайда өсірілетін қызанақ ауруларына қарсы күресу шаралары

Негізгі профилактикалық күресу шараларына:

1. Өсімдік қалдықтарын егістіктен немесе жылыжайдан уақтылы алып тастау керек.

2. Арамшөптермен күресу. Арамшөптер қызанақ ауруларының тасымалдаушысы болуы мүмкін.

3. Жұмыс жабдықтарын, субстратты және жылыжай құрылымын дезинфекциялау, сонымен қатар топырақты булау [5].

4. Ауру өсімдіктерден жиналған қызанақ тұқымын себуге болмайды.

5. Аурулардың пайда болуын болдырмау үшін егу үшін қызанақтың төзімді сорттары мен гибридтерін таңдап, қолданған жөн.

6. Ауыспалы егіске сәйкестік: түнгі көлеңкелі дақылдарды бір жылдан ерте емес, жақсырақ 3-4 жылда бір рет сол жерге қайтаруға болады.

7. Субстраттың бетін пленкамен немесе жабындық материалмен жабу сабақтар мен жемістердің ризоктониясының даму қаупін азайтады.

8. Көшеттерді немесе тұқымдаржы отырғызу күні маңызды.

9. Стандартталған ұрықтандыру өсімдіктердің иммунитетін жақсартуға көмектеседі [6,7].

10. Жылыжайда сіз + 20 ... + 25 ° С ауа температурасын және 80% -дан жоғары емес ылғалдылықты сақтауыңыз керек.

11. Суару үшін тамшылатып суаруды қолдану, өйткені шашырату аурулардың дамуына әкеледі.

Химиялық күресу шаралары. Жылыжайда қызанақ аурулары пайда болысымен күресу шараларын ұйымдастыру керек [8,9]. Оған түрлі фунгицидтер, биопрепараттар қолданамыз (3 кесте)

Кесте 3 - Қызанақ ауруларына қарсы қолданылатын фунгицидтер

Препарат атауы	Аурудың атауы	Жұмсалатын нормасы (кг/га, л/га)
Акробат МЦ, в.г. (диметоморф, 90 г/кг+манкоцеб, 600 г/кг)	Фитофтороз, альтернариоз және дақтардың басқа түрлері	2 кг/га
Луна Экспириенс, к.с. (тебуконазол, 200 г/л+флуопирам, 200 г/л)	Ақ ұнтақ, альтернариоз	0,35-0,75 л/га

Демек, «Тізім» бойынша фунгицидтарды ауруларға қарсы қолданамыз.

Ғылыми жетекші: Есенбекова Г.Т., аға оқытушы, PhD

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 2011 Шымкент қаласы «Нұрдана-LTD» баспасында басылып шыққан кітап. Кітап авторы/құрастырушысы — С. Еркінбекұлы.

2 Чулкина В. А., Торопова Е. Ю., Чулкин Ю. И., Стецов Г. Я. Өсімдіктерді қорғаудың агротехникалық тәсілі. Оқулық құралы. РАШҒА бірінші вицепрезиденті, академик А.Н Каштановтың редакциясы – М.: ИВЦ «Маркетинг», Новосибирск: «Издательство ЮКЭА» ЖШҚ, 2000.-336 бет

3 ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ-ң Түркістан облысы Шымкент қалалық филиалындағы мәліметтер, 2021жыл, 21-25 беттер

4 М. Қойшыбаев, Т.Ж. Қалмақбаев «Ауылшаруашылық дақылдарының аурулары» 137 бет.

5 Ахатов А. К , Саюитова Л.Ш , « Некоторые проблемы защиты растений от тепличный белокрылки» / Защита растений и карантин. С . 30

6 Шарупич В.П « Способ выращевания томатов методом многоярусной гидропоники»

7 Тимченко В.И. Как защитить помидоры от болезней // Защита растений. -1971. - №7. -С.59-60

8 Флетлер Дж.Т. « Борьба с болезнями растений в теплицах» под.пед Н.М Гольшина/ М ., « Агропромиздат» 400 с

9 An overview of the diversity of pathogens causing bacterial spot on tomato and pepper in Bulgaria Bogatzevska, N., Vancheva-Ebben, T., Vasileva, K., Kizheva, Y., Moncheva, P. Bulgarian Journal of Agricultural Science, 2021, 27(1), стр. 137–146

ӘОЖ: 632.488.42:575

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ СЫРДАРИЯ АУДАНЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КҮРІШ ЕГІСТІГІНДЕГІ АУРУЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Атабаева М.Д,. студент
С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қызылорда облысы Сырдария ауданы - облыс орталығынан шамамен 47-48 км қашықтықта жатыр. Аудан аумағын шығыстан батысқа қарай Сырдария өзені кесе

орналасқан. Күріш егістіктеріне су көзі Сырдария өзені мен Шіркейлі каналы арқылы жүзеге асады. Аудандағы егіс алқаптарының 63%-ын күріш егістігі құрайды.

Ауданда әртүрлі күріш сорттары өсіріледі. Олар: Маржан,Сыр сұлуы, АйСауле, Лидер, Янтарь сорттары. Сорт ерекшеліктері де әртүрлі болады.

Ауданда бұл дақылға ең көп залал келтіретін ауру түрі-пирикуляриоз. Белгілі болғандай Оңтүстік Азия елдерінде көп таралған күріш ауруы. Өнімділікті жоғалту орта есеппен 10-20%, ал қатты ауру өршіген уақытта 80%-ға дейін өнімділікті жоғалтамыз [1].

Пирикуляриоздан бөлек тамыр шірігі ауруларының қоздырғыштары да жыл сайын белең алып отыр. Ауру қоздырғышы Alternaria туысының өкілдері. Масақтары мен дән қауыздарының қоңырқай тартуы аурудың айқын белгісі болып есептеледі [2].

Сырдария ауданында тамыр шірігі ауруының қоздырғыштары да күріш алқабына зиян келтіруде. Ауру жалпы тамыр мойны мен масақтарын залалдайды. Тамыр мойнында қараю және түктену байқалады. Ал масақтары дән қауыздары қарайып кетеді [1].

Соңғы жылдардағы шет ел мәліметтеріне сүйенсек,күріш егістігінде түрлі аурулардың пайда болғанын біле аламыз. Ал пирикуляриоз ауруы алғаш рет Қазақстанда Қызылорда облысынан 1998 жылы анықталды [3].

Ауданда таралған күріш сорттарына сипаттама. Маржан сортына сипаттама: Сорт экологиялық жағынан бейімделгіш, қолайсыз жағдайларға және сыртқы факторларға төзімді. Вегетациялық кезеңі 115-118 күнге созылады. Бір масақтағы дән саны-90-100. Өнімділік потенциалы 8,0-9,0 ц/га [4].

Сыр сұлуы сортына сипаттама: Топырақтың тұздануына және егін көгі кезеңінде ауа температурасының төмендеуіне толерантты.Вегетациялық кезеңі 110 күн. Басқа сорттардан ерекшелігі-жоғары темппен шығатын бастапқы егін көгі және біркелкі өнуі. 1000 тұқымның массасы-35-36 г. Бұдан бөлек ауданда Янтарь, Ару, Лидер, АйСауле сорттары өсіріледі [4].

Күріш дақылдарының аурулары. Пирикуляриоз-Deyteromycota класының Монилиялылар қатарына жататын Piricularia oryzae Br. Et Cav. Ауру жапырақтар мен сабақта және сабақ буынаралықтарында қара-қошқыл түсті тез ұлғаятын дақтар пайда болады [5].

Ауданда 2020 жылы пирикуляриоз ауруының белгілері Ақжарма а/о Ақжарма и К ф/қ Қарақасқа участогінде Маржан сортында жапырақтарында шоқ-шоқ болып, байқалды. Оған себеп ауа-райының күндіз ыстық болуы,түнде салқын болуы, жапырақтарда тамшы ылғалдығының ұзақ сақталуы.Сонымен қатар ауруға бейім сорттың егілуінен,азот тыңайтқышының мол болуы,күріштің бір танапқа қайта-қайта егілуі әсерін тигізді. Ал 2021 жылы ауа-райының күрт жылынуы мен ыстық ауа температурасы және су,ылғал мөлшерінің жеткіліксіздігінен пирикуляриоз былтырғыдай таралмады. Жаз бойы 11,0 мың гектар жерге мониторингтік шаралар жасалды. Алайда, ауру белгілері байқалған жоқ[10].

Күріште көп таралған ауру түрі - Альтернариоз. Қоздырғышы – A. Tenuis және A. Oryzae саңырауқұлақтары. Олар масақпен қатар дәнде қара түсті дақтар ретінде байқалады. Өнімділік потенциалын 40%-ға дейін төмендетеді [6]. Ауданда 2021 жылы ЭЗШ-нен аспаған. Күріштің вегетациялық кезеңінде 11,0 мың гектар жер тексерістен өткен. Күріш егістігінің 400 гектары залалданған. Аурудың дамуы 1,0%-ды құраса, таралуы 1,4%-ды құраған. Былтырғы мәлңметтерде альтернариоз дамуы 1,2%, таралуы 2,5%-ға жеткен (кесте 1) [10]. Аурудың таралуы мен дамуына былтыр оптималды ауа-райы болды. Күндіз ауа температурасы жоғары болды, ал түн салқын болған. Сол себепті тамшы ылғал ұзақ уақыт бойы жапырақта сақталып ылғалдылықты жоғарылатты.

Кесте 1 - Күріш дақылынын альтернариоз ауруына қарсы тексерудің қорытынды мәліметі

Шаруашылық атаулары	Тексерілгені	зақымдалғаны							
		барлығы	Таралуы %	Дамуы %	Оның ішінде			ЭЗШ-дан жоғары	өңделген
					нашар	орташа	жоғары		
Мәдіқажы ЖШС	1,4	0,03	0,8	0,5	0,03	-//-	-//-	-//-	-//-
Шаған-жер ЖШС	1,8	0,04	1,0	0,5	0,04	-//-	-//-	-//-	-//-
А.Тоқмағанбетов	0,8	0,02	0,9	0,6	0,02	-//-	-//-	-//-	-//-
Мағжан и К ЖШС	2,0	0,06	1,2	0,9	0,06	-//-	-//-	-//-	-//-
БАҚ ш/қ	0,6	0,04	0,9	0,6	0,04	-//-	-//-	-//-	-//-
Ақжарма и К ф/қ	1,2	0,02	1,5	0,9	0,02	-//-	-//-	-//-	-//-
Ақжарма-1 ш/қ	0,8	0,02	2,0	1,0	0,02	-//-	-//-	-//-	-//-
Ақжарма-2	0,8	0,02	2,3	1,1	0,02	-//-	-//-	-//-	-//-
С.Сейфуллин	0,6	0,03	2,0	1,0	0,03	-//-	-//-	-//-	-//-
ЖерсуАгро ш/қ	0,6	0,02	2,5	1,2	0,02	-//-	-//-	-//-	-//-
Бесарық	0,4	0,02	2,0	0,8	0,02	-//-	-//-	-//-	-//-
филиал бойынша	11,0	0,32	0,8-2,5	0,5- 1,2	0,32	-//-	-//-	-//-	-//-

Тамыр шіріктері де Сырдария ауданында күріш егістіктерінде жыл сайын белең алып отыр. Ауру қоздырғышы Deyteromycota класының Монилиялылар қатарына жататын Fusarium oxysporium саңырауқұлағы. Ауру белгілері өсімдіктің барлық мүшелерінде, ересек және жаңа өскіндердің тамырларында және сабақ буынаралықтарында, дәнек қауыздарының қараюы түрінде байқалады [7]. Ауданда мониторингтік шаралар көктемгі-жазғы және жазғы-күзгі кезеңдерде өтеді. Екі кезеңде де 1,0 мың гектер жер тексерістен өтті. Көктемгі-жазғы кезеңде ерте егілгендері-өсу кезеңі –2-3 жапырақ. Биіктігі-15-20 см. 10 жерден 10 өсімдіктен үлгі алынып ,зертханалық жағдайда зерттелді. Зерттеу нәтижесінде фузариозды тамыр шірігі әлсіз дәрежеде байқалды. Тексерістен өткен 1,0 мың гексар жердің 120 гектарынан анықталып, ауру таралуы 2,2% ға дейін, дамуы 1,4%-ға өсті. Алдыңғы жылмен салыстырғанда таралуы 0,4%, дамуы 0,2%-ға ұлғайған [10].

Фузариозды тамыр шірігінің жазғы-күзгі таралауының қорытынды мәліметтеріне қарағанда зақымдалған егістік көлемі 30 гектарға азайды. Алайда таралуы мен дамуы өзгеріссіз қалды.

Аурулардың таралуы мен дамуын анықтаудан кейін оларға кешенді күресу шаралары жасалуы керек екені белгілі. Экономикалық зияндылық шегінен асқаннан кейін химиялық күресу шаралары жасалса, оған дейін агротехникалық жұмыстар жасалуы тиіс.

Агротехникалық күресу шаралары: ауыспалы егіс жүйесін сақтау, ауруға толерантты сорттарды себу және топырақ өңдеу шаралары. Күріштің ең жақсы алғы дақылдары-көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер болып табылады [8].

Ауыспалы егіс. Сырдария ауданында 8 танапты ауыспалы егіс жүйесі қолданылады. Олар келесідей тізбекте: 1-2 танаптар жоңышқа, 3-4-ші танаптар күріш, 5-ші танап-таза сүр жер, 6-шы танап-мақсары, 7-8 ші танап-күріш. Ұсынымдар бойынша ауыспалы егістіктің 50%-ын күріш алқабына тиісті ету жалпы су шығынының 12%-ын қысқартуға мүмкіндік беретінін дәлелдеген. Егістікте қолайлы алғы дақылдарды пайдалана отырып ауруларды құрта аламыз.

Күріш алқабындағы аурулармен күресу кезінде қоздырғыштардың инфекция көзін анықтап, кейіннен егіс алқабын өсімдік қалдықтарынан тазартамыз. Күріш дақылын себер алдында алғы дақыл жинап алынысымен топырақты дайындаймыз. Сүдігер жұмыстары

ПЛН-5-35, ПЛН-8-35 соқалардың көмегімен жүргізіледі. Аймақта ауру мен арамшөптерді құрту үшін 25 см тереңдікке дейін сүдіргер жыртады. Терең жыртқан жағдайда топырақта қыстаған немесе жерге түскен дәндерде қыстап қалған ауру қоздырғыштарға қолайлы емес жағдай туғыза отырып жоямыз. Тағы бір механикалық шараға келетін болсақ: егіс алқабын өсімдік қалдықтарынан тазарту. Ауру инфекциясының ошағы-өсімдік қалдықтары.

Агротехникалық шаралар басқа шараларға қарағанда арзан және зияндылығы төмен шара болып табылады.

Аурумен күресу кезінде тұқымды дәрілеу жұмыстары тиімді. Тұқымды дәрілеу кезінде пирикуляриоз және тамыр шірігі сияқты инфекциясы тұқымда сақталатын ауруларды жоюда едәуір мүмкіндігі жоғары.

Ауданда 2020 жылдардағы мәліметтер бойынша Ақжарма и К ф/қ-да 150 га жерде пирикуляриоз ауруының ЭЗШ-нен асқан. Залалданған жерлерге химиялық күресу жұмыстары жүргізілді. Аурулармен күресу кезінде химиялық күрес өте тиімді және сенімді(кесте 2).

Кесте 2 - Күріш ауруларына қарсы рұқсат етілген фунгицидтер тізбесі

Препарат атауы	Әсер етуші заты	Бал аралары үшін қауіптілік	Қолдану сипаты	Күту мерзімі
АТЛАНТ, 25% к.э.	тебуконазол, 250 г/л	П-3	Пирикуляриоздың алғашқы белгілері басталғанда	20(2)
БИМ 750, с.п.	трициклазо750 г/кг	П-3	бүрку жұмысы ауру белгілері басталысымен, екінші бүрку 14-21 күннен кейін 0,3-0,4 кг/га	30(2)
КОЛОСАЛЬ, к.э	тебуконазол, 250 г/л,	П-3	Вегетациялық кезеңде 0,75л/га бүрку	30(2)
ИМПАКТ, 25% с.к.	флутриафол, 250 г/л	П-3	Вегетация кезеңінде ауру белгілері байқалғанда 0,75-1,0 л/га бүрку	30(1)
МИНЕЛАТ, 50% в.р.	беномил, 500 г/л	П-3	Вегетация кезінде 2,0л/га бүрку	30(1)

Күріш егістігінде пирикуляриозға қарсы АКАНТО ПЛЮС, суспензиялы концентрант (пикоксистробин, 200 г/л + ципроконазол, 80 г/л) фунгицидтері қолданылды. Енгізу мөлшері 0,6л/га [9].

Пирикуляриоз 2021 жылда аудан бойынша байқалған жоқ. Ылғал мөлшерінің аз болуымен бірге ауа райының ыстық болуы бірден-бір себеп болды.

Күріште егін себер алдында тұқымды дәрілеу шаралары да аурумен күресудің негізгі бөлігі. Ауданда 2021 жылы 2500 кг астық тексеріске алынған. Тұқымда тексеріс барысында фузариоз бен альтернариоздың қоздырғыштары 1-7%-ға дейінгі көрсеткіште анықталды.

Ғылыми жетекші: Есенбекова Г.Т., аға оқытушы,PhD.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 М.Қойшыбаев, Т.Ж.Қалмақбаев. Ауылшаруашылық дақылдарының аурулары. Астана, 2015

2 Карбозова Р.Д, Туленгутова К.Н. Фитопатология. Алматы, 2014ж

3 М.Койшыбаев. Болезни риса в Казахстане, 2013ж

4Научные разработки Казахского научно-исследовательского института рисоводства имени И.Жахаева. Кызылорда, 2021г

5 Зеленский Г.Л. РИС: Биологические основы селекции и агротехники, 2016 г

6 Sartbaeva, I.A., Usenbekov, B.N., Rysbekova, A.B., Akhmetova, D.S., Meldebekova, A.A. Obtaining of Doubled Haploid Lines for Selection of Glutinous Rice | Получение дигаплоидных линий для селекции глютинозного риса. Biotekhnologiya, 2018, 34(2), стр. 26–36

7 Гакгаева Т.Ю., Гаврилова О.П., Левитин М.М., Новожилов К.В. Фузариоз зерновых культур, 2011г

8 Әрінов Қ.К., Мусынов Қ.М., Апушев А.Қ., Серікпаев Н.А., Шестакова Н.А., Арыстанғулов С.С. -Өсімдік шаруашылығы, Алматы, 2011

9 Список пестицидов, разрешенных к применению на территории Республики Казахстана 2013-2022 гг.

10 ҚР АШМ АӨК МИК–нің «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Сырдария аудандық филиалының жылдық есебі. Қызылорда, 2021.

ӘОЖ: 633.853.494 (045)

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА НӨЛДІК ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ЖАЗДЫҚ РАПСТЫҢ ӨНІМДІЛІГІ

Ауғанбай Б.Р., студент
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында. АӨК-ті дамытудың 2030 жылға дейінгі негізгі басымдықтары мыналар болады: өндірісті әртараптандыру және ауыспалы егісті сақтау, бұл рентабельділігі жоғары дақылдарды өндіруге көшуді, егістіктердегі өсімдіктердің түрлік құрамын айқындау бойынша жерді қашықтықтан зондтау технологиясын, сондай-ақ топырақты агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу тәсілдерін қайта қарай отырып, ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру жолымен қамтамасыз етеді. Климаттың өзгеруіне бейімделген, жоғары және тұрақты өнімділігі мен рентабельділігі бар тұрақты қарқынды өсімдік шаруашылығы құрылады [1].

Жаздық рапс - Солтүстік Қазақстанның қуаң өңірлері үшін салыстырмалы түрде жаңа дақыл. Осыған байланысты майлы дақылдар алып жатқан егіс алқаптарының ұлғаю үрдісі байқалады. Майлы дақылдар егіс алқаптарының өсу серпініндегі ең күрт өзгеріс 2009 жылдан басталды. Нәтижесінде 2013 жылы майлы дақылдар алқабы рекордтық көрсеткішке жетті - 1981,5 мың га. Негізгі бөлігі жаздық рапс егістігіне тиесілі. Қазіргі уақытта Қазақстандағы жаздық рапстың егіс көлемі 264,4 мың га құрайды. [2]

Рапсты ауыспалы егіске орналастырған кезде, бұл дақыл топырақ құнарлылығына өте қажет екенін ескеру қажет [3]. Оны крестгүлділерден кейін немесе былтырғы дақылдардың жанында, қант қызылшасынан кейін себуге болмайды [4].

Көпжылдық зерттеулер көрсеткендей, 4-5 жылдан кейін күздік және жаздық рапс пен басқа да қырыққабат дақылдарының ауыспалы егісте қайталануы топырақты жақсартуға мүмкіндік береді, бұл оның қоздырғыштарымен пероноспороз, альтернариоз, фомоз, ақ және сұр шірік, қара мойнақ, цилиндр спороиозы және басқалары [5].

Топырақты өңдеудің нөлдік әдісін және экономикалық орындылықты қолдануға ынталандырады. Бұл, әсіресе, дәстүрлі өсіру үшін техникаға және оған қызмет көрсетуге үлкен қаражат қажет үлкен алаңдардың иелеріне қатысты [6].АҚШ және Канада ғалымдары рапс дақылының толыққанды көшеттері, өсуі мен дамуы дәстүрлі топырақты өңдеу және себу жүйелерімен салыстырғанда нөлдік өңдеуді және тікелей себуді қолданған кезде жақсы болатындығын айтады [7].АҚШ пен Канаданың құрғақ жағдайларында жүргізілген зерттеулер рапс дақылын өсірудің тиімділігі өсіру технологиясының шығындарымен және өнім бағаларымен анықталатынын көрсетті [8].

Соңғы жылдары ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің жаздық рапсқа деген қызығушылығы артып келеді, осыған байланысты ауыспалы егістердің әртүрлі ресурстарды үнемдейтін технологиялардағы рапс өсіру тиімділігіне әсерін зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеу мақсаттары. Ақмола облысы жағдайында танаптық ауыспалы егістің әртүрлі түрлері және нөлдік технология бойынша өсірген кезде жаздық рапстың өнімділігін зерттеу.

Зерттеу әдістемесі. Ғылыми зерттеулер 2021 жылы Ақмола облысының солтүстік бөлігінде орналасқан «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС көп жылдық стационарда танаптық ауыспалы егістердің әртүрлі типтері мен түрлерін зерттеу бойынша ауыспалы егіс зертханасында жүргізілді.

Ауыспалы егіс сызбасы: 3 танапты дәнді ауыспалы егіс: 1 - танап –жаздық рапс; 2 - танап-бидай; 3 - танап-бидай.

Орталық топырағының механикалық құрамы карбонатты оңтүстік қара топырақ болып табылады. Оңтүстіктік қара топырақтардың химиялық құрамы өңдеудің әр түрінде өзгеріп отырады. Мысалы, гумус мөлшері нөлдік өңдеуде топырақтың 0-20 см қабатында 3,7-ден 3,33 пайызға топырақ тереңдеген сайын өзгереді. Гумус топырақ құнарлылығы мен зерттелетін топырақты қалыптастыруда маңызды роль алады. Ол өсімдіктерді азотпен қоректенумен қаситын негізгі көз, онда көптеген элементтер шоғырланған.

Қарашірік егістік қабатында 3,5 - 3,7 пайыз, азоттың жалпы қоры 0,312 - 0,307%, фосфор 0,126 - 0,130 бар. "А. И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" ЖШС метеорологиялық постының деректері бойынша 2021 жыл өте құрғақ болды, әсіресе вегетациялық кезеңнің екінші жартысында.

Зерттеу нәтижелері. Жаздық рапстың өсуі мен дамуының келесі кезеңдері бөлінеді:Көктеу. Жапырақ розеткасы. Сабақ түзілуі, бұтақтану. Бүршіктену. Гүлдену және жеміс қалыптастыру. Тұқымқалыптасуы. Жасыл пісу. Балауыздана пісуі. Толық пісу. Топырақтың температурасы +20С-тан төмен болмауы маңызды. алайда, Рапс қысқа мерзімді аязға төтеп беруге және зақымдалған кезде де өсуді жалғастыруға бейімделген. Сондықтан бүкіл өсу кезеңінде дақылдарды бақылау қажет.

Осыған байланысты тұқым себуден бастап егін жинауға дейінгі кезеңдердің басталуы мен ұзақтығы белгіленді.

2021 жылы рапстың вегетациялық кезеңінде орташа тәуліктік ауа температурасы 1,0-1,2 градусқа дейін немесе одан жоғары болды, ал маусым мен шілде айларында жауын-шашын мөлшері нормадан 21-25 мм төмен болды. Рапстың вегетациялық кезеңінің ұзақтығы 105 күнді құрады.

Біздің тәжірибелерімізде біз тұқымның өнгіштігін анықтадық, далалық өну зерттелген нұсқаларға байланысты өзгергенін анықтадық. Жазғы рапстың 1 шаршы метрдегі өсуі 159 дана.1 гектарға 2,3 миллион өнгіш тұқым себу кезінде бұл көрсеткіш 69,1 пайызды құрады. Егін жинауға арналған өсімдіктердің пайызы танаптық өнгіштікпен бірдей болды.

Сурет 1 – Тәжірибедегі рапс тұқымының далалық өңгіштігі

Рапс тұқымдарының құндылығы олардың құрамындағы май мен ақуыздың көптігімен анықталады.

Дақылда бір ауданнан майдың шығуы көбінесе кірістілік мөлшерімен және аз мөлшердегі тұқымның майлылығымен сипатталды.

Кесте 1 -Рапстың дән өнімділігі мен сапасы туралы мәліметтер

Дақыл	Белок мөлшері, процент	Майлылығы, пайыз	Дәнінің ылғалдылығы, пайыз	Дәнінің ластануы, пайыз	Дәнінің өнімділігі, ц/га
Жаздық рапс	25,2	48,4	14,8	1,2	11,0

Біздің зерттеулерімізде тұқымның май мөлшері 48,4 пайызды, ақуыз мөлшері 25,5 пайызды құрады. Сонымен қатар, егін жиналғаннан кейін үш ауыспалы егісте рапс өсіру кезінде тұқымның ылғалдылығы 14,4-15,1 пайызды, ал қоспалардың құрамы 08-1,8 пайызды, жиналған партияның тазалығы 98,2-99,2 пайызды құрады.

Жаздық рапстың тұқымдық өнімділігін қалыптастыру үшін ең жақсы жағдайлар оны 21 мамырда және 1 гектарға 2,3 миллион өнгіш тұқым себу кезінде қалыптасты, онда 1,1 тонна/га тұқым алынды.

Кесте 2- Жаздық рапстың экономикалық тиімділігі, 2021 жыл

Дақыл	Өнімділік, с 1 га	Ауыспалы егісалаңы 1 га шығындар, теңге	Құны 1т өнім, теңге	Ауыспалы егісалаңының 1 гектарынан түсетін таза кіріс, теңге
Жаздық рапс	11,0	89000	170000	81000

Рапс өсірудің экономикалық тиімділігін есептеу келесідей нәтижелерді көрсетті: 2021 жылы қалыптасқан құрғақшылықты ауа райы мен зерттелген ауыспалы егістікке байланысты 21 мамыр себу мерзімінде 2,3 млн өнгіш тұқым 1 га мөлшерімен себілген нұсқалардан шартты таза пайда мөлшері 81000 тенге алынды.

Жүргізілген зерттеулер негізінде ылғалмен қамтамасыз етілмеген жылдары 1 га-ға 2,3 млн өнгіш тұқым себу нормасымен 21 мамырда үш танапты дәнді ауыспалы егісте рапсты сепкенде вегетациялық кезеңнің ұзақтығы 105 күнді құрады және құрамында 48,4 пайыз майы бар, 11,0 ц/га шегінде таза заласыз тұқымдардың түсімі алынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Концепции развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021 – 2030 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2021 года № 960.

2 Яровой рапс: площади стремительно растут.-www.rapool.kz.

3 Левин И. Ф. Рапс (более сотни вопросов и ответов о рапсе и сурепице), 2009.-83 с.

4 Краснощеков Н. В., Касторной В. Ф., Иващенко С. И. Интенсивная технология рапса ярового корм и семена (редакционно-полиграфическое объединение СО ВАСХНИЛ, ротапринт). – Новосибирск, 1986.

5 Рапс в севообороте Опубликовано 18 Июль 2012

6 Larney F., Janzen H., Smith E. Dryland Agriculture on the Canadian Prairies: Current Issues and Future Challenges. In: Challenges and Strategies for Dryland Agriculture. Madison, Wisconsin, USA, 2004, pp. 113-138.

7 Sherrod L.A., G.A. Peterson, D.G. Westfall, and L.K.Ahuja. 2003. Cropping intensity enhances soil organic carbon and nitrogen in a No-till Agroecosystem. pp. 93-95

8 Johnson L.M. Economic analysis of crop rotation in western Canada. Canadianformeconomics, 1995, Val 13. №5. P. 9-23.

ӘОЖ 677.21:636.087.8 (045)

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БИОТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ МАҚТА ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Ержан А.А., 4 курс студенті
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті., Нұр-Сұлтан қ.

Органикалық егіншілік тақырыбы әлемде өте өзекті-көптеген адамдар экологиялық таза тағамдарды ұнатады. Органикалық ауыл шаруашылығы ондаған жылдар бойы қалыптасқан теріс үрдістерді өзгерте алады және ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына негіз қалайды[1].

Бүкіл әлемде мақта өсіру кезінде көптеген синтетикалық химиялық пестицидтер қолданылады.Органикалық мақта өсірудікөптеген фермерлер қолданады.Зиянкестер шабуыл жасаған жағдайда, әдетте, олармен күресу үшін жергілікті қол жетімді табиғи өнімдер қолданылады [2].

Экологиялық егіншілікті дамыту Мырзашөл даласын өзінің басты ресурстарының бірі – жерді сақтауға мүмкіндік береді.

Органикалық Ауыл шаруашылығын инновациялық даму элементтерінің бірі ретінде қарастыруға болады – нарыққа жаңа тұтынушылық қасиеттері бар өнімдер (органикалық өнімдер) шығарылады. Сонымен қатар, бұл ауылшаруашылық өнімдері нарығын әртараптандыруға әкеледі.Осыған байланысты топырақтағы органикалық заттар қорының өсуін және экологиялық таза мақта өнімін алуды қамтамасыз ететін топырақ процестерін, ең алдымен органикалық құнарлылықты қалпна келтіру туралы мәселе туындайды, өйткені бұл проблема Қазақстанның оңтүстігінде суармалы егіншілікті қарқындату кезінде өте өзекті болып табылады[3].

Органикалық егіншілік негізінде мақта өсірудің инновациялық технологияларын трансферттеу және өндіріске енгізу дақылдың өнімділігі мен топырақтың құнарлылығын арттырады, елдің мақта-тоқыма саласын жоғары сапалы экологиялық таза талшықтармен қамтамасыз ететін болады. Нәтижесінде экологиялық жағдай жақсарады, Түркістан

облысы халқының әлеуметтік-экономикалық деңгейі артады және Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені экономикасының дамуына ықпал етеді, бұл бағдарламаның басым міндеттерін шешуге сөзсіз үлес қосады.

Мақтаның Мақтаарал-4011 жаңа отандық сортын өсіргенде органикалық мақта өнімін өндіру технологиясын жасау, зерттеулер отандық мақта шаруашылығы тарихында бірінші рет өткізіліп отырғандықтан олардың нәтижелері сөзсіз өзекті.

Зерттеулердің негізгі міндеттері: Органикалық-биологиялық тыңайтқыштар салыстырмалы нормаларының топырақтағы органикалық заттардың құрамына және өнімділігіне әсерін зерттеу;

Зерттеу әдістемесі. Стационарлық тәжірибе 3 жылдық жоңышқа қабаты бойынша "Мақта шаруашылығы және бақша шаруашылығы Ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы" ЖШС-нің тәжірибе алаңына ұсақ бөлшектеп салынды. Далалық тәжірибелер мен эксперименттік зерттеулер жалпы қабылданған классикалық әдістермен жүргізілді: эксперимент және байқау. Мақта егетін егістік және вегетациялық тәжірибелер үшін суару жағдайында қабылданған СоюзНИХИ (1981) әдістемесі бойынша далалық эксперименттерді салу әдістемесіне қойылатын барлық әдістемелік талаптар сақталған [4].

1) Бақылау. Мақта өсірудің дәстүрлі технологиясы.- N120 P60;

2) органикалық егіншілік. 10,0 т/га көңді мақтаны негізгі өңдеуге және даму фазалары бойынша биотыңайтқыштармен өңдеуге қолдану;

3) органикалық егіншілік. 15,0 т/га көңді мақтаны негізгі өңдеуге және даму фазалары бойынша биотыңайтқыштармен өңдеуге қолдану;

4) органикалық егіншілік. 20,0 т/га көңді негізгі өңдеуге және мақтаны даму фазалары бойынша биотыңайтқыштармен өңдеуге қолдану.

Тәжірибенің жалпы ауданы 2304 м2; 4 қайталау = 2304 м2.Мақта сорты, отандық Мақтаарал 4011.

"СХОС мақта шаруашылығы және бақша шаруашылығы" ЖШС метеорологиялық станциясының деректері бойынша 2021 жылдың 9 айында орташа ауа температурасы 15,2 ºС құрады, жауын – шашын 97,0 ММ түсті, көпжылдық деректермен салыстырғанда 183,7 мм, 2021 жылы жауын-шашын 86,7 мм аз болды. Жауын-шашын айлар бойынша былайша бөлінеді; неғұрлым ылғалданған айлар болып табылады: қаңтар, ақпан, наурыз-45,5 мм, 30,5 мм, 20,1 мм, тиісінше (кесте 2)

Қаңтар айында жауын-шашын көпжылдық көрсеткішпен салыстырғанда нормадан 13,5 мм-ге көп түсті, яғни Қаңтарда 45,5 мм төмендеді, ал ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларында жауын-шашын сәйкесінше -1,5 мм, -27,9 мм, -38,1 мм, -21,0 ММ төмендеді.

2021 жылдың көктемі (наурыз-сәуір) келесі ерекшеліктермен сипатталды: Наурызда ауаның орташа температурасы көп жылдық көрсеткішпен салыстырғанда 0,8 ºС жоғары болды, ал сәуірде температура керісінше -1,2 ºС төмен болды. Мамыр айында температура орташа көп жылдық нормадан 1,8 БК жоғары болды. Маусымда, шілдеде ауа температурасы орташа көп жылдық норма шегінде 24,5; 26,5 ºС, тиісінше, маусым, шілде айларында жауын-шашын болған жоқ.

2021 жылғы климаттық жағдайлар маусым мен шілде айларындағы күндізгі ауа температурасы 42,7-ден 43,7 ºС-қа дейін жеткенін көрсетеді, бұл өз кезегінде мақта өсімдігін тежеп, бүршіктердің түсуіне әкелді, бірақ соған қарамастан мақтаның бейімделген үлгілеріне сәйкес жоғары өнім алынды. Вегетация кезеңінде айлар бойынша жауын-шашын болған жоқ, бұл мақтаның жақсы өсуіне және дамуына ықпал етті.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, органикалық тыңайтқыштарды топырақтың терең қопсытуымен бірге қолдану жеңіл сероземалардың құнарлылық көрсеткіштерінің өзгеруіне, атап айтқанда қарашіріктің құрамына айтарлықтай әсер етті.

Топырақтың егістік қабатында 0-20 см минералды тыңайтқыштар енгізілген мақта дақылдарында-N120 P60, тәжірибе жинақталған сәттен бастап оның аяқталуына дейінгі

кезеңде гумустың мөлшері азайды. Сонымен, егер вегетацияның басында оның мазмұны 0,780 болса, онда көктемгі және күзгі анықтау кезеңінде оның мазмұны сәйкесінше 0,014 пайызға, 20-40 см көкжиекте 0,014 пайызға, 40-60 см-де 0,006 пайызға азайды. Яғни, минералды тыңайтқыштарды қолдану жағдайында мақта өсіру (абсолютті бақылау) топырақтың органикалық заттарының белсенді минералдануына және оның құрамының төмендеуіне әкеледі.

Органикалық тыңайтқыштарды 15 т / га есебімен енгізген кезде, сондай-ақ 0-60 см топырақ қабатында қарашіріктің көп мөлшері табылды, көктемде ол 0,680 пайызды және күзде 0,674 пайызды құрады, бұл бақылаумен салыстырғанда 5,5 пайызға және 6,3 пайызға артық.

0-60 см қабаттағы гумустың ең жоғары мөлшері 4 нұсқада табылды, онда 20 т/га мөлшерінде топырақты қопсытатын органикалық тыңайтқыштар енгізілді, оның құрамы көктемде 0,686 пайыз және күзде 0,675 пайыз құрады, бұл бақылаумен салыстырғанда 6,4 пайыз және 6,5 пайызға көп (сурет 3).



Сурет 1 -Қарашіріктің орташа құрамы, қабатында 0-60см,%

Мақта өнімділігі

Ғалымдардың көптеген зерттеулері мен алдыңғы қатарлы фермалардың тәжірибесі тыңайтқыштардың топырақ-климаттық жағдайларға және ауылшаруашылық жүйесіне қарамастан өсірілетін дақылдардың өнімділігіне оң әсерін дәлелдеді.

Минералды тыңайтқыштарды пайдалану кезінде N120P60нормада, жалпы қабылданған агротехника бойынша мақта егудің дәстүрлі технологиясы кезінде мақта өнімділігі орташа алғанда 26,0 ц/га алынды.

Мақта өсіру шарттары, атап айтқанда органикалық тыңайтқыштарды қолдану, топырақты қопсыту өсу мен даму процестеріне әсер етті және шитті мақтадан тиісті өнім алуды қамтамасыз етті.

2 нұсқада топырақты негізгі өңдеу кезінде органикалық тыңайтқыштарды енгізу кезінде нормада 10,0 т/га, Мақтаарал 4011 мақтаның отандық сортының өнімділігі орта есеппен 28,4 ц/га алынды, бұл мақта өсірудің дәстүрлі технологиясына қарағанда 2,4 ц / га – ға артық.

Органикалық тыңайтқыштарды 15 т/га дозада енгізген кезде мақта өнімділігінің артуы дұрыс анықталды, онда мақтаның өнімділігі – 29,1 ц/га құрады және бақылаумен салыстырғанда егіннің 3,1 ц/га ұлғаюын қамтамасыз етті (5-сурет).



Сурет 2 - Мақта өнімділігі

Зерттеулердің нәтижелері бойынша мақта өнімділігі бойынша ең жоғары нәтиже органикалық тыңайтқыштарды 20,0 т/га және биологиялық тыңайтқыштарды ЖГУ-3,0 л/га, Б-«ENERGY»-6,0 л/га и «ElLDORost»-0,200 л/га мөлшерінде енгізген нұсқада табылды, мақтаның орташа өнімділігі 30,2 ц/га құрады, бұл мақта өсірудің дәстүрлі технологиясымен салыстырғанда 4,2 ц/га артық.

Ғылыми жетекші: Қ.М.Мұсынов, а.ш.ғ.докторы, профессор

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған 5 тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 Қаулысы.

2 John J., Diallo G. Organic cotton at Koussanar, Eastern Senegal in: Baier A., Hammer J – Back to the roots: The farmers perspective on organic cotton production and marketing, PAN Germany, Hamburg. 2005.

3 Проект «Органическое сельское хозяйство новые возможности. Система и практики ответственного землепользования, устойчивого развития сельских территорий» Россия. 2021 год.

4 Имамалиев А.И. Методика полевых и вегетационных опытов с хлопчатником. – Ташкент: СоюзНИХИ, 1981. – 225 с.

ӘОЖ: 632.76

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА КАРТОПТА КОЛОРОД ҚОҢЫЗЫНЫҢТАРАЛУЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Әбділдина К.Т.,студент
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Халық арасында «Нан-астық атасы, картоп анасы», «Картоп-нанға қосымша» немесе «Картоп-нанға үнем». Шындығында, картоп - жан-жақты пайдаланылатын маңызды ауыл шаруашылығы дақылы. Картоптың түйнегі, ең алдымен, тағамға кәдімгі және әртүрде

қолданылады. Бір килограмм түйнек 840 калорияға дейін және адамның тәуліктік рационында айтарлықтай орын алады, сондықтан оны заңды түрде “екінші нан” деп атайды[1].

Картоптың биологиялық құндылығы -84-85% болады. Біздің елімізде тағам, тігін, қағаз және басқа өнеркәсіп салаларына қажетті крахмал өндірісінің негізгі шикізаты болып табылады. Одан спирт, глюкоза, декстрин, көмір қышқылын ж.б. өндіреді. Құрамында 17% крахмалы бар бір тонна түйнектен орта есеппен 112 л спирт, 55 кг сұйық көмір қышқылын, 39 кг сивуш майын немесе 170 кг крахмал мен 100кг картоп ұнын немесе 80 кг глюкоза мен 65кг гидрол өндіруге болады [2].

Қазіргі кезеңде картоп барлық континенттерде өсіріледі, жалпы егіс аумағы шамамен 23,0 млн. га тең. ТМД елдеріндегі жалпы картоп түсімі бүкіл дүниежүзілік өндірістің үштен бірін қамтиды (негізгі өндірушілер Ресей Федерациясы, Украина, Белорусь, Балтық бойы елдері, Қазақстан ж.б.) [3].

Картоп зиянкестерінің бірі - колорад қоңызы. Колорадо қоңызы (лат. Leptinotarsa decemlineata) – қатты қанаттылар сабының жапырақ жегілер тұқымдасына жататын қоңыз. Картоп және т.б. алқа тұқымдас өсімдіктердің зиянкесі. Колорадо қоңызы 1859 жылы Колорадо штатының (Солтстік Америка) картоп алқаптарында кездесе бастаған және осыған байланысты аталған. Солтүстік және Орталық Америкада, Түркияда, Батыс Африкада және Еуропаның (Ұлыбритания мен Скандинавия елдерінен басқа) көптеген елдеріне тараған. Бұрынғы КСРО республикаларында 1949 жылдан белгілі бола бастаған. Сол кезден бастап Орал тауы арқылы шығысқа қарай, оның ішінде Қазақстанның батыс, солтүстік, оңтүстік-шығысына, оңтүстігінде таралған[4].

Қазіргі таңда колорадо қоңызы Қазақстанның аса қауіпты зиянды ағзалар тізіміне енгізілген. Аса қауіпті тізіміне кіретін зиянды ағзаларға қарсы мемлекет жыл сайын қаржы бөледі. 1-2 кестелерде Қостанай облысы аудандарында ауыл шаруашылық тәжірибе станциясында 2020-2021 жылдары картоп егістігінде колорадо қоңызы таралуы көрсетілген. Осы мәліметтерді көрсету үшін Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығында жыл сайынғы мониторинг жұмыстары жасалды.Қостанай облысы аудандарында колорадо қоңыздарының қыстап шыққан жағдайын анықтау үшін, алқа тұқымдас арамшөптерде және былтыр егілген картоп алқаптарда систематикалық бақылау жұмыстары жүргізіліп, қыстық орындарынан шыққан соң көктемгі мониторингтік тексеру жұмыстары жүргізілді.

Кесте 1 - Қостанай облысы аудандарында колорад қоңызының қыстап шығуына жүргізілген көктемгі тексеру, мың га (2020-2021ж.ж.)

Тексеру жүргізілген жыл	Тексеру жүргізген жер көлемі	Қоныстануы				
		Барлығы	Оның ішінде 1 м² жердегі саны			
			1 дейін	3 дейін	5 дейін	5 жоғары
2019	0,05	0,02	0,013	0,007	-	-
2020	0,05	0,015	0,009	0,006	-	-
Орташа	0,05	0,0175	0,011	0,0065	-	-

Судың иісі мен дәмінің болуы оның құрамында газдардың, минералды тұздардың, органикалық заттардың, мұнай өнімдерінің, микроағзалардың баршылығын білдіреді. Температура жоғарылаған сайын судың иісі мен дәмі де ұлғаяды. Ішу үшін пайдаланылатын су 60оС температура кезінде 2 баллдан артық бағаға ие болмауы қажет.

Судың түсі – суды түрлі түске бояу. Бұл судың құрамында нормадан жоғары топырақтық сипаттағы жоғарғы молекулярлық қосылыстардың, коллоидтық формадағы темірдің бар болуын, ағынды сулардың лайлылығын көрсетеді. Судың түсі стандарттық платинокобальттық шкала бойынша 200-тан аспау керек.

Судың лайлылығы – керісінше мөлдірлік. Судағы өлшенген бөлшектердің болуына тәуелді. Лай суды ауыз суымен қамтамасыз етуде пайдалануға болмайды.

Химиялық көрсеткіштер. Сутектік көрсеткіш рН – судағы сутекті иондардың концентрациясының көрсеткіші. Оның мөлшері су ортасының фонын көрсетеді: қышқылдықтан сілтілікке дейін. Ауыз суы үшін рН мөлшері 6-дан 9-ға дейін болуы қажет. рН мөлшерінің өзгерісі су дайындаудың технологиялық режимінің бұзылғандығы туралы сигнал болуы керек.

Ауыз суды залалсыздандырудың ең тиімді әдісі- ультракүлгін сәулелеу әдісі. Зарарсыздандырудың физикалық әдістерінен өңдеудің ультракүлгін әдісі ең көп қолданылып келеді. Ультракүлгін (УК) деп көрінетін күлгін жарыққа қарамағанда көбірек энергиясы бар электромагнитті толқындар спектрының көзге көрінбейтін бөлігін атайды.

Қазіргі кезде әлемдік тәжірибеде хлорлау процесін УК сәулелену процесімен толығымен немесе бөліктеп ауыстыру тенденциясына көшу байқалып жатыр.

Белгілі болғандай, УК сәулелену әдісі хлорға қарағанда вирустарға өте тиімдірек әсер етеді. Тағы да айтатын кететін жайт, ауыз су сапасын дайындау барысында УК сәулесімен залалсыздандыру көбіне дәстүрлі әдіс – хлормен салыстырғанда, А гепатит вирусымен оңай күреседі.

Микроағзалар орналасқан бастапқы орта (су) УК тиімділігіне айтарлықтай әсерін тигізеді, себебі қоспалар УК сәулелерді жұту мүмкін.

Кестеден көріп отырғанымыздай, хлорлаудан кейінгі жалпы микроб саны біршама азайды.

Ауыз суды залалсыздандырудың әдісі УК сәулеленудің көптеген оң әсерлеріне қарамастан, судың жоғары лайлығы мен түстілігі және темірдің тұздылығы УК сәулелердің бактерицидті әсерін азайтады. Сондықтан УК сәулесімен суды залалсыздандыруда көбіне құрамы 0,3 мг/л темір болатын жер асты су көздерінен алынған су ғана жарамды.

Қажеттілігіне қарай жер үсті және жер асты суларынан алынған су УК сәулесімен залалсыздандыруда ашықтандыру, темірсіздендіру сияқты алғашқы тазартулардан өту қажет. УК залалсыздандыру әдісі судың химиялық құрамы мен органолептикалық сапасын өзгретпейді. Әдістің артықшылығы болып залалсыздандырудың жылдамдығы (бірнеше секунд) және ультракүлгін сәулелерді пайдалану кезіндегі иіс пен дәмнің болмауы табылады [4].

Сәулелер тек сәулеленуден кейін 1-2 минутта өлетін патогенді бактериялардың вегетативті формаларына ғана кері әсерін тигізіп қоймай, сонымен қатар хлорға төзімді споралар, вирустар және гельминтер жұмыртқаларына да әсер етеді. Көптеген зерттеулердің көрсетуі бойынша УК сәулелендіру кезінде тіпті нормадан асқан дозаны пайдаланғанның өзінде еш зиянды әсерлер байқалмаған. Сәйкесінше, хлорлау және озондау технологиясына қарағанда, УК сәулеленуден дозаның артып кетуі деген кездеспейді. Сонымен қатар, келесідей мәлімет те бар, егер УК сәулеленудің дозасы дұрыс алынса, ондай жағдайда микроағзалардың белсенділігі байқалмайды, бұл жағдай УК ары қарайғы хлор дозасын қолданусыз пайдалануға мүмкіндік береді.

Артықшылықтары:

- УК-сәулелер тек вегетативті ғана емес, спора түзуші бактерияларды да жояды.
- өңделетін судың физико-химиялық құрамы өзгермейді.
- сәуле дозасының жоғарғы шегі бойынша шектеулер жоқ.
- қосалқы өнімдер жоқ.

Кемшіліктері:

- жеткілікті түрде мөлдір емес суды (лайлануы, түсі) өңдеу кезінде тиімділіктің төмендеуі.
- лайланған және қатты суды өңдеу кезінде жүйені мезгіл-мезгіл тазалау қажет.
- бактерицидтік әсердің қысқа уақыт әсер етуі, яғни судың құбырлар жүйесінде қосымша ластануы мүмкін [2].

Біз күнделікті тұрмыста ішіп жүрген ауыз суымызда хлордың мөлшері көп болғандықтан адам денсаулығына қаупі бар, сондықтан халықты таза ауыз суымен қамтамасыз ету үшін суды УК сәулесі арқылы тазартып тұтынуымыз керек.

Судың құрамындағы хлор қауіпті бактериялогиялық ластардан қауіпсіздендіреді, бірақ хлорланған ауыз суы ғалымдар дәлелдегендей бауыр, қуық, асқазан ісіктерін, аллергиялық аурулар туындатады. Хлор тағы да біздің ағзамыздағы ақуыздарды бұзып, тері мен шашқа жағымсыз әсер етеді. Жазғы кезеңде, микроағзалар жылдам, қарқынды көбейетін шақта су көбірек хлорланады, осы кезде адам денсаулығына қауіп күшейеді. Сондықтан су құрамындағы хлорды азайтып пайдалану үшін суды УК сәулесімен залалсыздандыруды ұсынып отырмыз[3].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 ҚР Қоршаған ортаны қорғау статистикалық жинағы 2016-2020 жж.

2 Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламенті 044/2017 «Табиғи минералды суды қоса алғанда, қапталған ауыз судың қауіпсіздігі туралы»

3 Panghal A., Chhikara N. et al. Role of Food Safety Management Systems in safe food production: A review // J. Food Saf. – 2018. – Vol. 38. – P. 1-11.

4 Пугачев С.В. Изменения необходимы // Стандарты и качество. 2005 г. №7.

5 Асқарова Ұ.Б. «Экология және қоршаған ортаны қорғау». Алматы. Заң әдебиеті 2004ж., 90 б.

6 Николадзе Г.И., Минц Д.М., Кастальский А.А., «Подготовка воды для питьевого и промышленного водоснабжения» Москва: Высшая школа 1984г., 368 б.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр Нұрланқызы Ж.

№ӘОЖ 619:614.3

SOLANACEAE ТҰҚЫМДАСЫ ТҮРЛЕРІНДЕГІ НИТРАТТЫҢ МӨЛШЕРІ

Мухтар С., 1 курс студенті
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр Сұлтан қ.

Нитраттар - азот қышқылының тұздары, тірі организмдердің зат алмасу процестерінің табиғи қатысушылары. Нитраттар біздің денемізге еніп, нитриттерге айналады, бұл өз кезегінде гипоксияға (оттегі ашығуына) және онкологиялық ісіктердің пайда болу қаупіне әкеледі. Артық нитраттар жүрек-тамыр жүйесіне, есту және көру органдарына әсер етеді, әсіресе жүкті, бала емізетін және жас балалар үшін қауіпті[1].

Нитраттардың аз мөлшері барлық көкөністер мен жемістерде кездеседі, өйткені бұл тұздар табиғи процестердің нәтижесінде (мысалы, өсімдік қалдықтары шіріген кезде) топырақта түзіледі, олар табиғаттағы азот айналымына қатысады. Арзан болуына орай, өнімділікті арттыру үшін нитраттар дүние жүзінде ең көп қолданылатын минералды тыңайтқыштар болып табылады. Бірақ адамдар үшін қауіпті жейтін көкөністерде нитраттардың болуы фактісі емес, олардың шамадан тыс мөлшері екені анық[2-3].Айта кету керек, азот қышқылының тұздары барлық көкөніс дақылдарында кездеседі, бірақ дақылдардың ықтимал концентрацияларда нитраттарды жинақтау қабілеті әртүрлі. Олардың көпшілігі біздің ең танымал көкөністер мен жемістерде жиналады. Сондықтан тұрғылықты аймаққа байланысты маусымдық көкөністер мен жемістерді сатып алу өте маңызды[4]. Нитраттардың мөлшерін көкөністер мен жемістерді сыртқы түрі бойынша анықтау мүмкін емес. Мұны тек аккредиттелген зертханада арнайы құрылғы арқылы жасауға болады. Сол себепті біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты:Алқа (Solanaceae) тұқымдасы түрлеріндегі нитраттың мөлшері тексере отырып, ластану дәрежесін анықтау:1. Нұр - Сұлтан қаласының жылыжайларында өскен алқа тұқымдасы түрлерінің құрамындағы нитраттың мөлшерін анықтау; 2. Әртүрлі экологиялық жағдайда өсірілген қызанақ түрлерінің құрамындағы нитраттың мөлшерін салыстыру болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде Solanaceae тұқымдасының картоп, баялды, тәтті бұрыш, жартылай ашы бұрыш, ашы бұрыш түрлері алынды. Көкөністердің құрамындағы нитраты анықтауда СОЭКС-01М дозиметрімен өлшенді (1- сурет).

Сурет 1- Көкөністердің құрамындағы нитратын өлшеу анықтау

Алқа тұқымдастарының құрамындағы нитраттың мөлшері келесідей екені анықталды (2- сурет).

Сурет 2 - *Solanaceae* тұқымдасының түрлері

Картоптағы нитрат мөлшері 178 мг/кг құрайды, рұқсат етілген шектік мөлшері 250 мг/кг, қызанақтағы құрамында 113 мг/кг құрайды, 150 мг/кг.Баклажандағы нитрат мөлшері 40 мг/кг құрайды, максималды болу керек шегі 300 мг/кг екенін ескеретін болсақ. (3 -сурет).



Сурет 3 - Алқа тұқымдасы түрлерінің құрамындағы нитраттың мөлшерін салыстыру

Бұрыштарда құрамында нитрат мөлшері максималды болу керек шегі 200 мг/кг болса, тәтті бұрыш құрамындағы 49 мг/кг, жартылай ащы бұрышта 25 мг/кг және ащы бұрыш құрамындағы 70 мг/кг екендігі анықталды.

Көкөністердегі нитраттардың мөлшерін сыртқы түрі бойынша анықтау мүмкін емес. Сатып алынған көкөністерді пайдалану кезінде көкөністерді өз маусымында сатып алу, жуып,тазалау және суда жібітіп тұздау сияқты бірнеше қарапайым ережелерді сақтау арқылы нитраттардан қорғануға болады. Жалпы, әртүрлі экологиялық жағдайда өсірілген қызанақ түрлерінің құрамындағы нитраттың мөлшері бойынша ауыр металдардың өсімдік бойында жинақталуы - өсімдік түріне, сортына, элементтің физикалық және химиялық қасиетіне байланысты болады. Зерттеушілердің мәліметтері бойынша кадмийдің топырақ-өсімдік жүйесінде қасиетінің өзгеше екендігі айқындалған және біздің зерттеу жұмысымыз осының дәлелі бола алады (4 -сурет).



Сурет 4 - Әртүрлі жағдайда өскен қызанақ түрлері

Сонымен, әртүрлі жағдайда өскен қызанақтардың өздеріңіз көріп отырғандай сыртқы пішіндері, түсі әртүрлі болатындығын анық байқауға болады.Олардың бір-бірінен мұндай өзгешелік көрсетуіне тұқымға берілген жылуы, тыңайтқыш мөлшері және бірнеше сыртқы факторлар әсер етеді.

Кесте 1. Әртүрлі экологиялық жағдайда өсірілген қызанақ түрлерінің құрамындағы нитраттың мөлшері

Р/С	Қызанақтар әкелінген	Нитраттың мөлшері,мг/кг	Рұқсат етілген шекті мөлшері, мг/кг
1.	Алматы, жергілікті	147	150
2.	Алматы, жылыжай	132	
3.	Алматы, «Черри черный принц»	143	
4.	Алматы, «Черри»	130	
5.	Нұр-Сұлтан, жергілікті	113	
6.	Нұр-Сұлтан, жылыжай	121/ 300	
7.	Оңтүстік Қазақстан, Сарыағаш	117	
8.	Өзбекстан, Ташкент	103	

Дозиметріде берілген нитраттың шекті рұқсат етілген концентрациясы бойынша зерттелген қызанақ сорттарының мөлшері анықталған болатын (кесте1 , сурет 5).

Нитратының ең көп мөлшері Алматыныңжергілікті қызанақ сорты болып табылады. Аталған сорттағы нитрат мөлшері 147 мг/кг құрайды. Алматы, «Черри черный принц» қызанақ сортының құрамындағы 143 мг/кг, бұл көрсеткіш, басқа қызанақтармен

салыстырғанда жоғары, яғни рұқсат етілген мөлшері 150 мг/кг шамалас. Алматы қаласының жеткізілген қызанақ құрамында шамалас жылыжай қызанағында 132 мг/кг болса, «Черри» қызанақ сортында 130 мг/кг. Нұр-Сұлтан,жылыжай сортының құрамындағы 121-130 мг/кг аралығында,жергілікті сорта 113 мг/кг Оңтүстік Қазақстан, Сарыағаш сортында 117 мг/кг болды. Өзбекстаннан жеткізілген Ташкент қызанақ сорты бойынша нитрат мөлшері 103 мг/кг құрады.



Сурет 5 - Қызанақ сорттары құрамындағы нитрат көрсеткіштері

Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша барлық зерттелген Solanaceae тұқымдасының картоп, қызанақ, баялды, бұрыш түрлері үлгілерінде нитраттардың төмендігімен сипатталады. Зерттелген көкөніс түрлері нитраттың мөлшері аз болуына байланысты, күнделікті қолдануға өңдеусіз ұсынылады деген шешім жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Fredeen A. L., Griffin K., Field C. B. Effects of light quantity and quality and soil nitrogen status on nitrate reductase activity in rainforest species of the genus Piper //Oecologia. – 1991. – T. 86. – №. 3. – C. 441-446.

2 Khorasani H. et al. Assessment of the impacts of sewerage network on groundwater quantity and nitrate contamination: Case study of Tehran //World Environmental and Water Resources Congress 2020: Groundwater, Sustainability, Hydro-Climate/Climate Change, and Environmental Engineering. – Reston, VA : American Society of Civil Engineers, 2020. – C. 53-66.

3 Heins B., Schenk M. Nitrogen: Root growth and nitrate uptake of vegetable crops //Journal of plant nutrition. – 1987. – T. 10. – №. 9-16. – C. 1743-1751.

4 Power J. F., Wiese R., Flowerday D. Managing farming systems for nitrate control: A research review from management systems evaluation areas //Journal of environmental quality. – 2001. – T. 30. – №. 6. – C. 1866-1880.

Жетекшісі: аға оқытушы, PhD Избастина К.С.

ӘОЖ 634.1.076:579.24

ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ИМПОРТТЫҚ АЛМА СОРТТАРЫНЫҢ САПАСЫН САРАПТАУ

Орынова Т., 2 курс студенті
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазіргі таңда әлемде өнімнің сапасы маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Жемістер арасында тұрмыстық тамақтануда жыл бойы ең көп тұтынатын өнім - алма. Тұтынушылардың жаңа алма сорттарына сұранысының артуы жыл бойы өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін жақсарту жолдарын іздеуге мәжбүрлейді[1-2]. Бүгінгі таңда, ғылымның алдында қарқынды алма бақтарын өсіруде заманауи талаптарға жауап беретін жоғары сапалы, өнімді және тез пісетін алма сорттарын таңдау міндеті тұр. Барлық жемістер арасында алма тасымалдауға да сақтауға жарамды, дәрумендерге бай жеміс екенін білеміз. Сондықтан, оның пайдалылығы: көмірсулардың, ақуыздардың, майлардың, витаминдер мен минералды тұздар құрамы, арақатынасы мен сіңімділігімен қандай екенін білу өте маңызды. Олар физикалық және органолептикалық көрсеткіштермен, тамақтанудың негізгі компоненттері мен биологиялық белсенді заттарымен бағаланады. Алманың сапасын жақсарту үшін оны құрайтын көрсеткіштерді анықтау қажет[3-4]. Сондықтан зерттеу жұмысының мақсаты – Нұр-Сұлтан қаласының бөлшек сауда желісінде сатылатын алма сорттарының сапасын бағалау. Мақсатқа жету жолында 1. Жергілікті және импорттық алма сорттарының сапасын бағалау; 2. Алма шырыны құрамындағы көмірсулар концентрациясы мен С дәруменін анықтау; 3. Алма жемістерінің нитрат деңгейі мен радиоактивтілігін тексеру міндеттері қойылған болатын.

Зерттеу нысаны ретінде Нұр-Сұлтан қаласының бөлшек сауда желісінен 8 түрлі «Апорт» Алматы (Қазақстан), «Семеренко» № 1- Кишинев (Молдова), «Польские» Варшава (Польша), «Лимонка» Алматы (Қазақстан), «Айдаред» Алматы (Қазақстан), «Брызги шампанского» Бішкек (Қырғызстан), «Семеренко» №2- Бішкек (Қырғызстан), «Гала» Алматы (Қазақстан) алма сорттары таңдалынып алынды (1 сурет).

Сурет 1 - Нұр-Сұлтан қаласының бөлшек сауда желісіндегі алма сорттары

Алма сорттарының сапасы, құрамындағы заттар, С дәрумені мен нитраттың мөлшерін анықтау үшін ақпаратты алу қасиеті: оргонолептикалық көрсеткіштер мен өлшеу әдісі[5-6] бойынша ақпаратты алу көзі: дәстүрлі зертханалық және сарапшылық әдістері арқылы жүргізілді. Алма шырынының құрамындағы шекерлігі қолды оптикалық рефрактометр (Master 53 alpha), ал нитрат және радиоактивті сәулелердің мөлшерін анықтау үшін «СОЭКС» Экотестер 2 пайдаланылды (2 сурет).

Сурет 2 - Алма сорттарын зерттеу әдістері

2021 жылдың қыркүйек айында Нұр-Сұлтан қаласының сауда үйлеріндегі сатып алынған 8 алма сорттарын әртүрлі көрсеткіштер бойынша сапасына зерттеу жүргізілді. Сыртқы түрі жаңа піскен жемістердің күрделі көрсеткіштеріне:балғындық, тұтастық, түс, пішін, бетінің күйі, жетілу сапасыжатады. Сапасын визуальды бағалау бойынша алма жемістері бүтін, таза, тұтас болды, сырқы бетінде дақтар, ауру белгілері және шірік немесе көгеру белгілері анықталмады.Органолептикалық бағалау бойынша алма үлгілеріниңдәмі мен иісі тексерілді және оларға 1-10 ұпайға дейін қойылды. Сапа белгілерінің нәтижелері 1–ші кестеде көрсетілген:

1-Кесте. Алма сорттарының органолептикалық және физикалық көрсеткіштері

Сорттары	Түсі мен пішіні	Сыртқы түрі	Иісі	Дәмі
Апорт	Қою қызыл, улкен емес	Қатты	10\9	10\5, тұтқыр дәмі бар
Семеренко,№ 1	Жасыл түсті, кішкентай	Жұмсақ	10\4	10\3, аса дәмді емес
Польские	Сары қызыл, орташа	Жұмсақ	10\6	10\5, орташа дәмді
Лимонка	Сары, орташа	Жұмсақ	10\3	0\5, орташа дәмді
Айдаред	Қызыл, улкен	Жұмсақ	0\5	10\5, қышқылдау
Брызги шампанского	Сарғылт қызыл жолақты,өте үлкен	Өте жұмсақ	10\7	10\6, тәтті
Семеренко, №2	Жасыл, кішкентай	Қатты	10\5	10\4, қышқыл дәмді
Гала	Ашық кызыл, өте кішкентай	Жұмсақ	10\2	10\2, дәмсіз

Биіктігі мен ені бойынша ең жоғары көрсеткіш «Брызги шампанского» сортына, ал ең төмен көрсеткіш «Гала» алмасына тиесілі.Концентрациясы бойынша «Апорт» және «Семеренко» қатты, «Брызги шампанского» сорты өте жұмсақ, қалған 5 сорттардың жұмсақтығы орташа болды. Иісін бағалау кезіндеберілген балдық көрсеткіштер бойынша 10 баллдан 9 балл жинаған «Апорт» алмасының иісі өте керемет, «Польские», «Брызги шампанского», «Семеренко» және «Айдаред» сорттарының орташа иісі байқалды. «Семеренко», «Лимонка» 10 баллдан 4 балл жинады, алма сорттарының ішінде иісі мүлдем байқалмаған «Гала» сорты болды.

Аналитикалық зерттеу жұмыстары кафедра зертханасында стандартты әдістер бойынша жүргізілді. Таңдалып алынған алма жемістерінің құрамындағы сахарозаның (қанттың) сандық мөлшері анықталды (3 сурет).



Сурет 3 - Алма сорттарының С дәруменін анықтау

Осы тәжірбиелер үшін алма үккіштен өткізіліп, шырыны дайындалды. Алма шырынын зерттеу барысында қант мөлшері көрсеткіштері бойынша «Апорт» және «Айдаред» сорттары 15 %, «Семеренко», «Брызги шампанского» сорттары 13%, «Лимонка» және «Семеренко» сорттары 12 % болса, орташа дәмді «Польские» сорты мен дәмсіз болған «Гала» сорты 11 % көрсетті (2 кесте).

2 кесте. Алма шырыны құрамындағы химиялық көрсеткіштер

№	Алма сорттары	Шекерлігі,%	С дәрумені, мл	Радиациясы, МкР/ч
1	«Апорт»	15	10	0.14
2	«Семеренко», Молдова	13	5 мл	0.12
3	«Польские»	11	5 мл	0.14
4	«Лимонка»	12	3 мл	0.11
5	«Айдаред»	15	9 мл	0.12
6	«Брызги шампанского»	13	3 мл	0.16
7	«Семеренко»,Қырғызстан	12	3 мл	0.12
8	«Гала»	11	5 мл	0.14

Соңғы кездері жемістер мен көкөністердің радиациялық ластану мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Бірақ өкінішке орай, жемістер мен көкөністер нарықта стронций мен цезий изотоптарына сыналмайды, өйткені мұндай талдау өте қымбат және маркетингтік тұрғыдан рұқсат алу талап етілмейді. Радиоактивті өнімдерді сатып алу қаупін азайту үшін радиометр қодануға болады, ол бірнеше минут ішінде бета және гамма-сәулеленудің қуатын анықтай алады.

Зерттеу кезінде алма жемісіндегі нитрат деңгейі мен радиоактивті сәулеленуі анықтау үшін «Дозиметр» режимі таңдалып, нысанға SOEKS Ecotester 2 енгізілді. Радиацияны өлшеу процесі небәрі 10 секундты алды. Жемісте нитраттың жинақталу деңгейі алма сортына байланысты өзгеріп отырды. Максималды мөлшері 35 мг/60 г «Семеренко», Молдова 32 мг/60 г мөлшері «Польские» және «Семеренко», Қырғызстан сорттар болды. Апорт сортында 28 мг/60 г және ең төменгі көрсеткіш «Брызги шампанского» сортында 20 мг/60 г байқалды.

Өнімнің сапасын анықтайтын – тұтынушы, сондықтан халыққа ұнаған алма сорттарын білу үшін, жергілікті және импортталған алма сорттарының әрбір түрінің үлгілерін кесіп, дайындап, таңдауға ұсынылды. Жалпы дауыс беруге әртүрлі жастағы 32 тұтынушы қатысты. Алма сорттары сандармен белгіленіп, бірнеше бөліктерге бөлініп тұтынушыларға ұсынылды. Дәмін көру арқылы жиналған ұпайлары бойынша, санақ жүргізілді (4 сурет).

Сурет 4 - Алма сорттарының халық таңдауы

Халықтың таңдауы бойынша Қазақстандық «Лимонка» сорты 31,2 пайыз, екінші орында Қырғызстаннан импортталған «Брызги шампанского» сорты 25 %, үшінші орынға 15,6 % «Польские» Варшава сорты орналасты.

Қорытындылай келе, Нұр–Сұлтан қаласындағы сауда орталықтарындағы жергілікті және импортталған алма сорттарының сапасын бағалау бойынша:

1) Көрсеткіштерінің сапасы бойынша «Апорт», «Польские», «Семеренко» (Молдова), «Айдаред», «Брызги шампанского» сорттары жемістер мен жидектерге сәйкес және түрлі өндірісте қолдану ықтималдылығы жоғары.

2) Зерттелген алма сорттарының шырыны құрамындағы С дәруменінің мөлшері 10-15% аралығында болуы, алма жемісін адам үшін тәуліктік рационында жақсы үйлесім табатын және пайдалы жеміс екенін көрсетті.

3) Нұр-Сұлтан қаласының сауда үйлеріндегі таңдалған барлық алма сорттары құрамындағы нитраттың және радиоактивті сәулелесімен нұқсан келу ықтималдылығы төмен болды, сондықтан пайдалы жеміс ретінде халық игілігіне ұсынылады деген шешім жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Bonany J., Brugger C., Buehler A., Carbó J., Codarin S., Donati F., Schoorl F. Preference mapping of apple varieties in Europe //Food Quality and Preference. – 2014. – T. 32. – C. 317-329.

2 Gong L., Meng X., Liu N., Bi J.Evaluation of apple quality based on principal component and hierarchical cluster analysis //Transactions of the Chinese Society of Agricultural Engineering. – 2014. – T. 30. – №. 13. – C. 276-285.

3 Pelenko, V. V. Change in the quality of apples in the process of commodity movement in retail trade / V. V. Pelenko, M. I. Dmitrichenko, V. P. Ivanenko // In the collection: Science Today: global Challenges and mechanisms of development. Materials of the international scientific and practical conference. In 2 parts. - 2018. -Pp. 117-121.

4 Захаров В.Л. Содержание биологически активных веществ и микроэлементов в плодах сортов яблони торговой сети липецкой области / В.Л. Захаров, О.А. Дубровина, Т.А. Солдатова, М.Р. Голощапова // Агропромышленные технологии Центральной России. – 2018. – № 1 (7). – С. 8-20.

5 Анисимович И.П., Отман Р., Дейнека Л.А., Дейнека В.И., Волощенко Л.В. Определение кислотности некоторых плодов, соков и прохладительных напитков // Научные ведомости БелГУ. Серия: Естественные науки. – 2011. – № 9 (104). – С .250–257.

6 Белова А. В. Оценка качества яблок разных сортов // Молодой ученый. – 2019. – № 51 (289). – С. 316-318.

Жетекшісі: аға оқытушы, PhD Избастина К.С.

ӘОЖ 637.07

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС МАЛ ЕТІНЕН ЕТ ӨСІМДІК КОНСЕРВІСІН ЖАСАУ

Рәшит А.Е. 4 курс студенті
Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

Қазақстан Республикасында ет өндіру ауыл шаруашылықтағы негізгі және басты бағыттардың бірі болып саналады. Өйткені ежелгі замандардан мал бағу қазақ халқының оң жамбасына келген кәсіп түрі. Біздің ата-бабамыз төрт түлік малдың еті мен сүтінен бастап терісі мен сүйегіне дейін пайдаланған. Соңғы жылдары осындай қалдықсыз өндіріс принципін алдыға қою өндіріс орындарына көп пайда әкелуде.

Қазіргі уақыттағы маңызды проблемалардың бірі – ақуызбен тамақтану, әсіресе малдық шығу тегіндегі ақуыздық қатынасында. Жер шарының өсіп келе жатқан халқын тамақ өнімдерінің жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз ету үшін, оларды өндіруді жыл сайын 2,25%-ға арттырып отыру қажет. Малдық шығу тегі бар ақуыздың негізгі көзі ет, сүт, жұмыртқа және балық болып табылады. Ет пен ет өнімдерінің құрамында адамға қажетті ақуыздың жартысы, сонымен қатар майлар, көміртектер, гормондар және басқа да биологиялық белсенді заттар болады. Ет – темір, мырыш және селен секілді шағын элементтердің ұтымды жеткізушісі. Әр түрлі авторлардың зерттеулерінің мәліметтері темірдің 30%-ына жуығының адам организміне етпен және ет өнімдерімен келіп түсетінін көрсетеді.

Қазіргі таңда ел экономикасы алдында отандық өндірістің тиімділігін арттыру, шығарылатын өнімнің бәсекелестікке қабілеттілігін ескере отырып, оның көлемін арттыру, өнеркәсіптің шикізатқа деген мұқтаждығын толығымен қанағаттандыру, ал халықты – тамақ өнімдерімен қанағаттандыру міндеті қатаң тұрғанын мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында атап өтті.

Ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар.

Бүгінде етті өндіруді өсіру қиындығы аналық малдың проблемасына қадалып тұрған жоқ, керісінше шаруашылықтарға малдың азығын дайындайтын жерлердің жетіспеушілігіне байланысты болып отыр. Малды азықпен қамтамасыз ету 60 пайыздада төмен. Мемлекетіміздегі мал өсіру шаруашылығын кеңейтудегі жақсы әсерімен қоса, осы кездегі малды есепке алу, өнеркәсіптік өңдеуге даярлық пен өңдеумен мәселелер жасап, сондай-ақ міндетті малдәрігерлік шараларды жасау мен өткізу жөніндегі көрсеткіштерді нашарлатып жіберді.

Еліміздің нарықтық экономикаға өтуінің қазіргі жағдайларында өндірістің тиімділігін, еңбек өнімділігін және шығарылатын өнімнің сапасын арттырудағы шешуші жағдай адам факторы болып табылады.

Елдің ет кәсібін дамыту үшін, халықтан ет шикізатын сатып алған кезде өтелмеген құн салығын мемлекеттік бюджеттен өтеу, айналым құралдарын толықтыру үшін банктен несие алған кезде банктердің пайыздық ставкаларын ішінара өтеу, ет өңдеу кәсіпорындары үшін жабдық сатып алуға лизинг механизмін енгізу, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді дотациялау жүйесін жетілдіру, отандық тауар өндірушілерді әділ емес импорттан қорғау есебінен ет өңдейтін кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсету қажет [1,2].

Түйе етінің консервілері балғын еттен және тиісті шикі майдан жасалған. Тұз, бұрыш, пияз жиналған шикізатқа қосылып, реторт пакеттеріне герметикалық түрде тығындалды, содан кейін зарарсыздандырылды. Стерилизация режимі 115-120°С.жоғары сұрыпты бұқтырылған түйе еті бірінші санаттағы еттен, екінші санаттағы еттен өндіріледі. Жоғары сұрыпты ет пен майдың "бұқтырылған түйе еті" консервілерінде кемінде 56,5%,

оның ішінде майдың мөлшері 17% - дан, бірінші сұрыпты консервілерде-ет пен майдың мөлшері 54% - дан, оның ішінде майдың мөлшері 17% - дан кем болмауы тиіс.

Етті кесу. Ет салмағы 50-60 г кесектерге кесілді. етті кесу үшін екі рет орнатылған диск кескіштері қолданылды: біріншісі етті жолақтарға, екіншісі - жолақтарға кеседі. Кесілген ет ретортты пакеттерге орау үшін жіберілді.

Араластыру. Перемешивали құрғақ тұз с етпен ұстамдылық алдында да посоле, қосалқы измельчением арналған волчке және фасованием.

Орау, стерильдеу. Контейнерлерді толтыру (буып-түю-бөлу) кезінде алдымен дайын компоненттер салынды: тұз, дәмдеуіштер, шикі май, ет. Банкаларға төсеу консервілердің құрамдас бөліктерін бөліп, оларды реторттық пакеттермен толтыратын машиналарды қолдана отырып, механикаландырылған түрде жүргізілді. Толтырылған пакеттер автомат-мөлшерлегіштерден транспортер арқылы бақылау өлшеуіне беріледі. Содан кейін пакеттер зарарсыздандыруға жіберілді.

Стерилизация-ет консервілерін дайындаудағы технологиялық процестің негізгі буыны. Бұл микроорганизмдердің өміршеңдігін басу немесе оларды толығымен жою үшін етті 100° - тан жоғары температурада термиялық өңдеуден тұрады. Консервіленген ет өндірісінде қолданылатын жоғары температура (120°) споралардың өну қабілетін жояды. Сондықтан ет өнімдерін 100° - тан жоғары температураға дейін қыздыру сізге 3-5 жыл сақтауға болатын консервілерді алуға мүмкіндік береді.

Стерилизацияның мақсаты-өңделген өнімдегі микроорганизмдер мен олардың спораларын толығымен жою. Ұзақ мерзімді сақтау үшін Стерилизация кезінде (жылдар бойы) өнімнің дәмі мен тағамдық құндылығы төмендейді, крахмал мен қант жартылай ыдырайды, ферменттер ішінара белсенді болмайды, дәрумендердің бір бөлігі ыдырайды, өнімдердің түсі, дәмі, иісі мен құрылымы өзгереді. Стерилизация кезінде температураны ғана емес, уақытты да қатаң сақтау керек. Мысалы, ет үшін зарарсыздандыру уақыты 60-тан 120 минутқа дейін (шикізат пен өндіріс технологиясына байланысты).

Ультра жоғары жиілікті (UHF) және жоғары жиілікті (микротолқынды) токтармен зарарсыздандыру. Мұндай өнімдерді стерилизациялау айнымалы токтың электрмагниттік өрісіне орналастыру жолымен герметикалық тығындалған ыдыста жүргізіледі [3].

Өнім температурасының 96-101°С дейін жоғарылауы зарядталған бөлшектердің қозғалысының жоғарылауына байланысты болады. Мұндай қыздыру кезінде жылу өнімнің бүкіл көлеміне біркелкі бөлінетіндіктен, тиаминнің жоғары сақталуымен, жақсы органолептикалық көрсеткіштермен және жоғары бактерицидтік әсермен өңдеу уақыты 10-20 есе азаяды [64].

Консервілерді зарарсыздандыру үшін ультрадыбыстық толқындар (табиғи жиілігі 20 кГц-тен жоғары толқындар) қолданылады. Бұл ретте витаминдер мен бастапқы дәмдік қасиеттер жақсы сақталады [65].

Консервілерді стерильдеу көлденең немесе тік автоклавтарда жүзеге асырылады, олардың әрқайсысында бу - ауа немесе су ортасы бар және мынадай режимде жүргізіледі: қыздыру - 15 - тен 30 минутқа дейін; стерильдеудің өзі - 80-ден 210 минутқа дейін; салқындату-15-тен 90 минутқа дейін, стерильдеу температурасы-120°с, стерильдеу әсеріне кемінде 6 шартты минутқа жеткенге дейін 0,22-ден 0,25 МПа дейін[4].

Бұл әдісті қолдану нәтижесінде консервілер болып табылатын өнімдер алынады, оларда ұсақталған емес, қоянның тұтас қаңқалары дайындалады, бұл ет шикізатының құрамы мен май құрамы бойынша біркелкі төселетін тұрақты сапалы өнімдер.

Стерильдеу және салқындату процесі аяқталғаннан кейін банкаларды, пакеттер мен науаларды автоклавты себеттерден түсіреді және қаптамаға береді. Консервілерді картоннан немесе пластмассадан жасалған қосымша, жеке қаптамаға буып-түйеді және қоймаға сақтауға және одан әрі өткізу үшін береді.

Ет консервілері банкаларға салынған. Дайындалған ингредиенттер рецепт бойынша оралған. Әрі қарай, өнім ауаны шығару үшін шығарылады. Өнімдерді құрайтын бірқатар

құнды қоректік заттар (дәрумендер, майлар және т.б.) ауа оттегімен тотығып, белсенділігін жоғалтқандықтан, ауаның болуы тағамдық құндылықтың төмендеуіне әкеледі. Ыдысты толтырғаннан кейін оларды бақылау өлшеуіне жатқызады.

Банкаларды герметикалығына жуу және бақылау. Толтырылған реторт-пакеттер автоклавтарға стерильдеуге түспес бұрын жуылады және герметикалығы тексеріледі.

Кесте 1 – Стерилизация режимі

Консерві атауы	Стерилизация ұзақтығы, мин	Стерилизация температурасы, °С
«Бұқтырылған Түйе еті»	45	120

Дайын консервілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиялық және термиялық өңдеудің оңтайлы технологиялық режимі орнатылды. Стерильдеу жүргізілді: 45 мин 120 ºС температурада. стерильдеу нақты әсері (11,8 ±0,3) шартты мин. құрады.



Сурет 1 – Ет консервілерінің жылуы және оларды стерильдеу кезіндегі нақты стерильдеу әсері (F)

Кесте 2 – Түйе еті мен басқа да ауыл шаруашылығы жануарларынан жасалған консервілердің тағамдық және энергетикалық құндылығы

Көрсеткіштер	Консервілер		
	Түйе еті	Сиыр еті	Жас ІҚМ еті
1	2	3	4
Ылғал,%	65,9	57,6	68,4
Ақуыз, %	19,7	18,3	17,8
Май, %	13,1	22,8	12,5
Минералды заттар, %	1,4	1,3	1,3
Энергетикалық құндылығы, ккал	196,7	278,4	162,5

Консервілердің дайын үлгілері жағымды ет дәмі мен иісімен сипатталды. Түйе етінің консервілерінде бөтен дәм мен иіс болмады. Дәстүрлі ет шикізатының консервілерінен айырмашылығы, тәжірибелі түйе өнімдерінде мұздатылған май жоқ, бұл суық тағамдар түрінде тұтынылған кезде оларды жылыту қажеттілігін жояды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Узаков Я.М Диханбаева Ф.Т.,Абжанова Ш.А., Ергазы улы С., Рскелдиев Б.А. Новые виды цельномышечных варено-копченых мясных продуктов // Мясная индустрия, г.Москва, 2010, №2 С. 42-44 с.

2 Узаков Я.М., Прянишников В.В., Ильтяков А.В. Белки и пищевые волокна в мясных технологиях. Издательство «Эверо»– Алматы.: 2013

3 Узаков Я.М., Соловьев А.Ю.,Байболова Л.К., Жаксылыкова А.Н. Разработка технологии функциональных мясных продуктов Мясная индустрия, Москва 2010. - №3, с.51-52 с

4 Abdelhadi O.M.A., Babiker S.A., Bauchart D., Listrat A., Rémond D., Hocquette J.F., Faye B.. Effect of gender on quality and nutritive value of dromedary camel (Camelus dromedarius) longissimus lumborum muscle. Journal of the Saudi Society of Agricultural Sciences, 201716 (3) : p. 242-249.

УДК 664.65

ВОЗРОЖДЕНИЕ ТРАДИЦИЙ САРАТОВСКОГО ХЛЕБОПЕЧЕНИЯ НА ОСНОВЕ СОВРЕМЕННЫХ БИОРЕСУРСОВ

Трекина Н.П., студент 4 курса
Саратовский государственный аграрный университет имени Н.И. Вавилова
г. Саратов

На сегодняшний день производство зерна высокоценных сортов в пищевой промышленности имеет важное значение ввиду удовлетворения суточной потребности человеческого организма в энергии до 40%, а также ряда положительных свойств таких, как повышенные качественные показатели и экономическая эффективность возделывания.

Стоит отметить, что в последние годы качество возделываемого в Российской Федерации зерна пшеницы значительно снизилось. Основная масса заготавливаемой и экспортируемой пшеницы относится к 4 классу, и лишь некоторый процент характеризуется 3 классом качества.

Следовательно, проблемы селекции, возделывания и переработки высокоценных сортов мягкой яровой пшеницы особенно актуальны на сегодняшний день.

Задачей научно-исследовательской работы было изучение качественных показателей мягкой яровой пшеницы сортов Воевода, Лебедушка, Саратовская-70, возделываемых в регионах Поволжья, а именно, Саратовской и Волгоградской областей.

Опытным путем установлено, что применение в хлебопекарной промышленности пшеницы с повышенными качественными характеристиками, иными словами, сильной, в «чистом виде», нецелесообразно.

Это объясняется проявлением реологических, органолептических и физико-химических свойств продукта, не удовлетворяющих требованиям стандартов.

Применение пшеницы с пониженными хлебопекарными свойствами нерационально по той же причине.

Для повышения качества муки пшеничной, а также лабораторных образцов пшеничного хлеба, была изучена смесительная способность муки, выработанной из исследуемых сортов мягкой яровой пшеницы.

Предварительно, с целью расчета процентного соотношения пшеничной муки исследуемых сортов, а также анализа смесительной способности их, были выявлены качественные показатели зерна пшеницы шести образцов.

Следующим этапом научно-исследовательской деятельности стало выявление качественных характеристик пшеничной муки, полученной путем размола зерна мягкой яровой пшеницы вышеуказанных сортов.

При оценке смесительной способности муки в условиях научно – производственной лаборатории было установлено, что мука пшеничная, сорта Воевода каждой из областей относится к группе улучшителей, использование ее в чистом виде не рекомендовано. Мука сорта Саратовская-70, для каждого региона, классифицируется, как слабая, требующая добавления улучшителя. Мука сорта Лебедушка не требует внесения улучшителей. Следовательно, в ходе исследовательской деятельности было выявлено наличие сильной и слабой муки, что повлекло необходимость составления пропорций смешивания компонентов. На основании расчетов была произведена выпечка трех образцов пшеничного хлеба, а именно: 30-70%, 40-60% и 60-40% с. Воевода и Саратовская-70.

Каждый из полученных образцов пшеничного хлеба соответствовал установленным кондициям, однако смесительная способность муки на основе соотношения компонентов 40% с.Воевода и 60% с.Саратовская-70 наиболее высока и рекомендуется для вне-дрения в производство.

Таким образом, была достигнута основная задача научно-исследовательской деятельности; выбраны направления исследования производственной ценности сортов мягкой яровой пшеницы; выявлена производственная эффективность зерна пшеницы Воевода для Саратовской и Волгоградской областей; оптимизирован и рекомендован состав смеси сильной и слабой муки для внедрения в производство.

Список использованной литературы

1 Ауэрман Л.Я. Технология хлебопекарного производства.//Учебное пособие – Издательство: Профессия,2005 г. – 416 с.

2 Матвеева И. «Витавизм» - инновационный продукт для обогащения пшеничной муки / И.Матвеева, Ю.Белибова, Л.Шатнюк, О.Антипова, А.Юдина // Хлебопродукты. – 2011 - No10 – С. 40-43.

3 Костюченко М.Н. О научном обеспечении хлебопекарной промышленности / М.Н.Костюченко // Хлебопечение России. – 2013 - No1 – С. 7-9.

4 Яровая мягкая пшеница сорта Воевода. Режим доступа: [Электронный ресурс]: http://genetika-ariser.ru/Voevoda.html. (Дата обращения:11.11.2018).

5 Яровая мягкая пшеница сорта Лебедушка. Режим доступа: [Электронный ресурс]: http://genetika- ariser.ru/lebedushka.html. (Дата обращения:11.11.2018).

УДК 637.07

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ РЕСТРУКТИРИРОВАННЫХ МЯСНЫХ ПРОДУКТОВ ИЗ КОНИНЫ

Хасанов К.Р., студент 4 курса
АО «Алматинский технологический университет», г.Алматы

Конина является традиционным сырьем, имеет большое значение в питании населения республики, из него вырабатывается широкий ассортимент изделий. Теоретический анализ ранее проведенных исследований пищевой ценности конины позволил систематизировать полученные данные и привести в таблице 1. Данные таблицы показали, что генотип, порода и условия обитания влияют на химический состав конины. Наибольшее содержание жира выявлено в мясе якутских и башкирских лошадей, видимо, в связи с суровыми условиями их обитания.

Таблица 1 - Химический состав конины разных пород

Показатели	Порода лошади				
	Казахская типа «Джабе»	Кыргызская	Якутская	Башкирская	Бурятская
влаги	70,0	69,6	65,2	63,8	70,8-74,6
белка	24,6	19,2	20,1	21,5	19,3-20,2
жира	4,7	8,3	13,7	13,0	5,1-8,0
золы	0,93	1,4	1,0	1,1	1,0

Способность лошадей откладывать большие запасы жира в организме имеет, очевидно, адаптивное значение и позволяет им переносить суровые условия зимовки, а хорошо упитанные лошади дают более качественные туши.

Содержание белка в конине варьирует от 19,2 до 24,6 % и соотносится с их содержанием в говядине.

Пищевая ценность конины также зависит от пола, возраста, упитанности животных и морфологического расположения исследуемой мышцы.

Исследования показали, что при одинаковой упитанности в отдельных отрубах конины откладывается различное количество жира. Особенно это заметно в таких частях туши, как жал (гривной жир) –72,3 % и карта (толстая кишка) –42,8 %. Задняя часть туши имеет больше влаги –70,5 % и белка – 19,1 % и меньше жира – 9,7 %. Лопаточная, спинная и крестцовая части характеризуются умеренным отложением жира (от 9,6 до 13,2 %) и относительно высоким содержанием влаги (от 68,5 до 70,9 %). Таким образом, задняя, крестцовая и спинная части туши имеют повышенное содержание протеина и умеренное отложение жира [1].

Кроме того, известно, что в зависимости от части туши изменяется содержание неполноценных белков. Так, в мякотной части отрубов конских туш основную массу неполноценных белков составляет коллаген, который в достаточном количестве имеется в шейной, грудной и лопаточной частях.

Содержание неполноценных белков в мясе отдельных отрубов туш подвержено существенным изменениям. Если в шейной и грудной частях этих белков содержится (20,9–19,3%), то в спинной, задней и крестцовой их количество составляет (11,9–15,5%).

Выявлено, что по белковому составу длиннейшая мышцы спины, четырехглавая бедренная мышца и круглая большая мышца плечевого сустава лошади-достаточно однородны по составу, общее содержание белка составляет (19,3-19,7).

Мышцы брюшной стенки отличаются и содержат меньше влаги (64,7%) большое количество жира (16,4%) и соединительнотканных белков (коллагена и эластина) [2].

В среднем по сравнению с говядиной конское мясо содержит больше соединительнотканных белков. Автором выдвинуто предположение, что биологические особенности лошадей - способность мускульной ткани к продолжительной работе обуславливает более высокое содержание сократительных и структурных белков в конине по сравнению с говядиной.

Вероятно, эти белки придают мускулатуре механическую прочность и эластичность. По данным Е.Т. Тулеуова и др. белки мяса конины характеризуются сбалансированным аминокислотным составом с достаточным количеством незаменимых аминокислот и их благоприятным соотношением [3].

Содержание золы в мясе лошадей является наиболее стабильным показателем и не зависит от породы, возраста и упитанности. В состав конины входят макро- и микроэлементы, в том числе калий, натрий, магний, медь, железо и другие минеральные вещества. Конина богата железом. Его содержание в конине составляет 3,4 мг %, в говядине (2,4–3,0) мг %, в свинине (2,2–2,5) мг %, в баранине (2,2–2,7) мг %. Значение железа в организме человека обусловлено участием его в важнейших процессах, протекающих в организме, питании и дыхании тканей, оно играет важную роль в ферментативных процессах, стимулирует рост [4].

Хорошо известны также диетические и лечебные свойства конины: ее потребление препятствует отложению холестерина на стенках кровеносных сосудов, способствует быстрому увеличению содержания белков в организме.

Особенно она рекомендуется при общей слабости, замедленном росте, а также при заболеваниях анемией и туберкулезом.

Многие исследователи отмечают, что конское мясо по сравнению с другими видами мяса обладает повышенным содержанием углеводов, это определяет его вкусовые особенности, сладковатый привкус из-за накопления глюкозы – одного из продуктов распада гликогена. Для уменьшения количества гликогена в мышцах рекомендуют активно воздействовать на организм лошади перед или в процессе убоя.

Технологические показатели мяса играют большую роль при производстве высококачественных мясопродуктов. Подробные исследования технологических показателей различных отрубов конины проведены сотрудниками ВНИИММПа.

К важнейшим органическим компонентам мяса относятся жиры. Они обуславливают пищевую и энергетическую ценность, придают мясу свойственный ему вкус и аромат.

Высокая пищевая ценность, диетические свойства, а также продуктивное коневодство в условиях нашей страны обуславливают целесообразность использования конины. Однако, как уже отмечалось, повышенное содержание гликогена и соединительной ткани в конском мясе затрудняет его технологическую обработку и получение готового продукта с высокими структурно-механическими показателями, поэтому необходимо активизировать биохимические процессы в организме лошади после убоя, а также предусмотреть метод рационального использования конины.

Список использованной литературы

1 Амирханов К.Ж. Использование поликомпонентного рассола и биофизических методов для обработки конины / К. Ж. Амирханов // Материалы междунар. науч.-практ. конф. «Перспективы производства продуктов питания нового поколения». – Омск, 2003. – С. 64-65.

2 Баженова Б.А. Нетрадиционное мясное сырье / Б.А. Баженова, Н.В. Колеснико-ва, И.В. Брянская, К.Н. Богданова, И.А. Вторушина // Улан-Удэ: Изд-во ВСГУТУ, 2012. -190 с.

3 Тулеуов Е.Т. Разработка технологии комплексного использования конины и продуктов ее убоя с применением биотехнологических и физических методов обработки: дисс…докт. техн. наук. – Кемерово, 1999. – 466 с.

4 Abdelhadi O.M.A., Babiker S.A., Bauchart D., Listrat A., Rémond D., Hocquette J.F., Faye B.. Effect of gender on quality and nutritive value of dromedary camel (Camelus dromedarius) longissimus lumborum muscle. Journal of the Saudi Society of Agricultural Sciences, 201716 (3) : p. 242-249.

УДК 637.07

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ НАЦИОНАЛЬНЫХ МЯСНЫХ ПРОДУКТОВ ИЗ БАРАНИНЫ

Шайкенова А.Д., студент 4 курса
АО «Алматинский технологический университет», г.Алматы

Качество производимых в республике мясо и мясопродуктов в целом находится на должном уровне и в основном соответствует действующим стандартам. По своим вкусовым и диетическим свойствам отечественная продукция не уступает зарубежным аналогам, а по некоторым параметрам превосходит их [1]. Это связано с тем, что мясная продукция в основной своей массе производится из натурального и экологически чистого сырья. Поэтому отечественная продукция неконкурентоспособна по цене. В последние годы, в целях экономии мяса и снижения себестоимости продукции, некоторые производители колбасных изделий и полуфабрикатов начали использовать разного рода наполнители и добавки из белков животного и растительного происхождения [2,3].

В целях совершенствования технологии национальных мясных продуктов из баранины мы провели анализ существующих схем разделки бараньих туш и определение выходов отдельных отрубов.

Из определенных частей туши баранины можно вырабатывать национальные виды варено-копченых продуктов, сочетающих в себе высокую биологическую ценность и изысканные вкусовые качества. Целесообразность разработки данных продуктов обусловлена еще и тем, что по традициям казахского народа необходимо иметь национальные мясные продукты в качестве угощений при особых встречах, подчеркивающих уважение к присутствующим. Особенность разделки баранины по-казахски заключается в том, что тушу разделывают только по суставам, не разрубая кости, что предотвращает попадание в мясо осколков костей. Таким образом, получают жамбас (верхняя часть задней ноги), субе (первые четыре ребра от поясничной части), жауырын (верхняя часть лопатки), бельдеме (поясничная часть), омыртка (корейка с позвоночником без реберных костей) и другие. В результате такой разделки получают 22 куска мяса.

Нами проведены опыты по выделению сырья для приготовления национальных продуктов “жамбасты сыбага” (окорок задний), “жауырынды сыбага” (окорок передний) и “субели сыбага” (корейка). Выход сырья из туш I категории для заднего окорока (жамбас) составляет 24,2 %, переднего окорока (жауырын)- 19,1, корейки (субе) - 9,8, а из туш 2 категории - соответственно 23,9, 18,7 и 7,2 %.

В таблице 1 отражен морфологический состав окороков и корейки: мышечная ткань составляет 77,4 - 82,9 % от общей массы отрубов, а жировая - 2,9 - 8,3 %.

Таблица 1 - Нормы выходов при разделке баранины к массе на костях, %

Наименование сырья	Упитанность		Приказ №37 Минмясомолпрома СССР от 15.02.1978 г.	
	1 категория	2 категория	1 категория	2 категория
Жамбас	24,2	23,9	-	-
Жауырын	19,1	18,7	-	-
Субе	9,8	7,2	-	-
Жилованное мясо	21,1	18,4	72,9	64,7

Мякотная часть заднего окорока и корейки характеризуется умеренным отложением поверхностного мышечного жира. В этих частях имеются округлые, мясистые, в большинстве своем динамические мускулы с малым количеством соединительной ткани, что значительно повышает кулинарные и пищевые достоинства данного отруба. Лопаточная часть (жауырын) отличается относительно высоким содержанием костей (16,1 %) и малым содержанием жира (2,9 %) (таблица 2).

Таблица 2 – Морфологический состав отдельных частей туши баранины, %

Наименование сырья	Мышечная ткань	Жировая ткань	Костная ткань	Всего
Жамбас	82,9	4,2	12,9	100,0
Жауырын	81,0	2,9	16,1	100,0
Субе	77,4	8,3	14,3	100,0

По количеству мякоти и малому удельному весу костей и сухожилий баранина превосходит все другие виды мяса. Питательные качества баранины, особенно молодой, обеспечиваются оптимальным соотношением белка и жира и более высоким содержанием витаминов группы В, чем в других видах мяса. Кроме того, баранина почти свободна от туберкулезных инфекций и очень редко поражена инвазиями.

Баранина характеризуется высокими питательными качествами, содержит примерно такое же количество белков (12,8 - 19,8%), что и говядина и свинина. По содержанию жира и калорийности баранина превосходит говядину. Потребление баранины способствует повышению устойчивости эмали зубов к кариесу и профилактике нарушений обмена углеводов. В баранине содержится почти в 2 раза больше (120 мкг) фтора, чем в говядине (63 мкг на 100 г съедобной части продукта) [4].

Белки мяса баранины имеют некоторый запас почти всех незаменимых аминокислот в соответствии с аминограммой идеального белка ФАО/ВОЗ. Запас различных аминокислот не одинаков, что позволяет выделить группу так называемых ограничивающих аминокислот, таких как серосодержащие, дефицит которых можно восполнить добавлением в сырье белково-жировых эмульсий.

Список использованной литературы

1 Байболова Л.К. Совершенствование технологии комбинированных мясных продуктов: монография АТУ – Алматы, 2007. – 213 с.

2 Wojtunik-Kulesza K, Oniszczuk A, Oniszczuk T, Combrzyński M, Nowakowska D, Matwijczuk A. Influence of In Vitro Digestion on Composition, Bioaccessibility and Antioxidant Activity of Food Polyphenols—A Non-Systematic Review. Nutrients. 2020; 12(5):1401. https://doi.org/10.3390/nu12051401

3 Minekus M. et al. A standardised static in vitro digestion method suitable for food – an international consensus. Food Funct., 2014, 5, 1113. DOI: 10.1039/c3fo60702j

4 Узаков Я.М., Рскелдиев Б.А., Байболова Л.К. Биотехнологические основы создания мясных продуктов повышенной питательной ценности. – Алматы: КазгосИНТИ, 2004 – 84 с.

ӘОЖ 604:52-412.2(045)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНІМДЕРІ НАРЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Шаткенов А., 2 курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Соңғы жылдары еліміздегі нарықта «экологиялық таза өнім» ұғымы кеңінен таралды. Сонымен қатар, өндірушілер өз өнімдерін «экологиялық», «экологиялық қауіпсіз» деп мәлімдейді. Бүгінгі таңда нарыққа осы санаттағы өнімдердің атауларының бірнеше нұсқасы ұсынылады: табиғи, экологиялық таза, фермерлік, биологиялық, органикалық, және т. б.

Айта кету керек, БҰҰ, ЕО елдерінде халықаралық деңгейде «биологиялық» және «экологиялық» терминдері органикалық өндіріс жүйесін сипаттау үшін қолданылады. Тиісінше, «экологиялық өнім», «органикалық өнім», «биологиялық өнім» сияқты ұғымдар және олардың әр түрлі қысқартулары мен комбинациялары мысалы, «био, эко, органикалық өнім» сертификатталған органикалық өнімді білдіретін синонимдер ретінде қолданылады. Жоғарыда аталған ұғымдар мен оларды түсіндіруде қолданылатын терминдерді Жоғарыда аталған ұғымдар мен терминдерді қолданудың қалыптасқан тәжірибесі және олардың Қазақстандағы түсіндірмесі төмендегідей.

«Биологиялық», «БИО», «Bio» немесе «табиғи» өнім:

- «Қоректік заттармен, витаминдермен байытылған тағамдар, пайдалы бактериялар және т.б. Мысалы, «Биокефир» және «Биойгурт». «Foodmaste»r, «Becker & Co»;
- Сертификатталған органикалық өнімдер мен сауда нүктелері. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласындағы «Биомаркет», «БИОТА-УЖЕР» компаниясынан «Биовино»;
- Органикалық тыңайтқыштарды қолданумен, синтетикалық және химиялық заттарды пайдаланбай, ГМО-сыз өсірілген сертификатталмаған өнімдер. Мысалы, «Технопарк 2030» компаниясынан «Биоарбуздар»;
- Тек маркетингтік мақсатта пайдаланылады және өнім дәстүрлі өнімдерден ерекшеленбейді. Мысалы, «БИОМУКА»[1].

Экологиялық таза өнім, ЭКО (ECO) деген терминді қолдану үшін өнім ҚР СТ 1618-2007 «экологиялық таза өнім» стандартына сәйкес сертификатталған. «ЭКО» белгісімен таңбаланған, өнім синтетикалық химиялық заттарды қолданбай немесе шектеулі қолданумен өндірілген. Экологиялық таза аумақтарда, антропогендік ластану көздерінен алыс аумақтарда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында. өндірілген өнім болуы керек.

Органикалық өнім атауына сәйкес болуы үшін өнім халықаралық органикалық стандарттар бойынша сертификатталып, таңбалау тиіс. Өнім синтетикалық химиялық заттарды қолданбай немесе шектеулі қолданумен, ГМО-сыз өндірілген болуы керек. Өсімдік немесе жануар тектес өнім. Мысалы, органикалық тыңайтқыш.

Табиғи деген терминді қолдану үшін өнім химиялық синтетикалық заттар мен ГМО қолданбай өндірілген. Көбінесе бір уақытта «химикаттарсыз», «ГМО жоқ», «консервант-тарсыз» және т. б.

Фермерлік немесе рустикалық өнім: Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықпен адал технологиямен өсірілген шағын отбасылық ферманың өнімі. Сондай-ақ, өндірушімен тікелей байланыс мүмкіндігі және оның жеке жауапкершілігі болжанады. Сертификаттау жоқ. Ол тек маркетингтік мақсаттар үшін қолданылады, өнім дәстүрлі өнімдерден ерекшеленбейді. Мысал, «ауыл сүт». Шағын немесе орта фермер шығарған өнім. Жоғары сапалы. Химиялық синтетикалық заттар мен ГМО қолданбай. Органикалық және табиғиға ұмтылу. Сатып алушының өнімді қайтару мүмкіндігі. Стандарттар мен сертификаттау жоқ.

Қазақстанда органикалық өнімді стандарттауға, сертификаттауға, бақылауға және таңбалауға талаптар әлі дұрыс қойылмаған. Осыған қарамастан, нарықта халықаралық сертификаттау органдарының белсенді қызметі, сондай-ақ мұндай жүйелердің жеке деңгейде пайда болуы мен дамуы байқалады. Айта кету керек, біз халықаралық органикалық стандарттарға сәйкес келетін стандарттарды қарастырамыз органикалық өндірістің ұсыныстары, атап айтқанда:

Органикалық ауыл шаруашылығы қозғалыстарының халықаралық федерациясының (IFOAM) нормалары мен ұсынымдары;

«Алиментариус кодексі» органикалық тамақ өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, таңбалау және өткізу жөніндегі басшылық ережелер және т.б.

Оларға, мысалы, Еуропалық Одақ, АҚШ, Жапония және Швейцария стандарттары, яғни «IFOAM стандарттары жинағына» енгізілген стандарттар жатады [2,3].

Қазақстандық сертификаттау мен таңбалаудың қалыптасқан жеке меншік жүйелерінің тәсілдерін, олардың халықаралық талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ Қазақстан аумағындағы халықаралық жүйесіне келетін болсақ, халықаралық сертификаттауды алу үшін қазақстандық ауыл шаруашылығы өндірушілері мен қайта өңдеуші кәсіпорындар сертификаттау туралы өтінішпен сертификаттау ұйымдарына жүгінеді. Олар байланысты сертификатталған мақсатты нарықтан: еуропалық нарыққа өнімді экспорттау үшін ЕО 834/07 қаулысының шарттары бойынша немесе солтүстік Америка нарығына өнімді экспорттау үшін NOP шарттары бойынша. Сертификат өндірушілерге өз өнімдерін шетелде «органикалық өнім» ретінде белгілеуге мүмкіндік береді.

Еуропалық Одақтың №125/2013 регламентіне сәйкес, Еуропалық Одақта Қазақстаннан органикалық өнімді импорттау үшін инспекцияны, сертификаттауды және өндірілген өнімнің ЕО регламенттеріне баламалылығы туралы куәлік беруді жүзеге асыруға құзыретті бақылау органдарының тісжегі аккредиттелді.

Қазақстан Еуропаға органикалық өнімді ірі жеткізушілердің қатарына кірді. Бұл туралы ақпарат Еуропалық комиссияның «ауылшаруашылық өнімдері нарығының мәліметтері» атты есебінде келтірілген. Ал, Қазақстанға негізінен ұзақ сақталатын өнімдер импортталады. Бөлшек сауда желілерінде жаңғақтар, жарма, кофе, шоколад, құрғақ жартылай фабрикаттар, сусындар, сироптар және т. б. сияқты өнімдер кеңінен ұсынылған. Өнімдер көбінесе Еуропалық Одақ елдерінен және АҚШ-тан әкелінеді. Экспорттаушы компаниялардан алынған деректер бойынша халықаралық стандарттар бойынша сертификатталған қазақстандық органикалық өнім Ресей, Украина, Германия, Польша, Нидерланды және Италияға экспортталады.

Тұжырымдамалар мен олардың интерпретацияларының алуан түрлілігінде сапа критерийлері бұлыңғыр және жоғалады, бұл өндірушіге қандай стандарттарға назар аудару керектігін білмейтін сатып алушыға және не екенін түсінбейтін өндірушіге кедергі келтіреді. Мысалы, экологиялық өнімдер органикалық өнімдерден ерекшеленеді. Қалыптасқан жағдай тиісті нормативтік-құқықтық базаның дамымағандығына және таңбалауды негізсіз қолданудың құқықтық салдарына байланысты. Мұндай жағдайларда кез-келген өнімді осындай терминдермен негізсіз таңбалау органикалық талаптарға сәйкес келетін өнім нарығының дамуына зиян келтіреді [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру туралы заңы 2015 жылғы 27 қарашадағы № 423-V ҚРЗ шешімімен бекітілген https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000423.

2 ҚР СТ 1618-2007. Экологиялық таза өнім. Негізгі ережелер; Енгіз. 2007.07.01. – Астана, 2009. – 36 б.

3 M.Huber, E.Rembiałkowska, D.Średnicka Organic food and impact on human health: Assessing the status quo and prospects of research// NJAS: Wageningen Journal of Life Sciences. . – 2020. – Vol. 58. – P. 103-109.

4 Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы: утв. 12 июля 2018 года, №423 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32033682.

УДК: 006.01, 620.1, 621.646

ОЦЕНКА СООТВЕТСТВИЯ СОЕДИНИТЕЛЬНОЙ ТРУБНОЙ АРМАТУРЫ, ПРОИЗВОДИМОЙ ЗАО "ЛИСКИМОНТАЖКОНСТРУКЦИЯ"

Яковенко А.А., студент 4 курса
Казахский агротехнический университет С. Сейфуллина, г. Нур-Султан

В последнее время люди все чаще и чаще задумываются о качестве продукции, о том насколько она безопасна для здоровья и жизни их самих, семьи и окружающих, и не является ли продукция подделкой. Поэтому, перед тем как реализовывать продукцию производители и поставщики производят оценку соответствия.

Само по себе понятие оценки соответствия представляет собой определение соблюдения установленных требований, предъявляемых продукции. Оценка соответствия может проводится в нескольких формах: в форме подтверждения соответствия, в форме испытаний и в формах, установленных техническими регламентами или национальными стандартами. В свою очередь подтверждение соответствия может быть обязательным в формах декларации соответствия и обязательной сертификации, и добровольной в форме добровольной сертификации.

Рассмотрим оценку соответствия со стороны выбранной испытываемой продукции, а именно трубопроводной арматуры и ее деталей. Трубопроводная арматура, используемая для промышленного назначения как правило подлежит декларированию и подпадает под перечень требований ТР ТС 010/2011 «О безопасности машин и оборудования», куда входит продукция из таких материалов, как ковкий и серый чугун, сталь, цветные металлы и сплавы, и неметаллические материалы. Помимо этого, существуют и другие регламенты, распространяющиеся на продукцию трубопроводной арматуры, но с другой специализацией, например ТС 016/2011 «О безопасности аппаратов, работающих на газообразном топливе» и ТР ТС 032/2013 "О безопасности оборудования, работающего под избыточным давлением". Как правило, в статьях ТР ТС указан перечень схем, по которым можно производить декларирования продукции, так, например для ТР ТС 016/2011 для серии можно использовать схемы 1д и 3д, а для партии или единичного изделия 2д и 4л, а для ТР ТС 010/2011 в случае серийного производства используются схемы 1д или 3д, но также возможно использование схем 5д или 6д.

При проведении подтверждения соответствия продукция как правило проходит испытания, методика которых описаны в соответствующих продукции нормативной и технической документации. Так взяв в пример деталь трубопроводной арматуры, а именно отвод гнутый изготовленные методом индукционной гибки можно рассмотреть, как определяется соответствие требованиям для данного типа продукции. Для проверки соответствия производитель должен осуществить типовые и приёмосдаточные испытания. При типовых испытаниях каждую деталь опытной или установочной партии проверять на соответствие требованиям ГОСТ 17380. А при приемосдаточных испытаниях проверяют соответствие требованиям таких характеристик как трещины, надрывы и расслоения; предельные отклонения размеров и расположения поверхности деталей; наличие необходимой маркировки и ее глубина. Также проверяют механические свойства деталей при помощи испытаний на растяжение по ГОСТ 1497 и ГОСТ 11701, и на ударный изгиб – по ГОСТ 9454.

Немаловажным фактором оценки соответствия является сертификация системы менеджмента качества. Введенная на предприятии СМК представляет собой процессы, документы, ресурсы и организация, внедренные для улучшения качества продукции и системы управления предприятием. Для любого предприятия принятие СМК является способом повышения качества у своей продукции, налаживания прослеживаемости производства и повышения конкурентоспособности.

Таким образом, можно заключить, что оценка соответствия является неизбежным требованием для любой производимой продукции, в том числе и для трубопроводной арматуры. Так как, только через оценку соответствия можно понять, является ли продукция безопасной для здоровья и жизни людей, и для окружающей среды.

Список использованной литературы

1 Badri, M.A., Davis, D. and Davis, D. (1995), "A study of measuring the critical factors of quality management", International Journal of Quality & Reliability Management, Vol. 12 No. 2, pp. 36-53. https://doi.org/10.1108/02656719510080604

2 ГОСТ 12.2.063-2015 «Арматура трубопроводная. Общие требования безопасности»

3 ГОСТ 17380-2001 (ИСО 3419-81) «Детали трубопроводов бесшовные приварные из углеродистой и низколегированной стали. Общие технические условия»

4 Закон Республики Казахстан от 30 декабря 2020 года № 396-VI «О техническом регулировании»

5 Интернет-ресурс: http://www.liskifitting.ru/produktsiya/otvody-gnutye/otvody-gnutye/

6 Кулешов В.К.К90 Метрология, стандартизация и сертификация неразрушающих методов и средств контроля: учебное пособие /В.К. Кулешов, И.С. Филатов. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2008. – 81 с.

ӘОЖ 637.1(045)

ҚАУІПСІЗ СҮТ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ БОЙЫНША ШАРАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ

Яхия К., 2 курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Өнім сапасы бәсекеге қабілеттіліктің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Өнім сапасын жақсарту - кәсіпорын стратегиясының ажырамас бөлігі, өндіріс тиімділігін және пайда мөлшерін арттырудың қажетті шарты болып табылады.

Өнім сапасы-кәсіпорын қызметінің көрсеткіші. Өнім сапасын арттыру-бәсекенің, нарықта позицияларды иеленудің және ұстап тұрудың маңызды құралдарының бірі. Бәсекеге қабілетті өнімдер компанияның тұрақты қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сапалы өнімдер шығару компанияның сатылымы мен беделінің артуына ықпал етеді. Егер өнім болып табылады жалпыға танымал сапасы бойынша, фирмаға міндетті емес жұмсауды үлкен қаражат керек немесе басқа қымбат орау, привлекающую сатып алушылар. Өнім сапасын жақсарту - бұл сатып алушының қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға бағытталған процесс, ол қазірдің өзінде өндірілген өнімнің сапалық параметрлерін жақсартуды қамтиды. Өнім сапасын арттыру тауарды жаңа нарықтарға шығаруға, технологиялық процестердің кемшіліктерін жою арқылы еңбек өнімділігін арттыруға, ақаулық деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Өнімнің сапасы мен оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін сапасыздықты ескерту ретінде анықтау маңызды емес. Осы мақсатта тауарлардың сапасын басқарудың бірыңғай жүйесін құру қажет. Сапаны басқару тұтынушының талаптарын қанағаттандыратын сапа деңгейіне қол жеткізу мақсатында жүзеге асырылады. Өндіруші үшін өнімнің сапасы барлық өндірістік және экономикалық қызметте шешуші болып табылады, бірақ сонымен бірге сапаны арттыру процесі тұтынушыға бағытталуы керек.

Сүт өнеркәсібі - бұл ірі өнеркәсіптік сала, Қазақстандағы тамақ өнеркәсібінің жетекші салаларының бірі. Ол ондаған мың заманауи жабдықтармен, мыңдаған өндірістік желілермен және технологиялық процестерді автоматтандырумен жабдықталған. Өндірушілер кәсіпорынның қуатын жаңарту мен кеңейтуді жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта адам ағзасына жағымды әсер ететін емдік қасиеттері, сақтау сапасы мен төзімділігі жоғары инновациялық сүт өнімдерін жасау тұжырымдамасы ең тиімді болып табылады. Бұл құрамында майы аз, жеміс-жидек немесе көкөніс шырыны, сусындар, соның ішінде Сарысуға негізделген, дәрумендермен, микроэлементтермен, табиғи талшықтармен және т. б. байытылған тағамдар [1].

Бәсекеге қабілетті өнімді өндіру кезінде сыртқы түрі, консистенциясы, органолептикалық сипаттамалары, бүкіл сақтау мерзімінде тұрақтылығы маңызды рөл атқарады. Соңғысы күрделі міндеттердің бірі болып табылады, оны шешуге жаңа технологиялар мен дұрыс таңдалған тұрақтандырушы агенттердің көмегімен қол жеткізуге болады. Отандық кәсіпорындардың тұтас сүт өнімдерін өндіру көлемін өсіруі жылдан жылға ұлғаюда. Негізгі тенденция-бұл елдің дамуы мен әл-ауқатының артуына байланысты сүт өндірісі дамып, оған сұраныс артып келеді. Стандартты өнімдерді тұтыну төмендеуде. Клиенттердің қажеттіліктері өзгерген сайын қосымша оң сипаттамалары бар өнімдерге сұраныс артады. Өндірушілер жоғары пайда әкелетін, өзгермелі жағдайларға бейімделетін өнімдерді өндіруге көшуге тырысады

Жұмыстың маңыздылығы елімізде өндірілетін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін арттыру және тиісінше, Қазақстанда және сыртқы нарықтарда қауіпсіз сүт және сүт өнімдерін өндірудің бәсекеге қабілеттілігінің пайда болуы болып табылады.

Азық-түлік өнімдерінің сапасын жақсарту мәселесі кез-келген тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары үшін, әсіресе қазіргі кезеңде, оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін «өнімнің сапасы» факторы өндірістің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Өнім сапасын басқару кезінде оңтайлы сапа өнімдерін жасауды және оны толық пайдалануды қамтамасыз ететін факторлар мен жағдайлар бойынша барлық деңгейлерде тұрақты, жоспарлы, мақсатты әсер ету процесі түсініледі. Осы жұмыстың тиімділігі санитарлы-гигиеналық және жеке гигиеналық тәртіп қаншалықты толық сақталғанымен анықталады. Негізгі мақсат - кез келген қажет емес қажетсіз басқа қоспалардың дайын өнімге қосылуын болдырмау. Бұл міндет зауытта ішкі басқарудың сауатты ұйымдастырылуымен шешіледі. Бұл жағдайда қызметкерлердің санитарлық-гигиеналық тәрбиесі, қажетті гигиеналық дағдыларды дамыту маңызды [2,3].

Кәсіпорындағы шикізат пен дайын өнімнің сапасын бақылау зертханалық бақылаудың өндірістік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарламада шикізаттың, қосалқы материалдардың, дайын өнімдердің қауіпсіздік көрсеткіштері, оларды бақылаудың жиілігі мен әдістерін анықталған. Бақылау шарты, кейде мемлекеттік нормативтік актілермен салыстырғанда, қатаң болуы мүмкін.

Бақылау әдістерін үздіксіз жетілдіру - сапалы сүт өнімдерін өндірудің кілті болып табылады. Сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін үнемі қадағалап отыру, халықтың өмірі мен денсаулығы үшін тұтыну қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сапасыз өнімдерді пайдаланудан туындаған экономикалық залалдың алдын алу тұрақты түрде үзіліссіз жүргізілуі керек.

HACCP - сыни нүктелерде бақылау және тәуекелді талдау. Бұл жүйенің мәні өнімнің қауіпсіздігіне әсер ететін қауіпті факторларды анықтау болып табылады. Осы жүйені енгізу компанияға өз өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шикізат сатып алудан бастап дайын өнімді сатуға дейін барлық техникалық ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Бастапқыда өнімді сату мен өндірудің әрбір сатысында қауіпті факторлардыталдау және бақылау жүйесін әзірлеу үшін қажетті бастапқы ақпарат жиналады. Жиналған ақпарат ықтимал қауіпті факторларды талдау, оларды басымдықтар мен ресурстармен бағалау, тиімді басқару пункттерін анықтау, түзету әрекеттерінің тізбесін қалыптастыруға мүмкіндігік береді.

Қауіпті факторды талдауда сыни бақылау нүктелерін зерттеу өнімнің қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін себептерді анықтауға мүмкіндік береді. Сапаны басқаруі жүйесін енгізу үдерісіндегі маңызды элемент - бұл қажетсіз іс-шаралардың тәуекелін барынша азайту үшін қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз ету үшін қабылданған іс-шаралардың уақтылығын растау үшін пайдаланылатын тіркеу және құжаттама болып табылады.

Осы жүйеге сәйкес өндірістік циклде бақылау нүктелері анықталады, яғни елеулі қауіптің пайда болу ықтималдылығы жоғары болатын.

Табысты өндірістің үшін алғышарт барлық технологиялық режимдер және регламенттерді сақтау болып табылады. Жұмыста жеке дара іс-шара емес, жүйе маңызды.

Сапаны қамтамасыз ету дегеніміз-тұтынушыға оны ұзақ уақыт сенімді түрде сатып алуға мүмкіндік беретін өнім сапасының деңгейіне кепілдік беру және бұл өнім тұтынушының талаптарын толығымен қанағаттандыруы керек. Өнімнің сапасы мен оның бәсекеге қабілеттілігін жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін сапасыздықты ескерту ретінде анықтау маңызды емес.

Сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін халықтың өмірі мен денсаулығы үшін тұтыну қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сапасыз өнімдерді пайдаланудан туындаған экономикалық залалдың алдын алуа отырып үнемі қадағалап отыру керек [4,5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2019 жылдың 26 желтоқсаны, №982 бекітілген // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000982.

2 Panghal A., Chhikara N. et al. Role of Food Safety Management Systems in safe food production: A review // J. Food Saf. – 2018. – Vol. 38. – P. 1-11.

3 Курмангалиева Д.Б., Юсупова Г.Т., Шадьярова Ж.К. Создание систем менеджмента безопасности пищевой продукции на основе методологии ХАССП для малых и средних предприятии: учеб.-метод. пос. – Нур-Султан: КазАТУ им. С. Сейфуллина, 2021. – 100 с.

4 Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы: Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсаны, №880 шешімімен бекітілген // http://adilet.zan.kz. 09.09.2017.

5 Юсупова Г.Т., Құрманғалиева Д.Б., Ланцева Н.Н. және т.б. НАССР жүйесі негізінде сүт өнімдерінің қауіпсіздігі // Алматы технологиялық университетінің хабаршысы. – 2020. – №1(126). – Б. 56-62.

Ғылыми жетекші: PhD, Юсупова Г.Т.

Секция

ВЕТЕРИНАРИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН ПРАКТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ АСПЕКТІЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ НАУКИ И ПРАКТИКИ В ВЕТЕРИНАРИИ

ӘОЖ 595.3(045)

ТҰҚЫТӘРІЗДІ БАЛЫҚТАРДЫҢ ЖАСЫН ҚАБЫРШАҚ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ ӘДІСІ

Жүніс Т., 2 курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан аумағындағы өзендерде балықтардың көптеген түрлері мекендейді. Соның ішінде тұқытәрізді балықтарға тоқталатын болсақ, тұқытәрізді балықтар бұл үлкен тармақ болып табылады. Бұл тармаққа 3000-ға жуық түр біріктірілген. Бұл бөлімнің өкілдерінің сыртқы пішіні, құрылысы майшабақ тәрізділерге ұқсас болып келгенімен, олардың барлығынан Вебер аппараты болуына байланысты ерекшеленеді. Сыртқы пішініне келетін болсақ, денесі қабыршақпен жабылған, басы жалаңаш, үстіңгі жақтың шеті маңдайша сүйектерден түзілген, құрсағы домалақ. Ауыз қуысы тіссіз, бірақ төменгі жұтқыншақ сүйектері жақсы дамыған және 1, 2 немесе 3 қатар (жиі) шайнайтын тістері бар. Тағамды осы тістермен ұсақтауға бас сүйегінің түбінің өсіндісінің кеңейтілген ұшындағы қалың мүйізді тақтайшасы ықпал етеді. Кейбір түрлердің ауыздарының бұрыштарында дәм бүршіктерінің қызметін атқаратын қысқа антеналары болады [1].

Жалпы алғанда қазіргі балықтарда қабыршақтардың бірнеше түрі бар. Соның ішінде тұқытәрізділерде сүйекті қабыршақтар болады. Олардың өзі екіге бөлінеді. Біріншісі -

тегіс артқы жиегі бар циклоидты қабыршақ және екіншісі - ктеноидты, артқы жиегінде тікенектері бар [2].

Бастапқыда балықтың жасын анықтау үшін тек қабыршақтар ғана қолданылды, өйткені басқа тіркеу құрылымдарымен салыстырғанда оның абсолютті артықшылығы бар. Табиғи популяциялар динамикасын және балықтардың жасанды өсіруін зерттеу үшін жас деректері өте маңызды болып шықты. Кейіннен қабыршақтардан басқа да әртүрлі және құнды мәліметтер алуға болатыны анықталды: мекендеу ортасының өзгеруі, қоныс аудару уақыты, жыныстық жетілу жасы, балықтардың маусымдық өсу сипаты және т.б. [3].

Бұл жұмыстың мақсаты тұқытәрізді балықтардың жасын қабыршақ арқылы анықтау. Жұмысты орындау үшін келесідей міндеттер қойылды:

- Тұқытәрізді балықтардың қабыршағымен танысу;
- Тұқытәрізді балықтардың қабыршақ арқылы жасын анықтау әдістерін үйрену.

Зерттеу жұмысын жүргізу үшін балық қабыршақтарын дененің нақты шектелген жерлерінде алу керек, әдетте бүйір сызығынан жоғарғы бірінші - үшінші қатарда арқа қанаттың астынан алынады немесе бүйір сызықтың жоғары бойымен бүйір сызықтың астындағы бірінші - үшінші қатарлардын қабыршақтарынан алуға болады. Бұл балық денесінің әртүрлі бөліктерінде қабыршақтардың дамуының әртүрлі күндеріне байланысты қателерді мүмкіндігінше жою үшін жасалады. Қабыршақ үлгілерін алу орнын анықтау үшін әдетте 3 ереже қолданылады: ол бірінші қабыршақ салынған жерге мүмкіндігінше жақын болуы керек, шабақ кезінде қабыршақтар жеткілікті үлкен және эрозияға бейімділігі аз болуы керек.

Сонымен қатар, бір емес, бірнеше қабыршақтарды алу керек, өйткені олардың кейбіреулерінде құрылымдық ақаулар болуы мүмкін (мысалы, қабыршақтың орталық бөлігіндегі склериттердің резорбциясы), бұл оларды осы зерттеулерге жарамсыз етеді. Сондықтан ең алдымен қабыршақтарды олардың жарамдылығына қарай сұрыптау қажет. Содан кейін, таңдалған қабыршақтарды нашатыр спиртінің 4%-дық ерітіндісін қолданыла отырып теріден мұқият тазалайды. Осыдан кейін, әдетте, арнайы дайындықтар жасалады - жарамды және тазартылған қабыршақтар екі заттық шынының арасына қойылады, олардың жиектері жабысқақ лентамен немесе скотчпен жабылады. Барлық осындай препараттар таңбалануы керек, яғни оларда осы жеке дарақ туралы барлық негізгі бастапқы деректер болуы керек: балық түрі, балық аулау орны мен күні, ұзындығы (балықтардың осы тобы үшін стандарттылардың бірі) және сериялық нөмірі. Дәл осы препараттарға сәйкес олар жасын анықтайды және өсу қарқынын кері есептейді [4].

Тұқытәріздес балықтардың қабыршақ арқылы жасын анықтау үшін біз мөңке балығын алдық. Мөңке балық - Carassius carassius, тұщы суда тіршілік ететін тұқытәрізді балықтар туысына жатады. Әдетте, ұзындығы – 45 см, салмағы – 3 кг-ға дейін жетеді. Арқасы қара-қоңыр, денесінің екі жағы алтын түстес. Жыныстық жетілуі 4-5 жыл, 300 мыңға жуық уылдырық шашады. Планктонмен, жәндіктердің дернәсілдерімен, өсімдікпен қоректенеді [5].

1-сурет. Мөңке балықтың бүйір сызығының жоғарғы жағынан алынған қабыршақ

Біз зерттеген мөңке балық параметрлерінің қорытындысы: салмағы – 185 г, ұзындығы – 20 см, ені – 8 см, тұмсығынан арқа қанатына дейін – 11 см, бастың жоғарғы жағынан төменге дейін – 6 см. Мөңке балықтың қабыршағынан жасын анықтау үшін Бородин, Суворов және Арнольд әдістері қолданылды. Біздің зерттеу нәтижелеріміз бойынша зерттелген балықтың жасы 2 жаста екендігі анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1 Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А., Грачев Ю.А., Тимирханов С.Р., Дуйсебаева Т.Н. Позвоночные животные Казахстана: Справочник для вузов и школ. - Алматы: Атамұра, 2013. - 312 с.

2 Pal G.K., Suresh P.V. Comparative assessment of physico-chemical characteristics and fibril formation capacity of thermostable carp scales collagen // Materials Science and Engineering: C. - Volume 70, Part 1, 1 January 2017, Pages 32-40.

3 Стерлигова О.П. Методы определения возраста рыб и его практическое значение (учебное пособие). Петрозаводск: Карельский научный центр РАН, 2016. - 57 с.

4 Зиновьев Е.А., Мандрица С.А. Методы исследования пресноводных рыб: учебное пособие по спецкурсу // Пермский ун-т. – Пермь, 2003. - 113 с.

5 Әшімов С.Ә., Әшімова К.К., Жунусова Э.С. Балықтар физиологиясы және су токсикологиясы негіздері // С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ баспасы, 2019 жыл.

ӘОЖ 599.735(045)

ҰСАҚ КҮЙІСТІЛЕРДІҢ СТРОНГИЛЯТОЗДАРЫН АНЫҚТАУ

Нұрбақыт Ж., 2 курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстанда күйістілер арасында стронгилятоздар кенінен таралған. Табиғи-климаттық жағдайға байланысты стронгиляттардың түрлері әр түрлі болып ерекшелінеді және олардын 400 астам түрлері белгілі.Стронгиляталар тек тармақтарында 4 тұқымдасы белгілі: *Strongylidae* (*Chabertia* туысы), *Trichostrongylidae* (*Trichostrongylus,Ostertagia, Haemon-chus,Nematodirus* туысы), *Trichonematidae* (*Oesophagostomum* туысы) және *Ancylostomatidae (Bunostomum).* Стронгилятоздар кенінен шет мемлекеттерде Ресей Федерациясында және көршілес Республикаларда, сонымен қатар Қазақстанның әр түрлі аймақтарында маусымдыққа қарай инвазия қарқындылығымен ерекшеленіп таралады. Германияда Barutzki D. мәліметі бойынша 9 қой және ешкі өсіретін шаруашылықтарда ас –қорыту жүйесіндегі нематодтарымен залалдануы байқалып, инвазия экстенсивтілігі 81,3-100% жеткен [1]. Францияда C. Komoin – Oka, J. Zinsstag, V. S. Pandey, F. Fofana, A. N, Depo зерттеушілері Trichostrongylus colubriformes- 89%, ал Haemonchus contortus-84% түрлерімен қойлардың залалданғаның анықтаған [2]. Австралияда M.G. O,Callagan, E. Ockleshaw, J. Allen зерттеулері бойынша 58 % нематодтарының тоқ ішек бөлімінде жиі кездеседі ұлтабар мен ащы ішекпен салыстырғанда [3]. Стариков Р.А. Ресей федерациясының Ставрополь ауданында 72 қойдың ас-қорыту жүйесін тексергенде 7 туысқа жататын 18 стронгилят құртарының түрлері анықталғаны жайында және тиімді ем ретінде гельминттерге қарсы альбендазол дәрісін қолданғаның сипаттайды [4]. Қазақстанның он түстік аймағында стронгилятоздар кенінен таралған Карабаев Д., Жумадилов К. оңтүстік шығыс таулы етек аймағында қойлардың арасында гемонхозбен залалдануы 5,3-11% дейін жеткенін зерттеп анықтаған [5-6]. Оңтүстік Қазақстан облыстарында Кожабаев М, Сулейменов М.Ж. Бердикулов М.А және т.б. жыл маусымына қарай және қойлардың жасына байланысты өзгеруін сипаттаған, жаз және қыс айларында инвазия экстенсивтілігі 20,1 %, ал көктем және күзде 48% дейін жетеді, ал шөл аймақтарында тамыз айында гемонхоз анықталды және оның деңгейі ұлғайып қараша айында 51 % жетті. Сонымен қатар, осы авторлар шөлді-дала аймағындағы көктемде туған қозыларда алғашқы рет гемонхыларды шілде айында (6-18%) біртіндеп көтеріліп желтоқсан айында 56% жеткенің тіркеген. Батыс–Қазақстан облысында Кужебаев У пен Кармалиевтің Р. зерттеулері қойлардың арасында нематодироз гельминтозының деңгейі нақты құбылмалы боладтындығын, күзде қыркүйекте -53,7%, қазан-42,4%, ал қараша айында 34,7% жетті деп көрсеткен. Қойлардың гельминтозды жұқтыру деңгейі, күздің басынан соңына дейін төмендегенің дәлелдеген [7].Бір қатар зерттеушілер Klimova E, Kudrin M, Krylova T және т.б. фасциолез және стронгилятоздардың мал ағзасына тигізетін экономикалық жағынан зияндылығына тоқтап сипаттаған [8].

Жалпы Қазақстанның барлық аймақтарында ұсақ күйісті малдарда нематодоздар, соның ішінде стронгилятоздар қалыпты жағдайда кез келген уақытта кездеседі, бірақ көктем мен күз айларында жоғары деңгейде болады. Біздің негізгі ғылыми жұмыстың мақсаты ол қойлар және ешкілер арасында стронгилятоздарды анықтау болды. Бұл жұмысты жүргізу үшін Нұр-Султан қаласына жақын орналасқан шаруашылықтарды іздестірдік.

Ғылыми жұмысты орындау үшін, біз Ақмола облысы Целиноград аймағы «Талапкер» ауылынан жеке меншіктегі үйлердің қойларынан 30 нәжіс сынамаларын қорадан жинап алдық . Биологиялық ғылымдар кафедрасының оқу бөлмесінде 2022 жылы наурыз айының 10-17 аралығында гельминтоовоскопия және гельминтолярвоскопия әдістерімен зерттедік. Зерттеу нәтижелері 1-ші кестеде көрсетілген.

1- Кесте «Талапкер» ауылы жеке меншіктегі қойлардың стронгиляттармен залалдануы (2022, наурыз)

Жануардың жынысы мен жасы	Сынама саны	ИЭ,%	ИИ
Ұрғашы қой (4-5 жыл)	12	33,3	3-8
Еркек қой (4 -6 жыл)	8	25,0	1-3
Тоқты (1 жылға дейін)	10	-	-

Нәжіс сынамаларын біз Фюллеборн әдісімен зерттедік. Сонымен қатар Вайда әдісімен қойдың құмалақтарын балаңқұрттарға зерттедік. Зерттеу нәтижелері кестеде сипатталған. Ұрғашы қойдан 12 нәжіс сынамасы алынып зерттелді, оның 4 сынамасында стронгилят жұмыртқалары табылды инвазя экстенсивтілігі 33,3%, инвазия интенсивтілігі 3-8 болды, еркек қойлардан 8 сынама зерттелді инвазия экстентисвтілігі 25%, оның 2-де стронгиляттар анықталды, инвазия интенсивтілігі 1-3 дейін, тоқтылардан 10 сынама алынып зерттелді, олардан стронгиляттар анықталмады. Өйткені біздің тәжірибеміз бойынша, жас тоқтылар стронгилятоздарды жайлым уақытында шөп және су арқылы жұқтырады. Күзде туған қозылар әлі жайылымға шықпаған, олар тек төмен деңгейде эймерия ооцисталармен залалданғаны анықталды. Вайда әдісімен қой құмалағын тексергенде стронгилят балаңқұрттары анықталған жоқ, сынамада микроскоптін 40х8,0 ұлғайтуымен қарағанда тірі инфузория қарапайымдары анықталды.



1-сурет. Ұрғашы қойдың нәжіс сынамасындағы стронгилят жұмыртқалары

Стронгиляттардың түрі, олардын балаңқұрттарының ішек жасушаларының пішіні мен санына қарап малдың тірі күйінде гельминтолярвоскопия әдісімен зерттеп анықталады.

Әдебиеттер тізімі

1 Barutzki D. Parasitosen bei Schaf und Ziege in Deutschland / D. Barutzki // Tierarztl. Prax. – 1990. -№2. – S. 245-250.

2 Komoin – Oka, C. Epidemiologie des parasites des ovins de la zone sud forestierere de la Cote d, Ivoire / C. Komoin – Oka, J. Zinsstag, V. S. Pandey, F. Fofana, A. N, Depo // Rev. elev. et. med. vet. pays trop. – 1999. - № 1. – P. 39 – 46

3 O.Callagan, M.G. The prevalence and distribution of nematodes of sheep in South Australia / M.G. O,Callagan, E. Ockleshaw, J. Allen // Trans. Roy. Soc. S. Austral. – 1998. - № 1 – 2. – P. 87 – 88.

4 Стариков Р.А. Новые лекарственные формы альбендазола против желудочно-кишечных стронгилят у овец /Р.А.Стариков, В.И.Колесников //Межд. научно-практ. конф.

Состояние, перспективы, стратегия развития и научного обеспечения овцеводства и козоводства РФ. - Ставрополь,2007.-Ч.3. -С.88-90.

5 Карабаев Д.К.//Тр.КазНИВИ. - Алма-Ата. 1973.-Т.15. - С.283-295.

6 Жумадилов К.//Тр.КазНИВИ.- Алма-Ата. 1975. - С. 169-170.

7 Кожабаев М., Сулейменов М.А., Бердикулов М.А., Каратаев Ш. и др.//Теория и практика паразитарных болезней животных.-2013. Вып №14.- С.168-171.

8 Klimova E., Kudrin M., Krylova T., Maksimova E., Mikheeva E.A. (2020) Fascioliasis and strongylatosis of cattle: economic loss and control measures.Adv.Anim.Vet.Sci.8(s3):56-62.

ӘОЖ 616.34-008.895.1:639.129(045)

ЖАБАЙЫ ҚҰСТАРДЫҢ ГЕЛЬМИНТОЗДАРЫ

Құлжанов Айбек, 2 курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстанда су құстардың және балықтардың гельминтоздарын зерттеуінде өте көп үлесін қосқан профессор Х.И.Егізбаева және А.И. Агапова [1]. Жалпы орнитолог мамандарының мәліметтері бойынша Қазақстанда 500 жуық құстардың түрлері белгілі, олар 214 туысқа, 59тұқымдасқа және 20 тармаққа жатады. Суда мекендейтін жабайы құстардан аңшылық жағынан маңызды: қызылжемсаулы гагара (*Collumbus stellatus*), кішкене сұқсыр үйрегі (*Podiceps minor*), үлкен сұқсыр (*Podiceps cristatus*). Қазақстанның сол түстік аймақтарында қарашақаз (*Branta bernicla*), қызылжемсаулы қарашақаз (*Branta ruficollis*), миграцияға бейім қыста Алакөл мен Сырдария аралығында болатын қырманқаз (*Anser fabalis*), ал көптеген сулы аймақтарда кездесетін және сирек орын ауыстыратын ол ақ қаз (*Chen caerulescens*) [2]. Башқұртстанда Valuev V.A. зерттеулері бойынша сұңқар тәрізділердің тармаққа жататын 10 түрінен 21 түрлі тоғышар құрттар анықталған, ең көп түрлері құрттардың саз құладынынан (Circus aeruginosus) олардын залалдану деңгейі сұңқартәрізді құстармен және көкектермен салыстырғанда 44,7% жеткен. Қазіргі уақытта еліміздің әр түрлі мекен жайында су құстарында 80 жуық гельминттердің түрлері анықталған [3].

Омбы облысында О.Л.Пенкина, Е.Л.Ушакова, А.М.Иванюшина, Т.Ю.Чеботарева зерттеулері барысында 2015 жылы 25 зерттелген жабайы құстардын 16 (64%) гельминттерді жұқтырған болды. Олар сорғыш құрттар класына жататынтрематодалар нотокотилдер, эхиностомалар, ал нематодалардан амидостомоз ауруын қоздыратын құрттар болып дәлелденді. Жабайы құстардан көптеген аурулар үй құстарына жұғады өйткені олардын қорегі мен су тоғандары біріккен. Жабайы құстардын басым түрлері көптеген гельминттердін соңғы иесі болып табылады және олар үй құстарымен бір су тоғандарында мекендейді [4].

Құстардын қиында тоғышар құрттарыныңжұмыртқалары арқылы анықтағанда келесі морфологиялық ерекшеліктерге назар аудару қажет:көлемі, пішіні, сыртқы қабығы, даму дәрежесі(ішкі құрылысы біркелкідәңтәрізді, немесе жұмыртқалары әр түрлі бөлшектену деңгейінде дамыған, немесе ішінде ұрығы орналасады) және басқа ерекшеліктері (қақпақшаның болуы, ұрық ілмектері, филаменттер, шет жағындағы тығынтәрізді құрылымдар). Құрттар су құстарында кездесетін негізі үш класқа жатады трематода-сорғыш құрттар, цестода-баулы құрттар, нематода – жұмыр құрттар. Трематода құрттарының жұмыртқа пішіні сопақша бір жақ ұшында сәл ізтәрізді қақпақшасы болады, ал оған қарсы шетінде төмпешік, тікені немесе басқа құрылымы болады. Notocotylidae тұқымдасына жататын құрттарының жұмыртқаларының екі үйегінде де филаменттер

болады. Цестода құрттарының жұмыртқалары сопақша пішінді, оның ішінде көптеген түрлерінде жақсы дамыған ұрығы онкосферасы 6 эмбрионалды ілмегімен қамтылған. Нематода құрттарының жұмыртқаларында қақпақшасы және 6 эмбрионалды ілмегі болмайды. Пішіндері әртүрлі - домалақ, сопақша, асимметриялы- сопақша, бөшкетәрізді және т.б. Көптеген түрлерінде құрттардын жұмыртқалары сопақша келеді. Копрологиялық зерттеулерді бір уақытта құстарды паразитологиялық жарып сою әдісімен бірге жүргізу дұрыс, өйткені қауіпті түрлерін анықтауға ықпал етеді және гельминтоздардын түрін дәлелдеп алдын алу шараларын жоспарлап қарастыруға болады [5].

Құстардын гельминт түрлерін анықтау үшін тірі күйінде копрологиялық әдістерді қолдану керек, солардын ішінде қалыпты Фюллеборн әдісімен инновациялық модификацияланған әдістерді тосол мен антифризге тұз қосып дайындалған ерітінділер соңғы 5-8 жылда тиімді нәтиже көрсетті. Ал нақты гельминтозды анықтау мақсатында К.И.Скрябинның ұсынған құсты толық гельминтологиялық сою (ҚТС), жеке мүшені толық емес гельминтологиялық сою (ТЕГС) қолданылады.Су құстарда жиі кездесетін гельминттердін морфобиологиялық сипаттамасы 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте1 -Су құстарында жиі кездесетін гельминттердің қысқаша сипаттамасы

Құрттардың класы	Құрттың түрі	Құс түрі және құрттың ағзада орналасуы	Морфологиялық құрылысы	Даму циклі
Трема тодалар	*Prosthogonimus cuneatus , Prosthogonimus ovatus*	Тауық, күрке тауық, сиректеу үйрек пен қазда кездеседі. Балапандарда фабрицев қалтасы, ал ересектерінде – жұмыртқа жолында.	Алмұрт пішінді, ұзындығы 3-6 мм, ені 2мм, өңеші қысқа трематода.	Аралық иелері – тұщы су ұлулары – битиния, қосымша иесі – инелік. Негізгі иесі- құстар
	Echinostomare volutum, Hypodereum conoideum және Echinopariphiumre curvatum	Үйрек, қаз, сиректеу тауық, күрке тауық және көптеген жабайы су құстарының ішегінде кездеседі.	Тірі кезінде қызыл түсті, ұзындығы 9-12мм, ені 0,85-2мм, денесінің алдыңғы бөлігінде ілмекшелермен қаруланған адоралды диск (жаға тәрізді) орналасқан.	Аралық иесі – тұщы су ұлуларының көп түрлері, қосымша иесі – ұлу, жәндік, балық (горчак) пен бақаның қатысуымен дамиды. Негізгі иесі- құстар

Цестодалар	*Gastrotaenia dogeli, Gastrotaenia kasachstanica*	Үйрек балапандары сирек ересек құс бөтегесін зақымдайды.	Стробиласы цилиндр тәрізді, бунақталмаған, ұзындығы2,25-3,63мм, ені 0,21-0,25мм. Сорғыштары сопақтау. Тұмсығының диаметрі 0,027-0,045мм, ілмешегі 10.	Аралық иелері – диаптомус шаяндарының екі түрі Негізгі иесі-үйрек.
	Diorchiselisae, Diorchis stefanskii, Diorchis ransomi	Үйрек, қаз және жабайы су құстарының ащы ішегінде орналасады	D.elisae – стробила ұзындығы 137, ені 1,95мм. D.stefanskii – стробила ұзындығы 188-279мм, ені 1,5-1,7мм D.ransomi – стробила ұзындығы 150-200мм, ені 1,8мм.	Аралық иелері: тұщы судың шаяндары: Cypridopsis vidua, C.laevis Қазақстанда сонымен бірге Cyclops vicinus, Heterocypris incogruens, H.madasani, Cyclocipris laevis түрлері ауру қоздырушысын таратуда. Негізі иесі-үйрек, қаз және жабайы су құстары.
	Drepanidotaenia lanceolata, Drepanidotaenia przewalskii	Су құстарының ащы ішегінде орналасады	Ұзындығы 12-23см, ені 11,5мм, ақ түсті ірі цестода. Сколексі алмұрт пішінді, төрт сорғышы бар, 8 ілмекпен қаруланған.	Аралық иелері – шаяндар түрлері – циклоптар мен диаптомустар. Негізгі иелері су құстары

Нематодалар	*Amidostomum anseris*	Қаз, үйрек және тағы басқа су құстары бөтеге кутикуласының астында мекендейді.	Жіңішке келген қызғылт немесе ақшылт-қоңыр түсті, ауыз капсуласы үш конус тәрізді хитинделген тісшелерімен қаруланған. Аталығының ұзындығы 10-14мм, ені 0,2мм; спикулалары тең, денесінің артқы жағы копулятивтік бурсамен аяқталады. Аналығының ұзындығы 15-20мм	Аралық иесіз дамиды.
	Streptocara crassicauda	Үй және жабайы қазтектестердің бөтегесінде болады	Жіңішке жіптәрізді 11мм-дей нематода. Өңеші екі бөлімнен (безді және бұлшықетті) құралған. Аталығының екі спикуласы теңемес (бірі – ұзын, жіңішке; екіншісі – қысқа, жуан).	Аралық иесі – гаммарус (су шаяндары), қосымша иесі – балықтар. Негізгі иесі- үй және жабайы қазтектестер
	Ehinuria uncinata		Ұсақ (3-4мм), жыныстық диморфизмі жете дамыған. Аналықтары қапшық тәріздес, қызғылт түсті денесінің артқы жағы жіңішке жіпшемен аяқталады. Аталықтары жіңішке, жіп тәрізді, денесін 4 қатар орналасқан істік өскіндер басқан.	Аралық иелері – гаммарустар, су есегі, дафний, жіпшелі құрттар; резервуарлық иелері – балықтар (тұқылар мен ұсақ гольяндар). Негізгі иелері- құстар

Тікен бас құрттар (Скреб-нийлер)	*Polimorphus magnus, P.minutus*	Үйрек, қаз және басқа су құстарының ащы ішегінде	Денесі ширатылған жіптей, 9-15мм, алдыңғы жағы кеңейіп тікенектермен қаруланған, тұмсығында 100-ге жуық ілмекшелері орналасады	Аралық иелері гаммарус шаяндары, резервуарлық иесі – балықтар. Негізгі иесі- үйрек, қаз және басқа су құстары

Сонымен, су құстарында негізгі төрт класқа жататын- трематода, цестода, нематода және тікенбас құрттар болады, көбінесе олар биогельминттерге жатады. Олар әртүрлі аралық және қосымша иелердің қатысуымен дамиды, ағзада орналасуы басым түрлерінде ас қорыту жүйесімен байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1 Кәдіров Н.Т. және басқалары //Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары.Оқулық.- Павлодар,2010.-755с.

2 Рябицев В.К.,Ковшарь А.Ф.,Ковшарь В.А.,Березовиков Н.Н/Полевой определитель птиц Қазахстана.-Алматы, 2014.-512с.

3 Valuev V.A. Helminths of wild birds in Baskortostan//Parazitologiya 44(5),2010.-p.419-427.

4 Зараженность гельминтами диких водоплавающих птиц в Омской области/ ПенкинаО.Л., УшаковаЕ.Л., Иванюшина А.М., Чеботарева Т.Ю // Вестник КрасГАУ, 2017. №2.-С.60-64.

5 Паразитологическое исследование птиц / ДубининаМ.Н.//Изд: Наука, Л.Вып 4.1971.-139с.

УДК 636.8

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ОЦЕНКА ПРЕПАРАТОВ С ГЕПАТОПРОТЕКТОРНЫМ ДЕЙСТВИЕМ ПРИ ЛЕЧЕНИИ ГЕПАТИТА У КОШЕК

Касьянова А. К., студент 5 курса
Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г. Нур-Султан

Печень играет центральную гомеостатическую роль в организме, участвуя в нескольких метаболических путях. В дополнение к метаболическим функциям печень является местом синтеза альбумина и большинства факторов свертывания крови. Печень также накапливает гликоген, который необходим для баланса глюкозы, помимо других жизненно важных функций. Она обладает большой емкостью для хранения, функциональным резервом и способна к регенерации. Эти свойства обеспечивают некоторую защиту от необратимых повреждений [1].

Однако печень также подвержена повреждениям из-за ее роли в метаболизме, детоксикации и хранении различных токсичных соединений.

Гепатит - это воспаление ткани печени, а следовательно, и самой печени. Воспаление печени может возникнуть из-за многих причин; вот наиболее распространенные и

частые причины: вирусная гепатит, паразитарный гепатит, токсический гепатит, новообразования [2,3].

Целью работы является изучение в сравнительном аспекте препаратов с гепатопротекторным действием при лечении гепатита у кошек.

Материалы и методы. Исследования проведены в условиях ветеринарной клиники ИП «Айболит». Для диагностики патологий были использованы: клинические методы исследования (сбор анамнеза, осмотр, термометрия, пальпация, перкуссия, аускультация), лабораторные методы (общий анализ крови и биохимический анализ крови(АЛТ, АСТ, общий белок), биофизические методы (ультразвуковое исследование брюшной полости с применением аппарата УЗ-диагностики).

Исследование проводились на 6 кошках разного пола, возраста и породной принадлежности. Кошки сходны по массе – в среднем (3,5±1 кг). Возраст – 2-3 года. В основном, кошки домашнего содержания, рацион которых состоял преимущественно из пищи со стола и готовых рационов для животных.

Результаты исследований.

Признаки того, что у кошки заболевание печени, могут варьировать и включать потерю аппетита, рвоту, язву желудка, диарею, лихорадку, проблемы со свертываемостью крови, желтуху, вздутие живота, чрезмерное мочеиспускание и жажду, изменения размера печени, потерю веса и иногда желудочно-кишечное кровотечение.

Наиболее распространенным симптомом гепатита у кошек обычно является потеря аппетита и вялость. Накопление токсинов в организме влияет на нервную систему, и можно наблюдать связанные с этим симптомы, известные как "печеночная энцефалопатия", включая изменения в поведении, аномальные движения и даже судороги. Бездеятельность и депрессия - обычное явление.

Желтуха может быть еще одним симптомом. Это скорее специфический симптом заболевания печени и заключается в накоплении билирубина (желтого пигмента) в тканях. В случае хронического гепатита наблюдается потеря веса и асцит (скопление брюшной жидкости) [4].

Рис. 1 - Желтушность слизистых оболочек

После проведения УЗИ диагностики была получена эхокартина поражений печени у кошек.

Рис. 2 - Проведение УЗИ

Рис. 3 - Эхокартина печени

Лабораторные методы исследования позволили установить состояние биохимических показательный крови у больных животных.

У кошек, больных гепатитом были получены следующие результаты.

Таблица 1 - Биохимические показатели крови у кошек

Исследуемые показатели	Результаты исследования	Нормативные значения
АСТ, ЕД/л	48,1	9-29
АЛТ, ЕД/л	80	19-79
Билирубин общий, мкмоль/л	2,4	1,7-5,1
Креатинин, мкмоль/л	151	70,0-165,0
Общий белок, г/л	52 г/л	54,0-77,0
Глюкоза, ммоль/л	5,0	6-8

По результатам биохимического анализа были обнаружены следующие изменения.

Так, каталитическая активность аспартатаминотрасфераза была повышена на 39,7%, при нормативном значении для кошек - 9 - 29 ЕД/л. Причиной повышения активности АСТ может быть острый и хронический гепатит. Активность аланинаминотрансферазы также была повышена до 80 ЕД/л, при рефферентной величине для кошек -19-79 ЕД/л.

АЛТ в кровь обычно практически не поступает, однако при разрушении клеток, и особенно клеток печени, в результате патологических процессов, его содержание в крови у кошки значительно повышается. Увеличение активности ферментов переаминирования может свидетельствовать о патологии печени.

Содержание билирубина и креатинина в крови у кошек было в норме в течение всего периода наблюдения. Однако содержание креатинина приближалось к максимальным нормативным значениям и составляло 151 мкмоль/л.

Содержание общего белка было понижено на 3,7%,, при нормативной величине для кошек- 54,0- 77,0 г/л. Снижение концентрации общего белка также указывает на недостаточность белковообразовательной функции печени и ее патологию.

Содержание глюкозы в крови у кошек до и после лечения оставалось без существенных изменений.

Перед исследованием кошек делили на две группы – первой опытной группе (n=3) внутримышечно вводили препарат «Гепасейф», в дозе 25 мг/кг массы, второй группе (n=3) внутримышечно вводили препарат «Гепатоджект», также в дозе 25 мг/кг массы.

На всем протяжении опыта за животными вели клинические наблюдения, и регистрировали показатели. В период всего опыта вели наблюдение за состоянием и поведением животных, динамикой роста массы тела. По завершению эксперимента проводили исследования по оценке функционального состояния печени, изучали влияние препарата на гематологические и биохимические показатели.

На 4-е сутки после начала лечения в первой группе животных, которым назначали препарат «Гепасейф», отмечали улучшение общего состояния. Кошки принимали корм, совершали активные движения, активно реагировали на внешние раздражители. Во второй опытной группе улучшение общего состояния животных отмечали только на 8 сутки.

На 10 сутки после назначения препарата «Гепасейф» у животных первой опытной группы клинических симптомов не отмечалось, вместе с этим у большинства животных второй опытной группы отмечалась незначительная гиподинамия.

У животных второй опытной группы, получающих препарат «Гепатоджект» выздоровление наступало только на 14 день после начала лечения.

Выводы. Таким образом, препарат «Гепасейф» обусловлил более быстрое выздоровление животных, по сравнению с препаратом «Гепатоджект». В результате проведения клинических и биохимических исследований установлено, что препараты «Гепасейф» и «Гепатоджект» эффективны при лечении гепатита кошек.

Список литературы

1 Кучук Э.М. Биохимия специализированных тканей.- Бишкек: КРСУ.-2014.- С.12.

2 Папуниди К.Х., Горшков В.А., Игнаткина В.А. и др. Болезни печени. - М.: Изд. ФГОУ ВПО «КГАВМ».- 1996.-С.70.

3 Josie F. Turner. Hepatitis in Cats-Causes. Symptoms and Treatment/ Journal of Animal Welfare, 2016.-pp 34-38.

4 Чандлер Э. А. Болезни кошек : Практика ветеринарного врача / Э. А. Чадлер, К. Дж. Гаскелл, Р. М. Гаскелл/.- 2012.- 292 с.

ӘОЖ 619:615.284

АНТИГЕЛЬМИНТТІК ПРЕПАРАТТАРЫНЫҢ ҚОЙ ДИКРОЦЕЛИОЗЫ КЕЗІНДЕГІ ЭФФЕКТИВТІЛІГІ

Несіпбек М., 5курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан

Дикроцелиоз – космополиттік паразиттік зооноз, қазіргі таңда мал шаруашылығының рентабельділігіне айтарлықтай әсер етеді. Фермерлік шаруашылық жағдайында аурудың алдын алу және дикроцелиоз қоздырғышының инвазиялануын бақылау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру кезінде өнім шығынын азайту үшін жануарларды дегельминтизациялау ең қолайлы технология болып саналады [1, 2]. Сонымен қатар, дегельминтизация сапасы, негізінен, қолданылатын препараттың жою белсенділігіне байланысты. Күйіс қайыратын жануарлардың дикроцелиозымен күресу үшін антигельминттік белсенділігі салыстырмалы түрде жоғары бірқатар препараттар ұсынылды [3, 4, 5]. Дегенмен, қоздырғыштардың әртүрлі фармакологиялық топтағы препараттарға резистентілігін қалыптасуына байланысты тиімді антипаразиттік терапияны жасау қазіргі гельминтологияның өзекті мәселесі болып табылады [6]. Эксперименттік жағдайларда дикроцелиоздың тиімді терапиясы препаратты таңдауға және дұрыс мөлшерлеуге байланысты екені белгілі.

Бұл өндірістік тәжірибенің мақсаты – ұсақ мал дикроцелиозы кезінде ангельминтиктердің бензимидазол және пиразинизохинолин топтарының тиімділігін зерттеу болып табылады.

Материал мен әдістер. Зерттеу жеке шаруашылықта (Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы) 2021 жылдың мамыр айында еділбай тұқымды 24 бас дикроцелиялармен өздігінен залалданған қойларға жүргізілді. Олар 4 топқа, әрқайсысы 6 бастан бөлінді.

Бірінші топтағы жануарларға «Альвет суспензиясы» («ВетФарм» ЖШС) дозасы 0,75 мл/10 кг тірі салмаққа, екінші топтағы жануарларға «Празиквантел» (КазНИВИ ЖШС) дозасы 1табл/5 кг ішке берілді. Үшінші топтағы жануарларға ішке Альвет суспензиясы (0,5 мл/кг дозада) + Празиквантел (1 таб/10 кг дозада) берілді. Препараттар қойдың дене салмағын (ДС) ескере отырып, алдын ала аштық диетасыз қолданылды. 4-ші бақылау топтың қойлары емделген жоқ.

Тәжірибе барысында жануарлар бірдей жағдайда ұсталды.

Тәжірибе барысында қойлардың жалпы клиникалық жағдайы қабылданған әдістер бойынша күнделікті бақыланды.

Электронды микроскопия (ЭМ) үлгіні алу үшін жеделдетілген электрондардың сәулесін пайдалану құралы ретінде электронды қолданады. Бұл әдіс жарық микроскопиясына қарағанда жоғары үлкейту мен ажыратымдылықты қамтамасыз етеді. Жарық микроскопиясында көрінетін жарық 10-1000 есе үлкейтетін оптикалық линзалармен үлгіні үлкейту үшін қолданылады. ЭМ вакуумда орындалады және электронды сәулені объектіге тікелей бағыттайды, ал суреттер электромагниттік линзалар арқылы үлкейтіледі. Бұл микроскопия әдісінің артықшылығы-үдеткіш кернеуде қысқа толқын ұзындығы бар электрондарды қолдану. ЭМ сперматозоидтың ультра құрылымы мен морфологиялық сипаттамалары туралы түсінігімізді едәуір кеңейтеді. Ең көп таралған екі электронды микроскоп-бұл электронды (TEM) және сканерлейтін электронды (СЭМ). Бұл жетілдірілген микроскоптарда суретте электронды сәулені фокустау үшін электромагниттік линзалар қолданылады [4].

Ағынды цитометрия. Ағынды цитометрия (FC) - бұл қысқа уақыт ішінде мыңдаған жеке жасушаларды талдауға мүмкіндік беретін көрнекті жүйе. Ағынды цитометрия сперматозоидтардың көп мөлшерін, сондай-ақ флуоресцентті қосылыс арқылы өлшенетін бір сперматозоидтың физикалық сипаттамалары бар жеке жасушаларды талдауға мүмкіндік береді. Ол сұйық, оптикалық және электронды жүйелерден тұрады, олар лазер көзі арқылы өтетін сұйықтықтағы бөлшектердің флуоресценциясының физикалық оптикалық және химиялық сипаттамаларын өлшеуді қолданады. Қысқаша айтқанда, бұл әдіс сперматозоидтардың аз мөлшерін және суспензиядағы флуоресцентті маркерлермен белгіленген бөлшектердің үлгілерін қажет етеді, оларды құрылғыдағы ағындық жасушаға енгізуге болады. Кейіннен флуоресценция сіңіп, бөлшектердің сәулеленуінен флуоресценция толқын ұзындығын флуоресцентті жолақтарды өлшеуді тудыратын екі оптикалық линза анықтайды. Деректерді жинау кезінде сперматозоидтардың сипаттамаларын ескере отырып, спермаға жатпайтын шашырау ескеріледі және флуоресценция флуоресценцияның жалпы қарқындылығынан алынады. Ағынды цитометрия жүйелерінің екі түрі бар, олардың біреуі сұрыптау қабілетіне ие (флуоресцентті активтендірілген ағынды цитометрия-FACS) жасушаларды физикалық түрде бөлуге және тазартуға мүмкіндік береді. Екіншісі-флуоресцентті сәулеленуді жоғары қайталанғыштықпен, дәлдікпен және сезімталдықпен өлшейтін сұрыптаусыз. Ол субпопуляциялар туралы жоғары өткізу қабілеті бар деректерді шығарады, сонымен қатар шәуетсияқты гетерогенді популяциялардың өлшемдерін тіркейді. Бірнеше сперматозоидты органеллалардың құрылымын бір уақытта цитометрия арқылы бағалауға болады. Жасушалардың өміршеңдігін талдау мембраналардың молекулалық анатомиясы мен физиологиясымен байланысты өміршең және өміршең емес сперматозоидтарды анықтауға көмектеседі. Нақтырақ айтсақ, криоконсервация процесінде температураның өзгеруі және осмотикалық стресс плазмалық мембрананың зақымдалуына байланысты сперматозоидтардың өміршеңдігін төмендетеді. Бұл әдіс гомодимер этидия (EH), пропидия йодиді (PI), yo-Pro-1 бояғыштары және Hoechst 33258 бизбензимидазол сияқты зондтарды лазерлерді қоздыру үшін бөлек немесе басқа бояғыштармен бірге қолданады [5].

Тотығу стрессін талдау. Тотығу стресс ұрыққа зиянды әсер етеді, ұрықтандыру қабілетін нашарлатады. Бұл гидроксил радикалы (OH), супероксидті анион (O2) және ра-

дикалды емес сутегі асқын тотығы (H2O2) сияқты радикалдардан тұратын АФК түзілуіне байланысты. Криоконсервация және еріту кезінде сперматозоидтар суық соққыға ұшырайды, содан кейін АФК-ның артық мөлшері мен липидтердің асқын тотығуына әкеледі. АФК және тотығу формаларын басқа тәсілдермен салыстырғанда ағынды цитометрия арқылы дәлірек және репродуктивтілікпен анықтауға болады. 2,7' - дихлордигидрофлуоресцеин диацетаты (H2DCFDA) әдетте жасушааралық H2O2 өлшеу үшін АФК индикаторы ретінде пайдаланылады. Неф-флуоресцентті H2DCFDA жасуша мембранасына еніп, жасушаішілік эстеразалармен бөлінгеннен кейін жасушааралық кеңістікте тұрақты болады. Тотығу кезінде ол ~517-527 нм жасыл флуоресценцияны флуоресцентті 2',7'-дихлорфлуоресцеин (DCF) формасына айналдыру арқылы шығарады. Дигидроэтидий (гидроэтидин) - супероксидтің түзілуін анықтау үшін қолдануға болатын белгілі бір AFC зонд-индикаторы. Азайтылған форма супероксидпен тотығады және ДНҚ-да интеркалирленгеннен кейін 610 нм қызыл флуоресценцияны шығарады. Бұл зонд тірі жасушаларда АФК түзілуін жақсы анықтау үшін өміршеңдік маркерлерімен біріктірілуі мүмкін және ұрықтағы жасушаішілік АФК-ны зерттеу үшін қолданылуы мүмкін. 5-хлорметил-20, 70-дихлоргидрофлуоресцеин диацетаты (CM-H2DCFDA), тотығу стресс зонд, H2DCFDA-ға қарағанда жақсы ұстауды көрсетеді және зақымдалмаған жасушалардағы сутегі асқын тотығын өлшейді.

Шәует хроматинінің құрылымы сперматозоидтардың жұмыртқаны ұрықтандыру қабілетін көрсетеді және шәует сапасының көрсеткіші болып табылады. Шәует хроматинінің құрылымын талдау (SCSA) ДНҚ денатурациясын талдауға негізделген, содан кейін шәует үлгілері акридин оранж (AO) араласады, нәтижесінде жасыл флуоресценциядан қызыл флуоресценцияға метахроматикалық ауысу пайда болады. Бұл талдауда AO екі тізбекті ДНҚ-мен (dsdna) араласқанда, ол жасыл түс береді, бірақ бір тізбекті ДНҚ-мен (ssDNA) араласқанда қызыл болады. Толқын ұзындығы 488 нм лазермен әр сперматозоид үшін жасыл және қызыл флуоресценция қоспасынан ағынды цитометрия әдісімен қатынасын анықтау ДНҚ фрагментациясының күйін (ДНҚ фрагментация индексі) және хроматин құрылымын көрсетеді. Сонымен қатар, Dutp Nick-End-Labeling (TUNEL) терминалды трансферазасын сперматозоидтардың ДНҚ фрагментациясын ағынды цитометрия әдісімен бағалау үшін де қолдануға болады. Бұл талдау ферментті, терминалды дезоксинуклеотидилтрансферазды, дезоксиуридин трифосфат нуклеотидтері ДНҚ-ның 3'гидроксил ұштарындағы үзілістеріне енетін диетаны катализдеуді талап етеді. Ағынды цитометриямен бірге TUNEL және SCSA үйлесімділікке ие және сперматозоидтардың бөлінуіне байланысты нақты ақпарат береді [6].

Бұл ғылыми ізденіс «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к. Омарова Қарлығаш Мирамбековнаның жетекшілігімен орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 C M O Medeiros. Current status of sperm cryopreservation: why isn't it better? / C M O Medeiros. F Forell, A T D Oliveira, J L Rodriguesю. [electronic resource] Theriogenology. 2002 Jan 1;57(1):327-44. doi: 10.1016/s0093-691x(01)00674-4.

2 PH Phillips et al. A yolk-buffer pablum for the preservation of bull semen. [electronic resource] Journal of Dairy Science.Volume 23, Issue 5, May 1940, Pages 399-404https://doi.org/10.3168/jds.S0022-0302(40)95541-2

3 J L Bailey. Semen cryopreservation in domestic animals: a damaging and capacitating phenomenon. /J L Bailey , J F Bilodeau, N Cormier.// [electronic resource] J Androl. Jan-Feb 2000;21(1):1-7. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/10670514/

4 J K Sherman. Low temperature research on spermatozoa and eggs. [electronic resource] Cryobiology. Nov-Dec 1964;1(2):103-29. doi: 10.1016/0011-2240(64)90002-1.

5 R Perez-Pe et al. Semen plasma proteins prevent cold-shock membrane damage to ram spermatozoa. [electronic resource] Theriogenology. Volume 56, Issue 3, August 2001, Pages 425-434. https://doi.org/10.1016/S0093-691X(01)00574-X

6 LJ Pérez et al. Evidence that frozen-thawed ram spermatozoa show accelerated capacitation in vitro as assessed by chlortetracycline assay. Theriogenology. [electronic resource] Volume 46, Issue 1, July 1996, Pages 131-140 https://doi.org/10.1016/0093-691X(96)00148-3

ӘОЖ 591.8:001.891 (045)

ЖАНУАРЛАР МҮШЕЛЕРІН АНАТОМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГИСТОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ЗЕРТТЕУ

Құндызбек А., Аманжол Ж., Аманжол Ж., 1 курс студенттері
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Анатомиялық және гистологиялық әдістерді игеру үшін, студенттер сабақтан тыс уақытта в.ғ.к., қауым. профессор м.а. оқытушы Н.Б. Ахметжанованың жетекшілігімен жүргізілетін «Жас морфолог» студенттік ғылыми үйірмеге қатысады. Зерттеуге қойдың тыныс алу мүшесі – өкпе алынды. Біздің ғылыми жұмысымыздың мақсаты – паренхималы мүше – өкпенің қан-тамырлар жүйесін зерттеп, анатомиялық және гистологиялық әдістерді игеру.

Өкпе – *pulmones* - құрылысы бойынша паренхималы мүше. Ол кеуде қуысында орналасады, 3 беткейі болады: қабырғалық, диафрагмалық, медиальды.

Қойлардың ерекшелігі өкпеде, бифуркациядан бұрын кеңірдектен кеңірдектік бронх бөлініп, оң өкпенің краниальды бөлігіне енеді [1].



1-сурет. Қойдың өкпесі. А- кеңірдектік бронх.

Сол өкпе үш бөліктен: краниальды бөліктен (*lobus cranialis*), ортаңғы бөліктен (*lobus medius*) және каудальды бөліктен (*lobus caudalis*), ал оң өкпе төрт бөліктен: краниальды бөліктен (*lobus cranialis*), ортаңғы бөліктен (*lobus medius*), каудальды бөліктен (*lobus caudalis*) және қосымша бөліктен (*lobus accessorius*) тұрады.

Өкпенің қан тамырларымен тарамдалуын көру үшін, біз сұйық бояғыш затпен егу жасадық. Ол үшін мүшені жылы суға салып, сипап, мүшедегі қан тамырларын кеңейттік. Кейін өкпеге вена қанын әкелетін ірі қан тамыры – өкпе артериясын тауып, сол тамырға 2,5 мл бояуды шприцпен баяу енгіздік. Бояу ұсақ капиллярларға таралу үшін, мүшені жоғарыдан төменге қарай сипап өттік. Келесі суретте көріп тұрғандай, бұл мүшенің қан тамырлармен өте жақсы қамтылғанын көрдік. Бұл мүше жүрекпен анатомиялық байланыста көрсетілген.

Мүшеге бояумен егу жасағаннан кейін, гистологиялық препаратқа өкпенің бір бөлігінен 1*1 см кесінді алынды. Кесінді алдын ала дайындалған 10% формалин ерітіндісіне салынды. Кесіндімен бірге өкпенің айналасында орналасқан гемолимфатикалық түйіншелерді салдық. Зерттеу препараттарымыз 10% формалин ерітіндісінде 1 тәулік түрді.



2- сурет. Өкпе қан тамырларының бояғыш затпен визуализациясы

24 сағаттан кейін кесінділер формалиннен алынды, салқын сумен жақсылап шайып, фильтр қағазымен кептірілді. Әрі қарай гистологиялық әдістерді игеру зерттеулері жүргізілді. Зерттеу кесінділерін техника бойынша пайызы жоғарлайтын спирт батареясынан өткізу керек [2]. Ол үшін 90% спирттен 50%, 60%, 70%, 80% спирт дайындадық №3 сурет.



3-сурет. Спирт батареясын дайындау

Спирт ерітінділерінде кесінділер мүшенің құрылысына қарай 1-2 сағат сақталады. Одан кейін нысандарды хлороформға, хлороформ-парафинге, таза парафинге салады. Әрі қарай гистологиялық препаратты дайындаймыз.

Зерттеу нәтижелері бойынша, біз өкпе мүшесінің қан тамырларының тарамдалуын анықтадық және гистологиялықзерттеулердің басты техникасын игердік. 1 курс студенттері болғандықтан, біздің жұмыс жалғасуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жаңабеков К., Жаңабекова Г.К. Жануарлар морфологиясы және латын терминологиясы. [Текст] Алматы, «Сөздік-Словарь», 2005. - Б.318-320.

2 Газизова А.И., Ахметжанова Н.Б., Тожыбаева А.С., Мурзабекова Л.М. Morphological Structure of the Lymphatic System of Sheep Abomasum [Text] // Advances in Animal and Veterinary Sciences 2019. Volume 7. Special Issue 1. Page 15.

УДК 565.3 :638.124.244 (045)

ОСОБЕННОСТИ СТРОЕНИЯ МОРФОЛОГИИ СОСУДИСТОЙ СИСТЕМЫ ПОДЖЕЛУДОЧНОЙ ЖЕЛЕЗЫ ЖВАЧНЫХ ЖИВОТНЫХ

Нариманов Ж.А., студент 1 курса
Свирков Б.В., студент 1 курса
Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, г. Нур - Султан

Лимфатическая система, являясь частью сосудистой и ретикулоэндотелиальной систем, освобождает организм от взвешенных в лимфе инородных тел и микробов. Лимфатические сосуды начинаются в межклеточных пространствах в виде тонких лимфатических капилляров. Лимфатические сосуды, собрав лимфу из задней части тела, органов грудной и брюшной полостей, объединяются в один общий сборный сосуд - млечную цистерну, которая берет начало у второго поясничного позвонка. Лимфатическая система является кроветворным органом и перемещает избыток жидкости, поступающей из крови в ткани и снова в кровь. Лимфа состоит из плазмы и форменных элементов. Плазма лимфы сходна с плазмой крови. Клеточные элементы представлены главным образом лимфоцитами, вырабатываемыми в лимфатических узлах.

Эритроциты отсутствуют, поэтому лимфа представляет собой прозрачную беловатую или желтоватую жидкость. Лимфа входит в лимфатический узел по многочисленным приносящим сосудам, а выходит по более крупным, но меньшим по количеству отводящим сосудам. Через лимфатические сосуды кишечника происходит всасывание жира. Лимфатическая система выполняют защитную роль благодаря фагоцитарной деятельности лимфоцитов и ретикулоэндотелиальных элементов узлов[1,2,3].

Лимфатические узлы выполняют функцию механических и биологических фильтров, в них размножаются лимфоциты (кровообразовательная функция), а так же вырабатываются антитела. Лимфатические сосуды образуются слиянием лимфатических капилляров. По анатомическому строению они более тонкостенные, меньшего диаметра, чем вены, цвет серо-желтый [3,4,5].

Изучение морфологии поджелудочной железы представляют определенный интерес, так как этот орган, являясь железой с двойной секреции, играет важную роль в обмене веществ животного. Работа проводилась под руководством д.б.н., профессора Газизовой А.И.

Целью настоящего исследования было: изучение возрастных изменений экстра- и интраорганных сосудов и морфофизиологических особенностей лимфатических сосудов поджелудочной железы жвачных животных.

Материал для исследования был взят на убойных цехах мясокомбинатов, частном подворье, в ветеринарных клиниках. Было происследовано 7 голов животных мелкого рогатого скота, в том числе 3 козы, 4 овцы, в возрасте от 2 месяцев до 3 лет. Возраст животных определяли по первичным документам, со слов владельцев, и уточняли по зубной формуле. Извлекали органы брюшной полости в анатомической связи. Морфологический метод заключается в измерении исследуемых органов при помощи морфологический линейки, циркуля. Измерялся размер поджелудочной железы, соотношение ее частей, длина отводящих лимфатических сосудов, размер регионарных лимфатических узлов, соотношения коркового и мозгового вещества, определения внутриорганных и внеорганных лимфатических сосудов.

Лимфатическая система поджелудочной железы жвачных животных считается хорошо развитой.

Особенностью строения поджелудочной железы является наличие развитого лимфатического дренажа, способного быстро отводить лимфу в условиях секреции органа, и особенно при повышении внутриорганного давления.

Внутриорганные лимфатические сосуды расположены по ходу дуктулярной и кровеносной системы, начиная с протерминальной дольки, в междольковых соединительно-тканных прослойках, расположение коллагеново-эластических элементов в которых обусловливает степень извилистости внутриорганных лимфатических сосудов. Внутриорганные лимфатические сосуды III-го порядка располагаются соответственно ходу крупных панкреатических протоков и кровеносных сосудов и покидают орган в области выхода главного панкреатического протока и межсегментарных соединительно-тканных прослоек, становясь экстраорганными лимфатическими сосудами 1-го порядка. Поджелудочная железа овцы и козы, соответственно ветвлению секреторного дерева, имеет 5-6 порядков долек.

Структурными элементами каждой дольки являются паренхима, составляющие её основу, строма, трубчатые структуры, нервы. Лимфатические капилляры поджелудочной железы образуют сеть с петлями различной формы овальной, чаще округлой или полигональной формы. Лимфоциркуляторное русло поджелудочной железы начинается лимфатическими капиллярами, которые образуют петли, имеющие преимущественно квадратную или эллипсоидную формы и располагаются в разных плоскостях.

Локальной особенностью являются более мелкие петли лимфатических капилляров в теле поджелудочной железы и более крупные – в хвостовой и головной долях. Лимфатические капилляры, являясь корнями лимфатического русла поджелудочной железы, анастомизируют между собой и формируют в концевых отделах экзокринной части поджелудочной железы трехмерное сети.

В отношении эндокринной части органа мы подтверждаем данные о том, что лимфатические капилляры окружают островки Лангерганса, располагаясь в соединительной ткани и образуя трехмерные сети.

Лимфатические капилляры у животных имеют в головной доле длину 0,1 до 0,5 мм, размер петель в среднем 0,3*1,3 мм, в теле от 0,08 до 0,3 мм, размер петель 0,4*1,8 мм в хвостовой доле -0,12 до 3-х лимфатических капилляров. В результате слияния капилляров

образуются лимфатические посткапилляры, также формирующие петли прямоугольной или овальной формы, которые дренируют лимфу в лимфатические сосуды I – го порядка, сливаясь друг с другом, образуют сосуды II-IV-го порядка, широко анастомизирующие между собой и формирующие внутриорганное лимфатическое сплетение. Лимфатические сосуды в большинство случаев сливаются под углом 30-45 0, и чем выше порядок сосуды, тем более острый угол соединения. Длина лимфатических сосудов первого порядка от 8 до 49 мм в головной доле, 7,0-45,0 мм в теле и 10-55,5 мм в хвостовой доле поджелудочной железы.

Выводы: внутриорганные лимфатические русло поджелудочной железы имеет локальные возрастные и видовые особенности. Локальный особенности являются более мелкие петли лимфатических капилляров в теле поджелудочной железы и более крупные в хвостовой и головной долек, что связано, вероятно, с разницей в размерах элементов экзокринной части этого органа. Лимфатические сосуды имеют различный ход-прямолинейный, дугообразный, зигзагообразный. Топография лимфатических узлов зависит от типа строения поджелудочной железы.

Разнообразные морфологического строения лимфатических узлов связано, вероятно, с особенностью топографии корней и функцией, которую в основном несет данная группа лимфатических узлов. Строение и расположение лимфатических узлов связано с локализацией корней, их взаимоотношениями с кровеносной и дуктулярной системами кишечника, что важно для лимфообращения, движения лимфы в самих лимфатических узлов.

Список использованной литературы

1 Автондилов, Г.Г. Медицинская морфометрия [Текст] /Г. Г.автондилов. /- М.: «Медицина», 1973. -282-283

2 Сапин, М.Р. Лимфопроводящая пути и их место в иммунной системе [Текст] / М.Р. Сапин; Морфология С.- П: «Эскулан»,1998-.3-С.106

3 Горчаков, В. Н. Морфологические методы исследования сосудистого русло. [Текст]. / В.Н.Горчаков - Новосибирск, 1997. Инст. Клинической и экспериментальный лимфологии -436-442 с

4 A.I Gasisova, A. B. Atkenova, N. B. Ahmetzhanova, L.M. Murzabekova, A.S. Bekenova Morphostrukture of immune sistems organs in cattle of different age [Text] // Anatomia, histologia, embriologia. Germania.

5 Газизова А.И., Ахметжанова Н.Б., Тожыбаева А.С., Мурзабекова Л.М. Morphological Structure of the Lymphatic System of Sheep Abomasum [Text] //Advances in Animal and Veterinary Sciences 2019 Volume 7 Page 15.

ӘОЖ:636.02: 636.39.034

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА СҮТТІ БАҒЫТТАҒЫ ЕШКІЛЕРІ ӨСІРУ

Оспанова Т., 4 курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Бүгінгі таңда халықты экологиялқ таза өніммен қамтамасыз етуде, еліміздің экономикасын дамытуды ауыл шаруашылығының маңызы үлкен мәнге ие болып отыр. Себебі, елімізде әлеуметтік-экономикалық қана емес, саяси салмағы да басым жетекші салалардың бірі – ауыл шаруашылығы. Ал ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды саласы мал шаруашылығы болып табылады.

Еліміздің экономикасында жыл сайынғы күрделі өзгерістерге сәйкес мал шаруашылығы саласындағы ғылымдардың алдына іргелі және қолданбалы зерттеулердің деңгейін арттыру, зоотехния, биотехнология, генетика салаларындағы ғылыми таңдауларды жеделдету, олардың тиімділігін көтеру, мамандандыруды тереңдету, мал шаруашылығын қарқынды дамыту арқылы өнім өндіруді еселеп арттыру міндеттері қойылуда. Осы орайда мал шаруашылығынің бір саласы- ешкі шаруашылығының да алатын үлесі зор.

Ешкі шаруашылығы – көптеген елдердің мал шаруашылығы ішінде келешегі зор салалардың бірі. Себебі ешкі ең тез көбейетін жануарлардың бірі. Барлық елде мал шаруашылығы ішінде сүтті ешкі шаруашылығы өнімдері диеталық және емдік құрамымен даму болашағы бар екендігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта сүтті бағыттағы ешкі шаруашылығы барлық Еуропа елдерінде, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландияда кеңінен дамыған. Әсіресе Францияда, Голландияда, Чехияда, АҚШ-та дамыған. Сүтті бағыттағы ешкі шаруашылығы Еуропа мен Жерорта теңізі елдерінде ең дамыған сала. Ешкі сүтін тұтыну еуропалық тамақтану мәдениетінің бөлігі болып табылады. Мәселен, Францияда, Грецияда, Италияда, Испанияда және Голландияда ешкі сүтін тұтыну үлесі (ірімшіктерді ескере отырып) сүт тұтынудың жалпы көлемінің кемінде 15-20% - ын құрайды.

Сүтті ешкі өсіруге үлкен қызығушылық ешкілердің жоғары өнімділігіне және ешкі сүтінің ерекше қасиеттеріне байланысты. Жоғары өнімді сүт ешкілері жылына өз массасынан 15-25 есе көп сүт бере алатындығы анықталды. Ежелгі грек дәрігері Гиппократ б.з. д. 400 жыл бұрын өзінің жазбаларында ешкі сүтін тұтыну туберкулезді емдейді деп

жазды. Шығыс ғалымы Авиценна 1000 жылдан астам уақыт бұрын сүт пен сүт өнімдері балалар мен қарттарға пайдалы деп жазды. Ол ешкі сүтін ерекше бағалады.

Көптеген зерттеулер ешкі сүтінде аллергенді ақуыз мөлшерінің өте аз екенін, сондықтан ешкі сүтінің гипоаллергенділігі, ешкі сүтіндегі май мен ақуыздың жеңіл сіңірілуі – шаруашылықтағы сүт өнімдеріңің де құндылығын арттырады. Ешкі сүтінде калий мөлшерінің жоғары болуы жүрек және қан қысымымен ауыратын науқастарға пайдалылығын көрсетеді.

Сонымен қатар ешкі сүтінде қальций, минералдар мен витаминдердің мол болуы маңызды болса, пребиотиктік қасиеті ас қорыту жүйесін аурудан сақтауға ықпал етеді. Міне осындай көптеген қасиеттері ешкі сүтін емізулі нәремстелер мен егде жастағы кісілерге таптырмас сүт және сүт өнімдері болады [4].

Әлемдік нарықта тұрақты сұранысқа ие және өнімдері жоғары бағаланады. Қазіргі заманда дамыған елдерде ешкі сүтін және одан өндірілетін өнімді пайдалану қарқынды дамып келеді. Дүние жүзілік ауқым бойынша басқа жануарлардың сүтімен салыстырғанда ешкі сүті көптеп пайданылады. Нарықтық экономика жағдайында ешкі шаруашылығы мал шаруашылығының тиімділігі жоғары әрі нәтижелі бағыты болып отыр. Әлемде өндірілетін сүттің 2% ешкі сүті үлесіне тиеді, көптеген мемлекеттерді ол сүт өнімін алуда маңызды рөл атқарады.

Біздің елде тек бірнеше ірі шаруашылықтар бар, ешкі өсіру экономика жағынан тиімді, әсіресе шағын және жеке шаруашылықтарда тиімді болып келеді. Сондықтан қазіргі уақытта Қазақстанға Европа мен Ресей елдерінен ешкі сүті мен өнімдерінің көп бөлігі әкелінуде. Осы байланысты 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мемлекеттік бағдарламасындағы ең маңызды бағыттардың бірі отандық өнім өндіруде АӨК бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру және «Made in Kazakhstan» брендтегі экологиялық таза (органикалық) өнім алу болып табылады [1].

Ешкі шаруашылығы – мал шаруашылығының ішіндегі тез дамитын бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының статистика мәліметтеріне сүйенсек Қазақстандағы қой мен ешкі саны 2018 жылдың 1 ақпанында 18 298,5 мың басты құраса, оның ішінде ешкі саны 2439081 басты құрады [2].

Сүтті бағыттағы ешкі шаруашылығы әлемде кең таралған. Әлемде өсірілетін 148 ешкі тұқымының 61 - і-сүт. Ешкі сүтін өндіру бойынша алғашқы үш орынды Үндістан, Түркия және Греция алады, ал халықтың 100 жанына шаққанда ешкі саны мен ешкі сүтін өндіру бойынша бірінші орын Африка елдеріне тиесілі. Еуропада ешкі сүтін өндіру деңгейі өте жоғары [3].

Республикада сүтті бағыттағы ешкі өсіруді дамыту және осы сала бойынша бәсекеге қабілетті өнімдердің әлемдік нарықтық стандарттарға сәйкес келу перспективалары асыл тұқымды және асыл тұқымды әдістерді, биотехнологияны, өндіріс және өңдеу технологиясын және толық құнды ешкі азықтандыру жүйесін құру және енгізу арқылы шет елден әкелінген сүтті бағыттағы ешкі тұқымдарын жерсіндіріп, мал басын көбейту және жетілдіруді қажет етеді.

Елімізде қазіргі таңда бірнеше шаруашылықтар шет елден әкелінген сүтті бағыттағы ешкі өсірумен айналысуда. Батыс Қазақстанда, Атырау және Түркістан , Алматы облыстарында, Ақмола облысы «Зеренді асыл тұқымды ешкі шаруашылығы» ЖШС жағдайында өсірілетін Заанен сүтті ешкілері әлем бойынша сүттілігі жөнінен екінші орын алатын тұқым болып табылады.

Қазақстанның АӨК-де ұлттық бәсекеге қабілетті өнім болып табылатын ешкі сүтінің өндірісі мен сатылуына мүмкіндік жасайтын Заанен тұқымы ешкілерін жетілдіру және көбейтуде ешкі төлдерінің өсіп-жетілу үрдістеріне ғылыми-негізделген қарқынды технологиясын дайындау бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Заанен сүтті ешкі тұқымы ешкілері мен төлдерінің өсіп-жетілуі және жыныстық-жас топтары бойынша қолайлы

азықтандыру және күтіп-бағу технологиялары, сүт өнімділігі бойынша зерттеулер жүргізіліп, тиімді өсіру технологиясы ұсынылуда.

Заанен тұқымын ерекшелігіне қарай сипаттап кетсек, көптеген жақсы қасиеттерге ие болғандықтан, ірі және шағын шаруашылықтарда сақталуы өте жоғары. Тұқым ірі, сүйектері мықты, массивті. Шоқтығы 90 см ге дейін жетеді. Аяқтары күшті, тік қойылған. Желіні үлкен, алмұрт тәрізді, емізіктері жақсы жетілген. Басы шағын, маңдайы кең, көлемді. Құлақтары үнемі тіке бағытталған.Кейбірінің мойынында «сырғалық» болады – бұл өскін тазақандылықтың айрықша белгісі. Ешкілер ақ түсті, терісінде және желінінде ұсақ дақтар болуы мүмкін. Практикалық тұрғыда барлық текелерінде сақал болады. Мүйіз барлық түр өкілдерінде бола бермейді.

Мамандар бұл ешкілер бірінші төлдеудің өзінде 700 литрге дейін өнім береді деп көрсетеді. Ал, келесі төлдеуде өнімділігі жылына 1-2 тонна сүт алуға дейін өседі. Яғни, төлдеуі көбейген сайын өнімділігі жоғарылайды.4-5 лақтаудан кейін сүт беруі жоғарылайды,бұл кезеңде тәулігіне 12 литрге дейін сүт алуға болады.Сүт сапасы жоғары, дәмі жағымды, нәзік кілегейлі.Сүттің сапа көрсеткіштері мал жасына,сауу маусымына және басқа да факторларға байланысты өзгеріп отырады. Төлдің туған кездегі салмағы 4,5 кг болады және ай сайын 4-5кг салмақтан қосып отырады.Тұқым етті тұқым болмаса да олардан жоғары сапалы ешкі етін алуға болады. 3 тен 5 айға дейінгі ешкі етін қолданған дұрыс деп есептелінеді.Селекцияда жаңа түр алуда жиі қолданылады [4].

Аталған шаруашылық бұдан шамамен 1 жыл бұрын Қажымұқан ауылының іргесінен ашылып, осы көктемде ешкі сүті өнімдерін өндіре бастады. Қазір мұнда 72 ешкіге арналған автоматтандырылған сауын алаңы мен жылына 4 мың тонна сүт өңдей алатын зауыт дайын тұр. Қазіргі уақытта шаруашылықтың емдік қасиеті бар ешкі сүтінен бөлек ірімшік, тәтті сүзбе және шикізат қалдығының қайта өңдеу өнімі маңызды сүт сарысуы секілді 10-нан астам өнім түрі нарыққа шығарылуда.

Сүтті типтің көрсетілінуі – сүтті малдың кешенді сипаттама береді. Ережеге сай, бұл малдар ірі, салыстырмалы кішкентай басты, ұзын мойынды, кең және терең кеуделі, көлемді құрсақты болады. Арқасы мен сегізкөзі түзу, ұзын, кең, аяғы түзу, тұяғы берік. Терісі жұқа, берік, иілімді; жүн жамылғысы жылтыр, жалтырақ. Желіні толық, көлемді, дұрыс дөңгелек немесе алмұрт пішінді, біртегіс дамыған үлестерімен, ірі емізіктерімен және үлкен қормен [5].

Шаруашылықтағы аталық пен аналық ешкілердің дене өлшемдерін алдық, олардың сүтті типті ешкілерге сай болды. Яғни, ересек аналықтардың шоқтығы тура бағытталған, биіктігі 72±0,3см, аталықтардың шоқтығының биіктігі 78±0,8см болды, кеудесі терең және ұзын, аналықтардың кеуде тереңдігі 27,3±0,2см, аталықтарының кеуде тереңдігі 32,4±0,4 см болды.

Шаруашылықтағы заанен тұқымы ешкілері еркек лақты 4,3 кг, ұрғашы лақтарды 3,8 кг салмақпен туады да әрі қарай тұрақты өсіп, 6 айлық жастағы еркек лақтардың салмағы 33 кг, ұрғашы лақ салмағы 31 кг-ға жетеді. Осыған қарап Заанен тұқымы ешкілерінің салмағы мен денесінің көлемі жақсы өсіп жетілетіндігін көруге болады.

Мал азығының құнарлылығы, яғни биологиялық тұрғыдан құндылығы, оның энергетикалық қуаттылығын бағалауда есептелінетін протеин, май, клетчатка мен АЭЗ тобындағы қоректік заттардың жалпы мөлшерімен қоса олардың сапалық құрамын ескеруді талап етеді. Айталық, азық протеинінің (гректің protos - алғашқы деген сөзінен шыққан) құндылығы оның жалпы, яғни "шикі" және қорытылатын мөлшерімен қатар аминқышқылдық құрамын талдауды қажет етеді.

Ешкілер азық түрін онша таңдамайды, басқа малдармен салыстырғанда олар қоректік заттарды, әсіресе, клетчатканы жақсы қорытады. Негізінен, ауа райының бір қалыпты жағдайында ешкілердің қоректік заттарды қорыту үрдісі басқа мал түрлеріне қарағанда айырмашылығы аз. Сонда да, әлемнің әр жерінде жүргізілген 20 зерттеудің 12-сінде, ешкі малы азықтың мынадай қоректік заттарын басқа мал түрлеріне қарағанда жақсы қорытатыны анықталған [6].

Органикалық заттардың мөлшері жоңышқадан дайындалған пішендемеде, сабан қалдығы мен табиғи пішенде, ал шикі протеин жоңышқа шөбінде мол болды. Жоңышқа көк балаусасы құрамында шикі протеин мөлшері сабаннан 1,7 есе, ал арпа жем қалдығынан 2,1 есе көп. Шаруашылықтағы азықтар ішінде шикі клетчатка әсіресе табиғи пішендемеде мол.

Қорыта айтқанда, шаруашылықтағы сауын ешкілерін азықтандыру үшін пайдаланылатын жем-шөп түрлері мен олардың құнарлылық дәрежелері нормаға сәйкес келеді.

Сүтті мал тұқымын селекциялау жұмысында сүт өнімділігі жетекші орында тұрады, әрі сүт өндірудің тиімділігінің негізін қалаушы көрсеткіші болып табылады. Малдардың сүт өнімділігі деңгейіне қарап бағалау кезінде лактация қисық сызығының тұрақтылығын ескерген маңызды, себебі ол малдың ұзақ уақыт мерзімінде интенсивті сүт синтездеу қасиетін анықтайды

Ешкілердің сүт өнімділігіне және ешкі сүтінің химиялық құрамына тұқымы мен жасынан басқа азықтандыру, бағу, сауым мезгілінің кезеңі, сауу қысқалығы, малдың денсаулық жағдайы және т.б сыртқы орта факторлары да әсер етеді [7].

Ақуыздар жануарлар ағзасында негізгі физиологиялық процестерді жүзеге асырады: қозғалыс, ас қорыту, тітіркену, жиырылу, өсу, көбею және басқалар. Жасушаның құрғақ затының кем дегенде жартысы ақуыздарға түседі. Ақуыздарсыз, организмдегі әртүрлі биохимиялық өзгерістерді реттейтін ферменттерсіз метаболизм процестерінің қалыпты ағымы мүмкін емес

Жемшөп протеинін ұтымды пайдалану оның ыдырау процестері мен қарындағы микробтық ақуыз синтезі туралы терең білімсіз мүмкін емес. Сонымен қатар ақуыз сүт сапасына оң әсерін тигізеді [8].

Шаруашылықта ешкі сауу, тиісті температураны ұстайтын жергілікті суды сүзу тазарту суару жүйесі автоматтандырылған. Шаруашылық тиімді азық түрлерін өздерінің азық дайындау цехында дайындайды. Әрбір ешкідегі жеке чип арқылы күнделікті сауылған сүт мөлшері компьютерге тіркеледі.

Заанен ешкілері климатқа тез бейімделгіш тұқым болғандықтан, жергілікті климат жағдайларына бейімделуі жоғары деңгейде болды. Мұндай климат заанен тұқымды ешкі шаруашылығымен айналысуға қолайлы болғандықтан «Зеренді» ЖШС жұмысын нәтижелі жүргізіп келеді.

Қорытындылай келе, Ақмола облысы жағдайында Заанен ешкілерін өсіру тиімділігі жоғары.Алдағы уақытта, өнімнің сапасы түбегейлі жоғарылату және жақсарту бағыттарының бірі – азықтандыруды жетілдіру, яғни өнімнің сапасын жақсарту және мал өнімінің өнімділігін көбейтуді қамтамасыз ету мақсаттарымен әр түрлі жұмыстар жүргізіледі деп жоспарлануда.

Қазіргі уақытта кешенде сүт өнімдерінің көптеген түрі шығарылады. Сүт өнімдері шаруашылықта дайындалатын платикалық бөтелкелерде қапталып шығарылады.

Қазіргі уақытта шаруашылықта ешкі сүтіне 40-тан астам сүт өнімдері, яғни бірнеше ірімшік түрлері, айран, сары май, сүт сары суы, балмұздақ, брынза, құрт, т.б. өндіріліп, еліміздің бірнеше облыстарын қамтамасыз етуде.

Қазақстан Республикасында сүтті ешкі шаруашылығын дамыту біздің еліміздің азықтүлік қауіпсіздігін және шикізатпен қамтамасыз ететін басым бағыттарының бірі болып саналады. Ешкілердің сүт өнімділігін арттыру үшін отандық және шетелдік тәжірибені есепке ала отырып, қолда бар ешкі малымен селекциялық - асыл тұқымды жұмыстарын дамыту керек, қазіргі заманғы технология талаптарына жауап беретін ешкілерді күтіп бағу және азықтандыру технологияларын жетілдіру қажет.

Бұл ғылыми-ізденіс жұмысы а.ш.ғ.к. аға оқытушы М.Қ. Сәденованың жетекшілігімен «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасында жүргізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық нұсқа] 2018 жылғы 10 қаңтар. - https://baq.kz/kk/news/prezident/nursultan_nazarbaevtin _kazakstan_halkina_zholdaui_tolik_nuska 20180110_080400

2 https://eldala.kz/specproekty/2091-kak-kozy-zerendy-zanyali-svoyu-nishu-na-rynke [Электрондық нұсқа]

3 Bowen J. Saanengoats. [Текст]: / VDairyGoatJ.-2007. - №4 - 23 p.

4 Ешкі шаруашылығы [Мәтін]: оқу құралы./ Н.Омарқожаұлы, Ө.Сұлтанов, М.Сәденова. – Алматы: TechSmith, 2022. – 232 б.

5 Сәдірқызы Г. Қазақстан сүт өнімдерімен қаншалықты қамтылған? [Электрондық нұсқа / Г.Сәдірқызы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 17 қазан.

6 Омарқожаұлы Н., Абдрахманов С. «Мал азықтандыру және азықтандыру сапасын бақылау» [Мәтін]: -Астана.-2015. – 174 б.

7 Kliaievic N.V. Seasonal variations of Saanen goat milk composition and the impact of climatic conditions [Текст]: / N.V. Kliaievic, I.B. Tomasevic, Z.N. Miloradovic, A Nedeljkovic, J.B. Miocinovic, S.T. Jovanovic // J Food Sci Technol. Print ISSN: 0022-1155. – 2018. – V. 55(2). – P.299-303.

8 Харитонов, Е. Л. Физиология и биохимия питания молочных коров [Текст]: / Е. Л. Харитонов. - Боровск: Оптима Пресс, 2011. - 311 с.

УДК 636.68.39.37

ОБЗОР И СОСТОЯНИЕ ОТРАСЛИ ПТИЦЕВОДСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Пыжанкина Ю. студент 4 курса
Казахский агротехнический университет им. С. Сейфулина, г. Нур-Султан

Отрасль птицеводства является одной из ключевых в сельском хозяйстве. На сегодняшний день эта сфера хозяйства активно развивается во многих странах мира.

Так как птицеводство осуществляет обеспечение населения продукцией и белками животного происхождения, развитие его является важной задачей.

В советское время Казахстан был в тройке крупнейших производителей мяса птицы. После распада СССР поголовье сократилось, и за годы независимости птицеводство прошло путь от упадка до возрождения. Анализ объема и динамики производства яиц показал, что с 2000 по 2021 г. наблюдался устойчивый рост производства птицеводческой продукции, который обеспечивался в основном за счет повышения продуктивности птицы и улучшения конверсии корма [1,2].

В 2021 году было произведено 282 тысяч тонн мяса птицы. Лидерами по производству являются Акмолинская (94 тонны, что составляет 33,3% от общего производства мяса птицы), Алматинская (88 тонн, что равняется 31,3%) и Восточно-Казахстанская (46 тонн, что составляет 16,3%) области.



Рисунок 1 - Сравнительные данные производства мяса птицы по регионам

Из общего производства мяса птицы наибольшая доля приходится на птицефабрики – 96%, 272 619 тонн, на долю ФХ, КХ, ЛПХ - 4%, 9665 тонн.

За 2021 год в Казахстане было произведено 4819.8 млн. штук пищевых яиц. Лидерами по производству являются Алматинская (809 733 тысяч штук, что составляет – 16,8%), Акмолинская (789 615 тысяч штук, что равняется 16,4%), Карагандинская (650 899 тысяч штук, что составляет 13,5%) (рисунок 2).

Данный обзор и анализ отрасли птицеводства в Казахстане проводился под руководством ассоциированного профессора кафедры Технологии производства и переработки продуктов животноводства Сагинбаевой М.Б.

Из общего производства мяса птицы наибольшая доля приходится на птицефабрики – 73%, 3539,7 млн штук, на долю ФХ, КХ, ЛПХ - 27%, 1280,1 млн штук.

В 2021 году 8,5% от общего производства мяса птицы, что составляет 24 200 тонн, было экспортировано в Россию (18 400 тонн), Кыргызстан (5500 тонн), Узбекистан (200 кг) и т.д.

Так же в 2021 году 3,1% от общего производства яйца, что составляет 215 млн штук, было отправлено на экспорт в Россию (26,4 млн штук), Киргизию (22,5 млн.штук), а также в Узбекистан, Таджикистан и т.д.

Объемы импорта сокращаются в стоимостном выражении – это говорит об адекватности развития птицеводческого комплекса Республики Казахстан – все большие объемы импортозамещения позволяют обеспечить население собственной продукцией. Объем импорта мяса птицы в Республику Казахстан достиг максимального значения в 2012 году. Сокращение объемов импорта в последующий период связано с активным развитием птицеводческих предприятий и фермерских хозяйств на территории Республики Казахстан.

В 2021 году в Казахстан импортировано 168,5 тысяч тонн мяса птицы, из США (106,8 тыс. тонн), Украины (15 тыс. тонн), России (35,7 тыс. тонн), Беларуси (11 тыс. тонн), Китая (1,5 тыс. тонн), Словакии (0,2 тыс. тонн) и Латвии (0,1 тыс. тонн). Импорт мяса снизился по сравнению с 2020 годом на 8 %.

Несмотря на то, что собственное производство пищевого яйца полностью самообеспечивает население, импорт составляет 277 млн. яиц, из которых 62 млн это инкубационное яйцо. Большая доля импортного яйца приходится на Россию(125 млн штук), а также Беларусь, Чехию, Словакию, Канаду и Нидерланды.

В 2021 году объем собственного производства мяса птицы в Казахстане покрывает потребность внутреннего рынка лишь на 66%, что больше на 8%, чем в 2020 году, в то время как пищевым яйцом Казахстан обеспечивает себя полностью.

В прошлом году в стране было реализовано 427 тысяч тонн мяса птицы. Из них доля отечественного производства составила 283 тысяч тонн (по сравнению с 2020 годом – доля увеличилась практически на 17%) [3,4].

Развитие казахстанского птицеводства, несмотря на сложности 2020 года, идет довольно быстрыми темпами. Птицефабрики Казахстана постепенно восстанавливают свое производство, после вспышек птичьего гриппа в конце 2020 года, потеря около 2 млн голов птицы, привела к снижению производства яиц на 1 млрд штук, то и мясное птицеводство уверенно набирает обороты.

Увеличение поголовье птицы на 1 615 723 голов (3,7%) привело к увеличению производства куриных яиц 94 733,8 млн штук (15,4%) по сравнению с прошлым годом.

Производство мяса птицы также идет со стабильным увеличением в производстве на 8,8% за счет запуска новых птицефабрик и увеличения мощности действующих. Такими темпами наращивания производства мяса птицы к 2027 году Казахстан выйдет на полное само обеспечение мясом птицы.

Поголовье птицы по данным на 1 марта 2022 года составило 45 242 197 голов, что по сравнению с аналогичной датой прошлого года увеличилось на 3,6%, забито в хозяйстве или реализовано на убой птицы 47 761 (в убойном весе), что по сравнению с прошлым годом увеличилось на 8%. Возросло и количество полученных куриных яиц на 13% и составило 708103 тыс. штук, по сравнению с прошлым годом [3].



Рисунок 3 - Сравнительная диаграмма объема производства мяса птицы на 1 марта 2021 и 2022 года в Казахстане

Мировой рынок мяса птицы будет разделен с точки зрения покупательной способности, тенденций потребления и каналов сбыта.

До сих пор рынки по-разному реагировали на нарушения, вызванные кризисом COVID-19, разделяя потребительские привычки между потребителями, компаниями с точки зрения производительности и регионами по всему миру, если мы принимаем во внимание каналы распространения [5].

Старший специалист по анализу белков животного происхождения Нан-Дирк Малдер отмечает три этапа:

Этап 1. Срыв (2020 г.): значительный сбой на рынках, в торговле и цепочках поставок с более значительными различиями в показателях деятельности компаний, чем когда-либо в истории.

Этап 2. Путь к восстановлению (2021): Последствия пандемии в первом квартале приведут к дальнейшему воздействию на каналы сбыта, со скачком розничного и Интернет-спроса, а также низким спросом на продовольственные услуги. Условия на рынке постепенно начнут восстанавливаться, поскольку COVID-19 стал немного более контролируемым во второй половине 2021 года и в 2022 году, когда вакцины приобрели более широкое применение. Все это происходит в условиях высоких и нестабильных затрат на корма. Ключевыми задачами для инвесторов на этапе 2 отмечаются позиционирование рынка, контроль расходов, закупки и управление поставками.

Этап 3. Последствия (2022): Возврат инвестиционных возможностей для глобальной промышленности в условиях после коронакризиса. Спрос на птицу будет характеризоваться значительным и постоянным ростом. Цепи поставок должны стать технологичнее, умнее и устойчивее. Рост популяризации мяса птицы местного производства.

На сегодняшний день в птицеводстве выделяются следующие слабые стороны:

1) Слабый уровень биологической безопасности
2) Низкая конкурентоспособность РК по сравнению с ЕАЭС
3) Неразвитость племенного птицеводства
4) Низкая доля внутреннего производства мяса птицы
5) Отсутствие программы развития птицеводства на региональном уровне

6) Высокая стоимость компонентов корма, сои и кукурузы

7) Низкий уровень переработки отходов птицеводства [6].

Развивать экономику отрасли птицеводства Казахстана необходимо преимущественно на основе узкой специализации предприятий индустриального типа, сосредотачивая производство в районах, приближенных к крупным рынкам сбыта. Но при этом нельзя препятствовать развитию птицеводства ни в многоотраслевых сельхозпредприятиях, ни в крестьянских (фермерских) хозяйствах, так как и эти товаропроизводители обладают определенными преимуществами и потенциалом, что способствует эффективно дополнять крупномасштабное птицеводство.

Список использованной литературы

1 Шарипов Р. И. Текущее состояние отрасли птицеводства в Казахстане / Р. И. Шарипов // Foodindustry, [электронный ресурс], 16 апреля 2018 (https://foodindustry.kz/tekushhee-sostoyanie-otrasliptitsevodstva-v-kazahstane).

2 http://ptica.kz/ [электронный ресурс].

3 Комитет по статистике Министерства национальной экономики РК.- [электронный ресурс].- https://stat.gov.kz/

4 Данные отчетного собрания ОЮФЛ «Союз птицеводов Казахстана» [Текст], от 04.04.2022 г.

5 Jeremy N. Marchant-Forde & Laura A. Boyle. COVID-19 Effects on Livestock Production: A One Welfare Issue.- [электронный ресурс], https://doi.org/10.3389/fvets.2020.585787

6 Ежеквартальный отчет по отраслям Rabobank старшего аналитика по белкам Нан-Дирк Малдер.- [электронный ресурс].-https://euromeatnews.com

ӘОЖ: 636.32/38(043.2)

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰЙРЫҚТЫ ҰЯҢ ЖҮНДІ ҚОЙ ТҰҚЫМЫНА СИПАТТАМА ЖӘНЕ САУЛЫҚТАРЫНЫҢ СҮТТІЛІГІ

Сейтонова А.Р., 4-курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстанның қой шаруашылығы – мал шаруашылығының ежелгі және жетекші саласы. Қазақстанның қой шаруашылығының негізгі бағыттарының бірі етті-майлы өнімділік болып табылады. Етті-майлы өнімділік бағытындағы қой тұқымдары: еділбай, қазақтың құйрықты қылшық жүнді, қазақтың құйрықты ұяң жүнді, сарыарқа, дегерес, ордабасы сияқты қойлары еліміз бойынша өңірлерде өсіріледі [1].

Елімізде кең тараған етті-майлы бағыттағы қой тұқымдарының бірі қазақтың құйрықты ұяң жүнді қойлары. Бұл қой тұқымы 1994 жылы жеке тұқым ретінде бектілген. Көп жылдар бойы Қазақстанның әр аймағында сараджы, дегерес, тәжік, алай қойларын жергілікті қылшық жүнді қазақ қойларымен будандасытырылып шығарылған. Бұл тұқымның үш аймақтық: қарғалы, ақтөбе және байыс тұқымішілік сүлелері (типтері) бар. Қарғалы типі 1931 жылдан бастап В.А. Бальмонттың жетекшілігімен шығарыла бастаған. Шығарылған жері Алматы облысы, Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығы, ал көбейіп өсірілген жері орталық Қазақстанның қатаң шөлейтті аудандары болды.

Қазақтың ұяң жүнді құйрықты қой тұқымы жоғары деңгейдегі ет және сапалы кілемдік жүнімен сипатталады. Дене бітімі шымыр, сүйегі мықты, тұлғасы орташадан жоғары, арқасы жоталы, кеудесі кең, құйрықты қойлар. Жүні жабыны ұяң, ақ және ақшыл түсті

келеді. Қошқарлары орташа тірілей салмағы 90–112 кг, саулықтары 58–62 кг аралығында болады. Жүн түсімі – сәйкесінше 4,5 – 5,2 кг және 2,5–3,2 кг болса, таза жүн шығымы 66 – 72%-ды құрайды. Әр 100 саулықтан 105–110 қозы алынады. Қозылары тез өсіп жетіледі. Енесінен бөлген кездегі 4–4,5 айлық қозының тірі салмағы ересек қойлардың 38 – 57%-ын, 1,5 жастағы тоқтылардың тірілей салмағы 69 – 93%-ын құрайды. 4 – 4,5 айлық еркек қозылардың сойыс шығымы 52–54%-ды, 1,5 жастағы еркек тоқтыларда бұл көрсеткіш 54 – 56%-ға тең. Қазіргі таңда Қарағанды өңіріндегі «Отқанжар» ЖШС шаруашылығында өсірілетін аталған қой тұқымының қарғалы типі халықты сапалы және экологиялық таза етпен және сондай-ақ елімізде қолға алынып жатқан жеңіл өнеркәсіпті сұранысқа ие (ақ және ақшыл түсті) жүнмен қамтамасыз етуге айтарлықтай септігін тигізеді [2].

Қазіргі кезде етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығында жүргізілетін ғылыми-ізденіс жұмыстарының басым бөлігі ет өнімділігін арттыруға бағытталған. Алайда жергілікті қой тұқымдарын өсіретін шаруашылықтардың жылдық табысының үшінші кіріс көзі ретінде тауарлы қой сүтінде өндіру мүмкіндігі бар. Қой сүтінің адам денсаулығы үшін тағамдық құндылығы, оның сипаттамалары мен ерекшелігі көптеген ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттелген [3, 4]. Осыған сәйкес біздің зерттеудің мақсаты қазақтың құйрықты ұяң жүнді саулықтарының сүт өнімділігін қозыларының өсімі бойынша анықтау болды. Бұл ғылыми-ізденіс жұмысы PhD, аға оқытушы Д.К. Ибраевтың жетекшілігімен «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасында жүргізілді.

Қойдан алынатын сүт мөлшері бір саулықтан немесе саулықтардың тобынан еміп жүрген қозылардың тірілей салмағының өсімі бойынша анықталады. Қозы немесе қозы тобының (жалпы қозылардың 10% кем емес) тірілей салмағы 0,05 кг дәлдікпен өлшенуі тиіс.

Осыған орай, «Отқанжар» ЖШС шаруашылығында өсірілетін қазақтың құйрықты ұяң жүнді қой тұқымының 30 бас саулығының сүт өнімділігін анықтау үшін төмендегі келтірілген сүт өнімділігін анықтау әдісінің формуласы бойынша 30 қозының тірілей салмақтарының өсімі арқылы анықталды. Саулықтың тобынан алынатын сүт мөлшері (S) алғашқы 30 күнде келесі формула бойынша анықталды:

$$S=\frac{(m-m1)\times 5}{n}\times N$$

мұндағы, *m* – жасы 30 күндік қозы немесе қозылар тобының тірілей салмағы, кг.

m1 – қозылардың туылған кездегі тірілей салмағы, кг;

n – топтағы қозылардың саны, бас;

N – топтағы саулықтардың саны, бас;

5 – қозының 1 кг тірілей салмағының өсіміне жұмсалатын сүт мөлшері, кг.

Қазақтың құйрықты ұяң жүнді саулықтарының бірінші айдағы сүтею кезінде сүт көлемі қалыпты болды.

1 кесте – Қазақтың құйрықты ұяң жүнді саулықтарының сүтеюінің бірінші айындағы сүт көлемі

Қозылардың туылған кездегі тірілей салмағы, кг n = 30	Қозылардың 30 күндік тірілей салмағы, кг n = 30	Саулықтардан алынған сүт мөлшері, кг n = 30
4,7±0,46	14,4±1,36	48,5

